

"Электр энергетикасы саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парағын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2019 жылғы 26 тамыздағы № 290 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 27 тамыздағы № 78 бірлескен бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің м.а. 2025 жылғы 22 қаңтардағы № 33-н/қ және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 2025 жылғы 22 қаңтардағы № 4 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 23 қаңтарда № 35662 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫЗ:

1. "Электр энергетикасы саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парағын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2019 жылғы 26 тамыздағы № 290 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 27 тамыздағы № 78 бірлескен бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19323 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырлар енгізілсін:

тақырып жаңа редакцияда жазылсын:

"Электр энергетикасы және жылу энергетикасы саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы";

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Мыналар бекітілсін:

1) осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес электр энергетикасы саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

2) осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жылу энергетикасы саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

3) осы бірлескен бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес энергия беруші ұйымдарға қатысты электр энергетикасы саласындағы тексеру парағы;

4) осы бірлескен бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес энергиямен жабдықтаушы ұйымдарға қатысты электр энергетикасы саласындағы тексеру парағы;

5) осы бірлескен бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес жеке және заңды тұлғаларға қатысты электр энергетикасы саласындағы тексеру парағы;

6) осы бірлескен бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес энергетикалық сараптаманы жүзеге асыратын сараптама ұйымдарына қатысты электр энергетикасы саласындағы тексеру парағы;

7) осы бірлескен бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес энергия өндіруші ұйымдарға қатысты электр энергетикасы саласындағы тексеру парағы;

8) осы бірлескен бұйрыққа 7-1-қосымшаға сәйкес жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдарға қатысты электр энергетикасы саласындағы тексеру парағы;

9) осы бірлескен бұйрыққа 7-2-қосымшаға сәйкес жылу өндіруші субъектілерге қатысты жылу энергетикасы саласындағы тексеру парағы;

10) осы бірлескен бұйрыққа 7-3-қосымшаға сәйкес жылу тасымалдаушы субъектілерге қатысты жылу энергетикасы саласындағы тексеру парағы;

11) осы бірлескен бұйрыққа 7-4-қосымшаға сәйкес жеке және заңды тұлғаларға қатысты жылу энергетикасы саласындағы тексеру парағы;

12) осы бірлескен бұйрыққа 7-5-қосымшаға сәйкес энергетикалық сараптаманы жүзеге асыратын сараптама ұйымдарына қатысты жылу энергетикасы саласындағы тексеру парағы.";

көрсетілген бірлескен бұйрықпен бекітілген Электр энергетикасы саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарында:

1 және 2-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Электр энергетикасы саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 141-бабының 5-тармағына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 22 маусымдағы № 48 бұйрығымен бекітілген Реттеуші мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28577 болып тіркелген) сәйкес бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексеру мақсатында электр энергетикасы саласындағы бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін әзірленді.

2. Өлшемшарттарда мынадай ұғымдар қолданылады:

1) болмашы бұзушылықтар – технологиялық бұзушылықтардың туындауына, энергия тұтынудың белгіленген режимдерінің бұзылуына, халықтың өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға қауіп төндіретін алғышарттар туғызбайтын электр энергетикасы саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптардың бұзылуы;

2) елеулі бұзушылықтар – жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне зиян келтіруіне әкеп соқтырған немесе әкеп соғуы мүмкін электр энергетикасы саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптардың бұзылуы, сондай-ақ технологиялық бұзушылықтар туралы есептерді, мәліметтерді, жедел хабарламалар мен электрмен жабдықтау сенімділігінің көрсеткіштері туралы ақпаратты уақтылы ұсынбау;

3) жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйым – нетто-тұтынушыларды қоспағанда, жаңартылатын энергия көздерін пайдалана отырып, электр және (немесе) жылу энергиясын өндіруді жүзеге асыратын заңды тұлға;

4) өрескел бұзушылықтар – адам өмірі мен денсаулығына, өртке, қоршаған ортаның ластануына, белгіленген энергия тұтыну режимдерінің бұзылуына әкеп соқтырған немесе әкеп соғуы мүмкін электр энергетикасы саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптардың бұзылуы, сондай-ақ есептерді, технологиялық бұзушылықтар туралы есептерді, мәліметтерді, жедел хабарламалар мен электрмен жабдықтау сенімділігінің көрсеткіштері туралы ақпаратты ұсынбау және дәйексіз мәліметтерді ұсыну;

5) тәуекел – бақылау субъектісінің қызметі нәтижесінде адам өміріне немесе денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүліктік мүдделеріне салдарларының ауырлық дәрежесін ескере отырып зиян келтіру ықтималдығы;

6) тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі – тиісті қызмет салаларында тәуекелдің жол берілетін деңгейін қамтамасыз ете отырып, кәсіпкерлік еркіндігін шектеудің ең төменгі ықтимал дәрежесі мақсатында бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексерулерді кейіннен жүзеге асыру үшін бақылау субъектілерін (объектілерін) тәуекел дәрежелері бойынша бөлу арқылы қолайсыз факторлардың туындау ықтималдығын азайтуға бағытталған, сондай-ақ нақты бақылау субъектісі (объектісі) үшін тәуекел деңгейін өзгертуге және (немесе) осындай бақылау субъектісін (объектісін) бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудан және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексеруден босатуға бағытталған басқарушылық шешімдерді қабылдау процесі;

7) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі – объективті өлшемшарттар) – электр энергетикасы саласындағы тәуекел дәрежесіне байланысты бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын және бақылаудың жекелеген субъектісіне (объектісіне) тікелей тәуелді болмайтын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

8) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі – субъективті өлшемшарттар) – нақты бақылау субъектісі (объектісі) қызметінің нәтижелеріне қарай бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

9) технологиялық бұзушылық – электр энергиясын өндіру, беру, тұтыну процесінің бұзылуына әкеп соққан жабдықтың, электр желілерінің істен шығуы немесе зақымдануы, оның ішінде жану немесе жарылыс, белгіленген режимдерден ауытқу, жабдықтың санкцияланбаған ажыратылуы немесе жұмыс қабілеттігінің шектелуі немесе ақаулары салдарынан істен шығуы немесе зақымдануы;

10) тексеру парағы – бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) қызметіне қойылатын, олардың сақталмауы адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне қатер төндіруге алып келетін талаптар тізбесі;

11) энергия беруші ұйым – шарттар негізінде электр немесе жылу энергиясын беру жөніндегі қызметті көрсететін ұйым;

12) энергиямен жабдықтаушы ұйым – сатып алынған электр және (немесе) жылу энергиясын тұтынушыларға сатуды жүзеге асыратын ұйым;

13) энергия өндіруші ұйым – нетто-тұтынушыларды қоспағанда, өз мұқтаждары және (немесе) өткізу үшін электр энергиясын өндіруді жүзеге асыратын ұйым;

14) электр қондырғысы – электр энергиясын өндіруге, түрлендіруге, беруге және оны энергияның басқа түріне айналдыруға арналған машиналардың, аппараттардың, желілер мен қосалқы жабдықтардың (олар орнатылған құрылысжайлар және үй-жайлармен бірге) жиынтығы;

15) электр энергетикасы – электр энергиясын өндіру, беру, жабдықтау және тұтыну саласы;

16) электр энергетикасы саласындағы бақылау субъектілері (объектілері) – энергия өндіруші, энергия беруші, энергиямен жабдықтаушы ұйымдар, жеке және заңды тұлғалар, энергетикалық сараптаманы жүзеге асыратын сараптама ұйымдар және жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар.";

7-тармақ алып тасталсын;

8-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"8. Тәуекел дәрежесі жоғары бақылау субъектілері (объектілері) мыналар:

1) энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдар және жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар;

2) ажырату технологиялық бұзушылыққа, тыныс-тіршілікті қамтамасыз ету объектілері жұмысының бұзылуына, қоршаған ортаның ластануына, өртке, энергия тұтынудың белгіленген режимдерінің бұзылуына, сондай-ақ адам өмірі мен денсаулығына, жеке, заңды тұлғалар мен мемлекеттің заңды мүдделеріне қауіп төндіруге, әлеуметтік немесе экономикалық салдарларға әкеп соғуы мүмкін электр қондырғысын пайдаланатын, сондай-ақ балансында 0,4 кВ және одан жоғары электр қондырғылары бар жеке және заңды тұлғалар, атап айтқанда:

қалалардың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін газбен жабдықтау, сумен жабдықтау, кәріз және жылумен жабдықтау объектілері;

әуе қозғалысына қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін аэронавигациялық ұйым объектілері;

мұнай өндіру және мұнай өңдеу ұйымдары объектілері;

тау-кен өндіру және тау-кен байыту ұйымдары объектілері;

өндірістік процестің үздіксіз циклі бар металлургиялық кәсіпорындар объектілері.";

13 және 14-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"13. Деректер базасын қалыптастыру және ақпарат жинау Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы заңнамасын бұзатын бақылау субъектілерін (объектілерін) анықтау үшін қажет.

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдер дәрежесін бағалау үшін бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу үшін мынадай ақпарат көздері пайдаланылады:

1) бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы алдыңғы жоспардан тыс тексерулер мен профилактикалық бақылаудың қорытындылары;

2) бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай жүргізілген профилактикалық бақылау нәтижелері (бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай жүргізілген профилактикалық бақылау қорытындысы бойынша берілген қорытынды құжаттар (анықтама, қорытынды , ұсынымдар).

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдер дәрежесін бағалау үшін біліктілік талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізу үшін энергетикалық сараптаманы жүзеге асыратын сараптама ұйымдарына қатысты алдыңғы тексерулердің қорытындылары пайдаланылады.

Қолданылатын ақпарат көздерінің басымдығын субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу тәртібіне сәйкес субъективті өлшемшарттар көрсеткішінің маңыздылығын негізге ала отырып, субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі.

14. Қолда бар ақпарат көздерінің негізінде электр энергетикасы саласындағы талаптардың бұзылу дәрежесі бұзушылықтың үш дәрежесіне бөлінеді: өрескел, елеулі, болмашы.

Электр энергетикасы саласындағы талаптардың бұзылу дәрежесі:

осы Өлшемшарттарға 1-қосымшаға сәйкес энергия өндіруші ұйымдарға;

осы Өлшемшарттарға 2-қосымшаға сәйкес энергия беруші ұйымдарға;

осы Өлшемшарттарға 3-қосымшаға сәйкес энергиямен жабдықтаушы ұйымдарға;

осы Өлшемшарттарға 4-қосымшаға сәйкес жеке және заңды тұлғаларға;

осы Өлшемшарттарға 5-қосымшаға сәйкес жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдарға қатысты қолданылады;

осы Өлшемшарттарға 6-қосымшаға сәйкес энергетикалық сараптаманы жүзеге асыратын сараптама ұйымдарға;

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138-бабына сәйкес электр энергетика саласында энергия өндіруші, энергия беруші, энергиямен жабдықтаушы ұйымдарға, жеке және заңды тұлғаларға, энергетикалық сараптаманы жүзеге асыратын сараптама ұйымдарға және жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдарға қатысты субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін

айқындауға арналған субъективті өлшемшарттар тізбесі осы Өлшемшарттарға 7-қосымшада келтірілген.";

16-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"16. Бір өрескел бұзушылық анықталған кезде бақылау субъектісіне (объектісіне) 100 деген тәуекел дәрежесінің көрсеткіші теңгеріледі және оған қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексеру жүргізіледі.";

21, 22, 23, 24 және 25-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"21. Тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша бақылау субъектісі (объектісі):

1) тәуекелдің жоғары дәрежесіне-тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 71-ден 100-ге дейін қоса алғанда;

2) тәуекелдің орташа дәрежесіне-тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 31-ден 70-ке дейін қоса алғанда;

3) тәуекел дәрежесінің төмен дәрежесіне-тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 30-ға дейін қоса алғанда.

22. Талдау және бағалау кезінде бақылаудың нақты субъектісіне (объектісіне) қатысты бұрын ескерілген және пайдаланылған субъективті критерийлердің деректері не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап қою мерзімі өткен деректер қолданылмайды.

Өткен профилактикалық бақылаудың және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексеру қорытындылары бойынша берілген бұзушылықтарды толық көлемде жойған бақылау субъектілеріне қатысты кезекті мемлекеттік бақылау кезеңіне тізімдерді қалыптастыру кезінде оларды енгізуге жол берілмейді.

23. Бақылау субъектілері (объектілері) ақпараттық жүйені қолдана отырып, бақылау субъектілері қызметінің тиісті салаларындағы жоғары тәуекел дәрежесінен орташа тәуекел дәрежесіне немесе орташа тәуекел дәрежесінен төмен тәуекел дәрежесіне мынадай жағдайларда:

1) егер мұндай субъектілер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда және тәртіппен үшінші тұлғалар алдында азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шарттарын жасасса;

2) егер Қазақстан Республикасының заңдарында және реттеуші мемлекеттік органдардың тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарында бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудан немесе талаптарға сәйкестігіне тексерулер жүргізуден босату жағдайлары айқындалған болса;

3) егер субъектілер өзін-өзі реттейтін ұйым қызметінің нәтижелерін тану туралы келісім жасалған, "Өзін-өзі реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ерікті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелері болып табылса ауыстырылады.

24. Тәуекелдерді бағалау мен басқарудың ақпараттық жүйесі болмаған кезде оларға қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексеру жүзеге асырылатын бақылау субъектілері (объектілері) санының ең аз жол берілетін шегі мемлекеттік бақылаудың белгілі бір саласындағы осындай бақылау субъектілерінің жалпы санының бес пайызынан аспауға тиіс.

25. Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін (R) есептеу алдыңғы тексерулер мен бақылау (SP) субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы профилактикалық бақылау қорытындылары бойынша бұзушылықтарға қарай тәуекел дәрежесінің көрсеткішін қосу арқылы және осы Өлшемшарттардың (SC) 13-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін, деректер мәндерін 0-ден 100 баллға дейінгі диапазонға қалыпқа келтіре отырып автоматтандырылған режимде жүзеге асырылады.

$$R_{\text{арал}} = SP + SC,$$

мұнда

$R_{\text{арал}}$ – субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші

,
SP – бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші,

SC – осы Өлшемшарттардың 13-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші.";

27-тармаққа орыс тілінде өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

1-қосымша осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2-қосымша осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

4-қосымша мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 502, 503, 504, 505, 506, 507-жолдармен толықтырылсын:

"

502	Цифрлық майнерде жүйелік оператордың және энергия беруші ұйымның желілеріне қосылу кезінде онда орнатылған желілермен біріздендіруді қамтамасыз ететін электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйелерінің, жүктемені ажыратудың арнаулы автоматикасының, телекоммуникация жүйесінің болуы.	Өрескел
	Цифрлық майнерде:	

503	1) энергия беруші ұйыммен жасасқан электр энергиясын коммерциялық есепке алу жүйесін қабылдау актісі; 2) телекоммуникация жүйесін қабылдау актісі; 3) жүктемені ажырату құрылғысын енгізу туралы шешім; 4) рұқсат берілген тобы бар білікті персоналдан тұратын не жұмыс істеп тұрған электр қондырғыларымен жұмыс істеуге рұқсат етілген персоналы бар ұйыммен жасасқан электр қондырғыға қызмет көрсету шартының болуы.	Өрескел
504	Қуаты кемінде бір мегаватт болатын кернеуі 35 киловольт және одан жоғары трансформаторлық кіші станциялардан ғана электр желілеріне қосылуға энергия беруші ұйымдар берген цифрлық майнерлерге арналған техникалық шарттардың болуы.	Өрескел
505	Цифрлық майнерде жүйелік оператор айқындайтын белгіленген квоталар шеңберінде электр энергиясының орталықтандырған сауда-саттығында орташа тәуліктік (базалық) қуаты 1 мегаваттан кем емес көлемде электр энергиясын сатып алуға арналған бірыңғай сатып алушымен жасасқан шартының болуы.	Өрескел
506	Цифрлық майнерде жүйелік оператор айқындайтын Қазақстан Республикасының бірыңғай электр энергетикалық жүйесінің техникалық мүмкіндігі шеңберінде Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде өндірілген орташа тәуліктік (базалық) қуаты 1 мегаваттан кем емес көлемде электр энергиясын сатып алуға арналған шарттың болуы.	Елеулі
	Цифрлық майнерде электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен жасасқан электр энергиясын сатып алу-сатудың	

507	ұзақ мерзімді шарты жоқ жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдардан орташа тәуліктік (базалық) қуаты 1 мегаваттан кем емес көлемде электр энергиясын сатып алуға арналған шарттың болуы.	Елеулі
-----	---	--------

".

5-қосымша осы бірлескен бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

7-қосымшаның тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138-бабына сәйкес электр энергетика саласында энергия өндіруші, энергия беруші, энергиямен жабдықтаушы ұйымдарға, жеке және заңды тұлғаларға, энергетикалық сараптаманы жүзеге асыратын сараптама ұйымдарға және жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдарға қатысты субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін айқындауға арналған субъективті өлшемшарттар тізбесі";

көрсетілген бірлескен бұйрыққа 2-қосымша осы бірлескен бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бірлескен бұйрыққа 3-қосымша осы бірлескен бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бірлескен бұйрыққа 5-қосымша мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 493, 494, 495, 496, 497, 498-жолдармен толықтырылсын:

"

493	Цифрлық майнерде жүйелік оператордың және энергия беруші ұйымның желілеріне қосылу кезінде онда орнатылған желілермен біріздендіруді қамтамасыз ететін электр энергиясын коммерциялық есепке а л у д ы ң автоматтандырылған жүйелерінің, жүктемені ажыратудың арнаулы автоматикасының, телекоммуникация жүйесінің болуы.		
	Цифрлық майнерде: 1) энергия беруші ұйыммен жасасқан электр энергиясын коммерциялық есепке		

494	алу жүйесін қабылдау актісі; 2) телекоммуникация жүйесін қабылдау актісі; 3) жүктемені ажырату құрылғысын енгізу туралы шешім; 4) рұқсат берілген тобы бар білікті персоналдан тұратын не жұмыс істеп тұрған электр қондырғыларымен жұмыс істеуге рұқсат етілген персоналы бар ұйыммен жасасқан электр қондырғыға қызмет көрсету шартының болуы.		
495	Қуаты кемінде бір мегаватт болатын кернеуі 35 кВ және одан жоғары трансформаторлық кіші станциялардан ғана электр желілеріне қосылуға энергия беруші ұйымдар берген цифрлық майнерлерге арналған техникалық шарттардың болуы.		
496	Цифрлық майнерде жүйелік оператор айқындайтын белгіленген квоталар шеңберінде электр энергиясының орталықтандырған сауда-саттығында орташа тәуліктік (базалық) қуаты 1 мегаватттан кем емес көлемде электр энергиясын сатып алуға арналған бірыңғай сатып алушымен жасасқан шартының болуы.		
497	Цифрлық майнерде жүйелік оператор айқындайтын Қазақстан Республикасының бірыңғай электр энергетикалық жүйесінің техникалық мүмкіндігі шеңберінде Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде өндірілген		

	орташа тәуліктік (базалық) қуаты 1 мегаваттан кем емес көлемде электр энергиясын сатып алуға арналған шарттың болуы.		
498	Цифрлық майнерде электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен жасас электр энергиясын сатып алу-сатудың ұзақ мерзімді шарты жоқ, жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдардан орташа тәуліктік (базалық) қуаты 1 мегаваттан кем емес көлемде электр энергиясын сатып алуға арналған шарттың болуы.		

”.

көрсетілген бірлескен бұйрыққа 6 және 7-қосымшалар осы бірлескен бұйрыққа 6 және 7-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы бірлескен бұйрыққа 8, 9, 10, 11 және 12-қосымшаларға сәйкес көрсетілген бірлескен бұйрық 7-1, 7-2, 7-3, 7-4 және 7-5-қосымшалармен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бірлескен бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін бес жұмыс күні ішінде оны "Тексеру субъектілері мен объектілерінің бірыңғай тізілімі" ақпараттық жүйесінде орналастыру үшін Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетіне жолдауды;

4) осы бірлескен бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындағаны туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Ұлттық экономика министрі

С. Жумангарин

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің міндетін атқарушы

А. Жамауов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасының
Құқықтық статистика және арнайы
есепке алу жөніндегі комитеті

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Ұлттық экономика министрі
2025 жылғы 22 қаңтардағы
№ 4 мен
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
міндетін атқарушы
2025 жылғы 22 қаңтардағы
№ 33-н/қ бірлескен бұйрыққа
1-қосымша
Электр энергетикасы
саласындағы тәуекел дәрежесін
бағалау өлшемшарттарына
1-қосымша

Энергия өндіруші ұйымдарға қатысты электр энергетикасы саласындағы талаптардың бұзылу дәрежесі

№	Өлшемшарттар	Бұзушылық дәрежесі
1	Энергетикалық кәсіпорында мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік органға немесе жергілікті атқарушы органға (құзыреті бойынша) жіберілген нысан бойынша технологиялық бұзушылықтар туралы жиынтық есептіліктің ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың жетінші күніне дейін болуы.	Елеулі
	Технологиялық бұзушылық туындаған сәттен бастап 1 (бір)	

2	сағат ішінде Қазақстан Республикасының Бірыңғай электр энергетикалық жүйесінде орын алған технологиялық бұзушылықтар мен жазатайым оқиғалар туралы жедел хабар алмасу жөніндегі мобильді бағдарламалар арқылы қайталай отырып, телефонмен арқылы жедел хабарламаның болуы.	Елеулі
3	Облыстар мен Астана, Алматы, Шымкент қалалары бойынша мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі органның тиісті аумақтық департаментіне және жергілікті атқарушы органға және жүйелік операторға жіберілген энергетикалық кәсіпорынның технологиялық бұзушылық туындаған сәттен бастап 12 (он екі) сағаттан кешіктірілмейтін мерзімде жазбаша хабарламасының болуы.	Елеулі
4	Мынадай мәліметтерді қамтитын жедел және жазбаша хабарламалардың болуы: 1) энергетикалық кәсіпорынның атауы, технологиялық бұзушылықтың, жазатайым оқиғаның туындаған күні мен уақыты; 2) технологиялық бұзушылықтың, жазатайым оқиғаның болжамды себептері; 3) пайдаланылған қорғаулар, автоматика және бұғаттау тізбесі; 4) істен шыққан және жұмыста қалған жабдықтардың тізбесі; 5) технологиялық бұзушылықтың салдары: бүлінген жабдықтың көлемі, жіберілмеуі, ажыратылған тұтынушылар саны, технологиялық бұзушылықты жою уақыты; 6) ақпаратты берген адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) және лауазымы.	Елеулі
	Технологиялық бұзушылықтарды тергеу кезінде зерттеу және бағалау үшін авариялардың туындауының, дамуының барлық себептерін сипаттаудың болуы:	

5	1) объектілер мен оларды пайдалану ұйымдарының қауіпсіздік, техникалық жай-күй және пайдалану жөніндегі талаптарға сәйкестігі; 2) жөндеу, профилактикалық тексерулер мен сынақтар жүргізу, жабдықтың жай-күйін бақылау сапасы мен мерзімдері; 3) жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде технологиялық тәртіпті сақтау; 4) авариялық ошақтар мен жабдықтың ақауларын жою жөнінде шаралар қабылдаудың уақтылығы.	Өрескел
6	Істен шығу кезіндегі технологиялық бұзушылықтарды тергеу кезінде зерделеу және бағалау үшін энергия өндіруші ұйымның объектілерінде I және II дәрежелі істен шығулардың туындауының, дамуының барлық себептерін сипаттаудың болуы: 1) объектілер мен оларды пайдалану ұйымдарының қауіпсіздік, техникалық жай-күй және пайдалану жөніндегі талаптарға сәйкестігі; 2) жөндеу, профилактикалық тексерулер мен сынақтар жүргізу, жабдықтың жай-күйін бақылау сапасы мен мерзімдері; 3) жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде технологиялық тәртіпті сақтау; 4) авариялық ошақтар мен жабдықтың ақауларын жою жөнінде шаралар қабылдаудың уақтылығы.	Елеулі
	Технологиялық бұзушылықтардың техникалық себептерінің жіктеу белгісінің болуы: 1) қондырғы материалының, оның бөлшегінің немесе торабының құрылымын бұзу; 2) балқытып біріктіруді, дәнекерлеуді бұзу; 3) механикалық қосылыстың бұзылуы; 4) механикалық тозу; 5) күлдің тозуы;	

7	6) коррозиялық тозу; 7) эрозиялық тозу; 8) герметикалықтың бұзылуы; 9) дірілдің нормативтік мәнінен асып кету; 10) жарылыс; 11) термиялық зақымдану, қызып кету, күйіп қалу; 12) электр доғасының зақымдануы; 13) электр оқшаулауының бұзылуы; 14) электр байланысының бұзылуы; 15) механикалық бұзылу (зақымдану); 16) жану немесе өрт; 17) электр желісінің тұрақтылығын бұзу; 18) аварияға қарсы автоматиканы бұзу; 19) жіктелмеген себептер (ресурстың сарқылуы, қож және басқалар); 20) өндірісті диспетчерлік және технологиялық басқару жүйелерінің жұмысындағы бұзушылықтар.	Өрескел
8	Технологиялық бұзушылықтардың ұйымдастырушылық себептерінің жіктеу белгілерінің болуы: 1) жедел персоналдың қате әрекеттері; 2) жедел емес персоналдың қате әрекеттері; 3) энергия кәсіпорнының және (немесе) оның құрылымдық бөлімшелерінің басшы персоналының жұмысындағы кемшіліктер; 4) жабдыққа техникалық қызмет көрсету мен жөндеуді қанағаттанарлықсыз ұйымдастыру; 5) пайдаланудың басқа да кемшіліктері; 6) жобаның ақаулары; 7) конструкцияның ақаулары; 8) дайындау ақаулары; 9) монтаждау ақаулары; 10) жөндеу ақаулары;	Елеулі

	11) құрылыс ақаулары; 12) табиғи құбылыстардың әсері; 13) бөгде адамдар мен ұйымдардың әсері; 14) жіктелмеген себептер (пайдаланудағы жабдықтың пайдаланудың нормативтік мерзімінен жоғары тозуы, құстардың, кеміргіштердің әсері).	
9	Қызмет ету мерзімін аяқтамаған жабдықтың зауыттық ақауларына байланысты зақымдануы; электр станциясының жүктемені толық түсіруі; 110-1150 киловольт (бұдан әрі – кВ) электр желілерінің, сондай-ақ 110 кВ және одан жоғары қосалқы станциялардың негізгі жабдыктарының зақымдануына байланысты II дәрежелі істен шығулардың болуы.	Елеулі
10	Технологиялық бұзушылықтар туындаған сәттен бастап келесі жұмыс күнінен бастап есептелетін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей басталатын және күнтізбелік 30 күннен аспайтын технологиялық бұзушылықтарға тергеп-тексеру жүргізу мерзімдерін сақтау.	Елеулі
11	Технологиялық бұзушылықты тергеп-тексеруді аяқтау мүмкін болмаған жағдайларда 30 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге ұзартылған тергеп-тексеру мерзімдерін сақтау.	Елеулі
12	Ұйымдар көрсетілетін қызметті берушіге жыл сайын 1 (бірінші) желтоқсанға дейінгі мерзімде жіберген электр қондырғыларының келесі күнтізбелік жылға техникалық жай-күйі мен пайдалану қауіпсіздігін бақылау үшін электр және жылу энергиясын өндіруді, беруді жүзеге асыратын ұйымдардың басшыларында, мамандарында техникалық пайдалану қағидалары мен техника қауіпсіздігі қағидаларын	Елеулі

	білуін біліктілік тексеруге жататын басшылар тізімінің болуы.	
13	Көрсетілетін қызметті алушылар құрған және жыл сайын 1 (бірінші) тамыздан бастап дайындық актісін дайындау үшін жұмысты бастайтын күзгі-қысқы кезеңде көрсетілетін қызметті алушының жұмысқа дайындығын бағалау жөніндегі комиссияның болуы.	Елеулі
14	Көрсетілетін қызметті алушының комиссиясы 1 (бірінші) тамыздан бастап 30 (отызыншы) қыркүйекті қоса алғандағы кезеңде айқындаған күзгі-қысқы кезеңде жұмысқа әзірлігінің болуы.	Елеулі
15	Көрсетілетін қызметті алушылардың дайындық паспортын алу мерзімін сақтауы – жыл сайын 19 (он тоғызыншы) қазанға дейін.	Өрескел
16	Мыналардың: 1) негізгі және қосалқы жабдықтарды сынамалық іске қосумен аяқталған жабдықтарды жеке сынау және жекелеген жүйелерді функционалдық сынаудың; 2) энергия объектісін (іске қосу кешенін) пайдалануға қабылдау алдында жүргізілген жабдықтарды кешенді сынаудың болуы.	Өрескел
17	Жедел хабар алмасу бойынша мобильді бағдарламалар арқылы қайталай отырып телефон арқылы технологиялық бұзушылық туындаған сәттен бастап 1 (бір) сағат ішінде берілген энергия кәсіпорындарының жедел хабарламасының болуы.	Елеулі
18	Энергетикалық кәсіпорындардың технологиялық бұзушылық туындаған кезден бастап 12 (он екі) сағаттан кешіктірілмейтін мерзімде облыстар мен Астана, Алматы, Шымкент қалалары бойынша Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі органның тиісті аумақтық департаментіне және жергілікті атқарушы органға	Елеулі

	және жүйелік операторға жіберілген жазбаша хабарламасының болуы.	
19	Тұтынушыдан өтінім алғаннан кейін жаңадан енгізілетін немесе қайта жаңартылатын электр қондырғыларын қосуға энергия өндіруші ұйымдар берген техникалық шарттардың мынадай мерзімдерде: 1) қуаты 200 киловатқа дейін (бұдан әрі - кВт) - 5 жұмыс күні ішінде; 2) қуаты 200 - ден 1000 кВт-қа дейін -10 жұмыс күні ішінде; 3) қуаты 1000 кВт жоғары - 15 жұмыс күні ішінде болуы.	Елеулі
20	Мәлімделген қуаты 10 мегаваттан (бұдан әрі – МВт) жоғары электр желісін пайдаланушыны энергия өндіруші ұйымның электр желісіне қосу кезінде жүйелік оператормен келісілген техникалық шарттардың болуы.	Елеулі
21	Электр энергетикасы саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау органының өкілеттіктерін жүзеге асыру үшін сұратылатын және қажетті энергия өндіруші ұйым ұсынған уақтылы, анық және толық ақпараттың болуы.	Өрескел
22	Тұтынушыға (тұтынушыға, тұтынушыға) электр энергиясын жеткізу тоқтатылғанға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын мерзімде шарттың акцептінде көрсетілген тәсілдермен (электрондық пошта, факс, пошта жөнелтілімі, қысқа мәтіндік хабарлама, мультимедиялық хабарлама, қолданыстағы мессенджерлер) хабарлама жіберу арқылы электр энергиясын беруді тоқтату (шектеу) туралы жазбаша ескертудің болуы (электр энергиясын тұрмыстық қажеттіліктер үшін кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын пайдаланатын тұтынушы).	Өрескел
	Энергия беруші немесе энергия өндіруші ұйымдардың	

23	тұтынушыға электр энергиясын толық беруді мынадай жағдайларда алдын ала ескертусіз тоқтату талаптарын сақтау: 1) энергия өндіруші ұйымның электр желісіне электр энергиясының қабылдағыштарын өз еркімен жалғау; 2) электр энергиясының коммерциялық есепке алу құралдарынан басқа (есепсіз) электр энергиясының қабылдағыштарын қосу; 3) тұтынушының кінәсінен электр энергиясы сапасының көрсеткіштерін энергия өндіруші ұйымның және басқа тұтынушылардың электр қондырғыларының қызметін бұзатын мәнге дейін түсіру; 4) энергия өндіруші ұйымның және энергетикалық қадағалау және бақылау органының өкілдерін жұмыс уақытында тұтынушының электр энергиясын коммерциялық есепке алу құралдары мен электр қондырғыларына жібермеу (іссапарға жіберілген жұмыскер құқығында); 5) авариялық жағдайда.	Өрескел
24	Электр энергиясын тұтынушыға бұзушылық туралы еркін нысанда жасалған актінің болуы және мынадай бұзушылықтар кезінде қайта есептеуді жүргізу: 1) энергия өндіруші ұйымның желілеріне өз еркімен қосылу; 2) электр энергиясын коммерциялық есепке алу аспабынан (бұдан әрі – КЕАА) басқа электр энергиясын қабылдағыштарды қосу; 3) КЕАА, ток трансформаторларын және кернеуді қосу схемасының өзгеруі ; 4) КЕАА жасанды дискісін тежеу; 5) КЕАА көрсеткіштерін бұрмалайтын құралдарды орнату.	Өрескел
	Энергия өндірісін өндірістік-технологиялық, жедел-диспетчерлік және	

25	ұйымдастырушылық-экономикалық басқару міндеттерін шешуді қамтамасыз ететін автоматтандырылған басқару жүйелерінің болуы, атап айтқанда: 1) технологиялық процестерді басқарудың автоматтандырылған жүйесіне; 2) диспетчерлік басқарудың автоматтандырылған жүйесіне; 3) өндірісті басқарудың автоматтандырылған жүйесіне жүктеледі.	Елеулі
26	Энергия өндіруші ұйымның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметтері басшылары мен мамандарының білімін мерзімді (кезекті) біліктілік тексеруден үш жылда кемінде бір рет өту мерзімін сақтау.	Өрескел
27	Жылына кемінде бір рет энергия өндіруші ұйымның әкімшілік-техникалық персоналын қоспағанда, электр техникалық және электр технологиялық персоналдың, оның ішінде жедел келіссөздер мен қайта қосуды жүргізуге құқығы бар басшылар мен мамандардың білімін мерзімді (кезекті) біліктілік тексеруден өту мерзімін сақтау.	Өрескел
28	Келесі күнтізбелік жылға білімін біліктілік тексеруге жататын басшылардың тізімін Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетіне жыл сайын 1 желтоқсанға дейін жіберу мерзімін сақтау.	Елеулі
29	Энергия өндіруші ұйым басшысының жұмысқа қабылданғаны немесе жұмыстан босатылғаны туралы ақпаратты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетіне басшы қабылданған (жұмыстан босатылған) күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде жолдау мерзімін сақтау.	Елеулі

30	Біліктілік тексеру жүргізу үшін комиссия құру туралы энергия өндіруші ұйым басшысының бұйрығының болуы.	Елеулі
31	Энергия өндіруші ұйым жыл сайын 25 желтоқсанға дейінгі мерзімде жасайтын келесі күнтізбелік жылға білімді біліктілік тексеруге жататын мамандар тізімінің болуы.	Елеулі
32	Білімді біліктілік тексеру қорытындысы бойынша білімді біліктілік тексеру хаттамасын ресімдеу.	Елеулі
33	Жедел және жедел-жөндеу персоналымен, энергия қондырғыларын басқаруды жүзеге асыратын жедел басшылармен жұмыс жүргізу нысандарын сақтау: жаңа лауазым бойынша даярлау, оның ішінде: оқыту; жұмыс орнында тағылымдамадан өту; білімін бастапқы біліктілік тексеру; қайталау; білімнің мерзімді біліктілік тексерулері; аварияға қарсы және өртке қарсы бақылау жаттығулары; нұсқамалар; біліктілікті арттыру.	Елеулі
34	Жөндеу персоналымен жұмыс жүргізу нысандарын сақтау: жаңа лауазым бойынша даярлау, оның ішінде: жұмыстарды жүргізудің қауіпсіз әдістеріне оқыту; жұмыс орнында тағылымдамадан өту; білімді бастапқы біліктілік тексеру; білімді мерзімді біліктілік тексеру; аварияға қарсы және өртке қарсы бақылау жаттығулары; нұсқамалар; біліктілікті арттыру.	Елеулі
35	Энергия өндіруші ұйымның басшысы әзірлеген және бекіткен персоналмен жылдық жұмыс жоспарының болуы.	Елеулі
	Персоналмен жұмыс істеу жоспарында мынадай бағыттар бойынша іс-шаралардың болуы: персоналды (басшыларды, мамандарды және жұмысшыларды) даярлау, оның ішінде алғашқы медициналық көмек көрсету	

36	бойынша оқудан өту; электр энергетикасы саласындағы білімін біліктілік тексеру; нұсқаулық; аварияға қарсы бақылау жаттығулары; біліктілікті арттыру ; техникалық кітапханалардың, техникалық кабинеттердің, қауіпсіздік техникасы бойынша кабинеттердің, полигондардың, тренажерлық дайындық орталықтарының мен пункттерінің жұмысын ұйымдастыру; жұмыс орындарын тексеру; кәсіби шеберлік бойынша жарыстар және персоналмен жұмыстың басқа ұжымдық түрлері өткізу; персоналдың мерзімдік медициналық тексеруін жүргізу.	Елеулі
37	Әрбір лауазым және әрбір жұмыс орны үшін әзірленген және энергия өндіруші ұйымның бас техникалық басшысымен бекітілген жұмыскерлерді жаңа лауазым бойынша даярлау үшін үлгілік бағдарламалардың болуы.	Елеулі
38	Лауазымға тағайындалғаннан кейін бір айдан кешіктірілмейтін мерзімде немесе техникалық басшы бекіткен даярлаудың үлгілік немесе жеке бағдарламасында көрсетілген мерзімде оқу және тағылымдама аяқталғаннан кейін білімді бастапқы біліктілік тексеруді жүргізу сақтау.	Өрескел
39	Білімін біліктілік тексеруден өтуден бас тартқан, сондай-ақ білімін біліктілік тексеру кезінде электр қауіпсіздігі бойынша топты растамау жағдайында лауазымдық нұсқаулыққа сәйкес жұмыскерді еңбек міндеттерін өту орындаудан шеттетуге талабын сақтау.	Өрескел
40	Білімін кезектен тыс біліктілік тексеру тағайындалған сәттен бастап біліктілік расталған күнге дейін адамды атқаратын лауазымы бойынша лауазымдық міндеттерін орындауға жол бермеу талабын сақтау.	Өрескел
	Орталық комиссия төрағасына мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі	

41	мемлекеттік органда білімін тексеруден өткен адамды тағайындау талабын сақтау.	Елеулі
42	Құрамында төртіншіден төмен емес электр қауіпсіздігі бойынша рұқсат беру тобы бар кемінде үш адамнан тұратын энергия өндіруші ұйымның біліктілік тексерулері жөніндегі орталық комиссияның болуы.	Елеулі
43	Жұмыскерді дербес жұмысқа жіберу туралы ұйым немесе құрылымдық бөлімше бойынша өкімдік құжаттың болуы.	Болмашы
44	Әрбір құрылымдық бөлімшеде техникалық басшы бекіткен барлық лауазымдар мен мамандықтар үшін қайталама нұсқамалар тақырыптарының жылдық тізбесінің болуы.	Елеулі
45	Жобалық қызметпен айналысуға лицензиясы бар мамандандырылған жобалау ұйымдары әзірлеген "Электр станциясының қуатын беру схемасы" негізінде мәлімделген электр қуаты 5 МВт және одан астам желі пайдаланушыларын электр желісіне қосуға техникалық шарттар беру талабын сақтау.	Елеулі
46	Жүйелік оператордың нұсқауы бойынша энергия беруші ұйымның электр желілерін мынадай мән-жайлар: 1) адамдардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне немесе электр қондырғылары жабдықтарына төніп тұрған қауіп-қатердің алдын алу; 2) электр станциясындағы немесе қосу жабдықтарындағы авария; 3) энергия өндіруші ұйымның жедел персоналының энергия беруші ұйымның немесе жүйелік оператордың диспетчерлік өкімдерін орындамауы; 4) авариялық жағдайларды жою және оның дамуын болдырмау; 5) еңсерілмейтін күш жағдайлары кезінде генерациялайтын	Елеулі

	қондырғылардан ажырату тәртібін сақтау.	
		Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрі 2025 жылғы 22 қаңтардағы № 4 мен Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің міндетін атқарушы 2025 жылғы 22 қаңтардағы № 33-н/қ бірлескен бұйрыққа 2-қосымша Электр энергетикасы саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына 2-қосымша

Энергия беруші ұйымдарға қатысты электр энергетикасы саласындағы талаптардың бұзылу дәрежесі

№	Өлшемшарттар	Бұзушылық дәрежесі
1	Энергия беруші ұйым есепті айдан кейінгі айдың жетінші күніне дейін жіберген технологиялық бұзушылықтар туралы жиынтық есептілікте туындаған технологиялық бұзушылықтар туралы ақпараттың болуы.	Елеулі
2	Технологиялық бұзушылық туындаған сәттен бастап 1 (бір) сағат ішінде Қазақстан Республикасының Бірыңғай электр энергетикалық жүйесінде орын алған технологиялық бұзушылықтар мен жазатайым оқиғалар туралы жедел хабар алмасу жөніндегі мобильді бағдарламалар арқылы қайталай отырып, телефонмен арқылы жедел хабарламаның болуы.	Елеулі
3	Энергия беруші ұйымда технологиялық бұзушылық туындаған сәттен бастап 12 (он екі) сағаттан кешіктірілмейтін мерзімде облыстар мен Астана, Алматы, Шымкент қалалары бойынша мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі органның тиісті аумақтық департаментіне	Елеулі

	және жергілікті атқарушы органға және жүйелік операторға жазбаша хабарламасының болуы.	
4	Энергия беруші ұйым берген технологиялық бұзушылық және жазатайым оқиға туралы жедел және жазбаша хабарламада мынадай мәліметтердің болуы: 1) энергетикалық кәсіпорынның атауы, технологиялық бұзушылықтың, жазатайым оқиғаның туындаған күні мен уақыты; 2) технологиялық бұзушылықтың, жазатайым оқиғаның болжамды себептері; 3) пайдаланылған қорғаулар, автоматика және бұғаттау тізбесі; 4) істен шыққан және жұмыста қалған жабдықтардың тізбесі; 5) технологиялық бұзушылықтың салдары: бүлінген жабдықтың көлемі, жіберілмеуі, ажыратылған тұтынушылар саны, технологиялық бұзушылықты жою уақыты; 6) ақпарат берген адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) және лауазымы.	Елеулі
5	Авария бойынша технологиялық бұзушылықтар жіктемесін сақтау: кернеуі 220 киловольт (бұдан әрі – кВ) және одан жоғары болатын электр беру желісінің ұзақтығы 25 тәулік және одан да көп мәжбүрлі тоқтап қалуына әкеп соққан зақымы; Бірыңғай электр энергетикалық жүйенің (бұдан әрі – БЭЖ) және оның оқшауланған бөлігінің (энергия торабының) жиілігі 49 герцтен (бұдан әрі – Гц) төмен 30 минуттан артық немесе жиілігі 51 Гц-тен асатын жұмыс үш минуттан артық жұмыс істеуі; тұтынушыларға электр энергиясының 250 000 киловатт-сағат (кВт.сағ) және одан да көп мөлшерінде жеткіліксіз жіберілуіне әкеп соқтырған электр станциясының және (немесе) электр желісінің жұмысын бұза отырып немесе оны	Елеулі

жекелеген бөліктерге бөле отырып , БЭЖ тұтастығының бұзылуы.

I дәрежелі істен шығу бойынша технологиялық бұзушылықтар жіктемесін сақтау:
 қуаты 50 МВт турбинаның, қуаты 60 МВт және одан жоғары генератордың, қуаты 75 МВА және одан жоғары трансформатордың, кернеуі 220 кВ және одан жоғары реактордың, ажыратқыштың, электр беру желісінің ұзақтығы 10-нан 25 тәулікке дейінгі мәжбүрлі тоқтап қалуына әкеп соққан зақым;
 тұтынушыларға электр энергиясының 100000-нан 250000 кВт.сағ-қа дейінгі көлемде жеткіліксіз жіберілуіне себеп болған электр станциясының және (немесе) электр желісінің жұмысын жекелеген бөліктерге бөле отырып, БЭЖ тұтастығының бұзылуы;
 ұзақтығы 30 минутқа дейін 49,0 Гц-тен төмен жиілікпен немесе үш минуттан аз уақытта 51 Гц жиілікпен БЭЖ немесе оның окшауланған бөлігінің (энергия торабы) жұмысы;
 тұтынушыларға электр энергиясының 100000-нан 250000 кВт.сағ-қа дейін толық жіберілмеуіне себеп болған ғимараттар мен құрылыстардың көтергіш элементтерінің зақымдануы, электр станцияларының және (немесе) қосалқы станциялардың, электр беру желілерінің негізгі жабдығының (қуатына карамастан) жұмыс істеу қабілеттілігін мәжбүрлі түрде өшіру немесе өнімділікті шектеу.

Өрескел

II дәрежелі істен шығу бойынша технологиялық бұзушылықтар жіктемесін сақтау:
 Қазақстан БЭЖ ұлттық және өңірлік электр желілерінде 220 кВ және одан жоғары желілерде автоматты қайта қосумен (АҚК) жұмыс істеу жағдайларын қоспағанда қорғау

7	құрылғыларының жұмысын тудырған энергия тұтыну режимдерінің бұзылуы; диспетчерлік байланыс құралдары мен телемеханика жүйелерінің бір тәуліктен астам мерзімге жұмыс қабілеттілігін бұзу; осы құрылғылардың сигналға жұмыс істеу жағдайларын қоспағанда, қорғаудың және (немесе) автоматиканың дұрыс емес әрекеттері; 220 кВ және одан жоғары желілердегі қуат ағынын шектеу автоматикасының әрекетімен тұтынушыларды ажырату.	Елеулі
8	Технологиялық бұзушылықтар туындаған сәттен басталатын келесі жұмыс күнінен бастап есептелетін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей басталатын және күнтізбелік 30 күннен аспайтын технологиялық бұзушылықтарға тергеп-тексеру жүргізу мерзімдерін сақтау.	Елеулі
9	Технологиялық бұзушылықты тергеп-тексеруді 30 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге ұзарту мерзімдерін сақтау.	Елеулі
10	Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау және бақылау комитетіне келесі күнтізбелік жылға арналған білімін біліктілік тексеруге жататын басшылардың жыл сайынғы тізімін 1 желтоқсанға дейін ұсыну мерзімдерін сақтау.	Елеулі
11	Ұзақтығы 24 (жиырма төрт) сағаттан астам тұтынушыларды электрмен жабдықтаудан ажырату.	Өрескел
12	Тұтынушыдан еркін нысанда өтініш алғаннан кейін электр желілерінің теңгерімдік тиесілігін және тұтынушыны қосу схемасымен тараптардың пайдалану жауапкершілігін ажырату актісімен бірге 5 (бес) жұмыс күні ішінде жаңадан енгізілетін немесе	Өрескел

	реконструкцияланатын электр қондырғыларын қосуға техникалық шарттардың болуы.	
13	Электрмен жабдықтау желісіне қосылу және техникалық шарттарды беру процесіне арналған өзінің интернет-ресурсында электрмен жабдықтау желілеріне технологиялық қосылуға арналған бөлімді әзірлеу; кезеңділігі кемінде 3 ай болатын қосалқы станциялардың жүктелуі туралы ақпаратты орналастыруды қосатын бөлімнің болуы.	Болмашы
14	Жүйелік операторға мәлімет беру үшін жіберілген энергия беруші ұйымның мәлімделген қуаты 1-5 МВт электр желісінің электр желісін пайдаланушыларды қосуға техникалық шарттардың болуы.	Елеулі
15	Энергия беруші ұйымдардың электр энергетикасы саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау органының өкілеттіктерін жүзеге асыру үшін қажетті сұратылған ақпаратты уақтылы, анық және толық ұсынуы.	Өрескел
16	Тұтынушыға электр энергиясын жеткізу тоқтатылғанға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күнінен бұрын мерзімде шарттың акцептінде көрсетілген тәсілдермен (электрондық пошта, факс, пошта жөнелтілімі, қысқа мәтіндік хабарлама, мультимедиялық хабарлама, қолданыстағы мессенджерлер) хабарлама жіберу арқылы электр энергиясын беруді тоқтату (шектеу) туралы жазбаша ескертудің болуы (электр энергиясын тұрмыстық қажеттіліктер үшін пайдаланатын тұтынушыға кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын).	Өрескел
17	Электр энергиясын қабылдағыштарды энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымның электр желісіне өз бетінше қосу кезінде тұтынушыны алдын ала хабардар етпей, электр	Өрескел

	энергиясын беруді тоқтату жөніндегі талаптарды толығымен сақтау.	
18	Электр энергиясын коммерциялық есепке алу аспаптарынан басқа (есепке алмағанда) электр энергиясын қабылдағыштарды қосу кезінде тұтынушыны алдын ала ескертусіз электр энергиясын беруді тоқтату жөніндегі талаптарды толығымен сақтау.	Өрескел
19	Тұтынушының кінәсінен электр энергиясының сапа көрсеткіштерін энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымның және басқа да тұтынушылардың электр қондырғыларының жұмыс істеуін бұзатын мәндерге дейін төмендету кезінде тұтынушыны алдын ала хабардар етпей, электр энергиясын беруді тоқтату жөніндегі талапты толығымен сақтау.	Өрескел
20	Энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымның және энергетикалық қадағалау және бақылау органының өкілдерін электр энергиясын коммерциялық есепке алу аспаптарына және тұтынушының электр қондырғыларына жұмыс уақытында (іссапарға жіберілген адамның құқықтарында) жібермеу кезінде тұтынушыны алдын ала хабардар етпей, электр энергиясын беруді тоқтату жөніндегі талапты толығымен сақтау.	Өрескел
21	Авариялық жағдай кезінде тұтынушыға алдын ала ескертусіз электр энергиясын беруді тоқтату жөніндегі талапты толығымен сақтау.	Өрескел
22	Жабдықты жөндеу және жаңа тұтынушыларды қосу жөніндегі жоспарлы жұмыстарды жүргізу үшін электр энергиясын беруді тоқтату туралы тұтынушының энергия беруші ұйымына резервтік қоректендіру болмаған кезде ажыратудан кемінде күнтізбелік үш күн бұрын ескертудің болуы.	Өрескел

23	Адамдардың өміріне қауіп төндіретін, елеулі экономикалық залал келтіретін, коммуналдық шаруашылықтың аса маңызды элементтері мен электрмен жабдықтау жүйелерінің жұмыс істеуінің бұзылуына әкеп соғатын авариялардың алдын алу немесе жою жөнінде шұғыл шаралар қабылдау үшін энергия беруші ұйымға тұтынушыға электр энергиясын беруді тоқтату туралы хабарламаның болуы.	Өрескел
24	Тұтынушылардың электр желілеріне қосылатын тұтынушы қосалқы тұтынушыға берген техникалық шарттардың энергия беруші ұйыммен келісуінің болуы.	Өрескел
25	Тұтынушының электр желілеріне қосылатын қосалқы тұтынушыға энергия беруші ұйымға берілген техникалық шарттарды тұтынушымен келісудің болуы.	Өрескел
26	Электр энергиясын тұтынушыға бұзушылық туралы еркін нысанда жасалған актінің болуы және энергия беруші ұйымның желілеріне өз бетінше қосылу кезінде қайта есептеуді жүргізу.	Өрескел
27	Электр энергиясын тұтынушыға бұзушылық туралы еркін нысанда жасалған актінің болуы және электр энергиясын коммерциялық есепке алу аспабынан (бұдан әрі – КЕА) басқа электр энергиясын қабылдағыштарды қосу кезінде қайта есептеуді жүргізу.	Өрескел
28	Электр энергиясын тұтынушыға бұзушылық туралы еркін нысанда жасалған актінің болуы және КЕА, ток және кернеу трансформаторларын қосу схемасы өзгерген кезде қайта есептеуді жүргізу.	Өрескел
29	Электр энергиясын тұтынушыға бұзушылық туралы еркін нысанда жасалған актінің болуы және КЕА дискісін жасанды тежеу кезінде қайта есептеуді жүргізу.	Өрескел
	Электр энергиясын тұтынушыға бұзушылық туралы еркін нысанда жасалған актінің болуы және КЕА	

30	көрсеткіштерін бұрмалайтын айлабұйымды орнату кезінде қайта есептеу жүргізу.	Өрескел
31	Энергия беруші ұйымның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметтерінің басшылары мен мамандарының үш жылда кемінде бір рет білімін мерзімді (кезекті) біліктілік тексеруінің болуы.	Өрескел
32	Энергия беруші ұйымның әкімшілік-техникалық персоналын қоспағанда, жылына кемінде бір рет электротехникалық және электротехнологиялық персоналдың, оның ішінде жедел келіссөздер мен ауысулар жүргізуге құқығы бар басшылардың және мамандардың білімін мерзімді (кезекті) біліктілік тексеруінің болуы.	Өрескел
33	Энергия беруші ұйым басшысының жұмысқа қабылданғаны немесе жұмыстан босатылғаны туралы ақпаратты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетіне басшы қабылданған (жұмыстан босатылған) күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде жолдау мерзімін сақтау.	Елеулі
34	Басшының бұйрығымен бекітілген білімін біліктілік тексеру жөніндегі комиссиямен энергия беруші ұйым мамандарының білімін біліктілік тексеруінің болуы.	Елеулі
35	Энергия беруші ұйым жыл сайын 25 желтоқсанға дейінгі мерзімде жасайтын келесі күнтізбелік жылға білімін біліктілік тексеруге жататын мамандар тізімінің болуы.	Елеулі
36	Біліміне біліктілік тексеру жүргізу қорытындылары бойынша білімге біліктілік тексеру хаттамасының болуы.	Елеулі
	Жедел және жедел-жөндеу персоналымен, энергия қондырғыларын басқаруды жүзеге асыратын жедел басшылармен	

37	жұмыс жөніндегі талаптарды мынадай нысандарда сақтау: 1) оқыту; жұмыс орнында тағылымдамадан өту; бастапқы біліктілік білімін тексеру; қайталауды қамтитын жаңа лауазым бойынша даярлау; 2) мерзімді біліктілік білімін тексеру; 3) аварияға қарсы және өртке қарсы бақылау жаттығулары; 4) нұсқамалар; 5) біліктілікті арттыру.	Елеулі
38	Жөндеу персоналымен келесі нысандарда жұмыс жүргізу: 1) жұмыс өндірісінің қауіпсіз әдістерін үйрету; жұмыс орнында тағылымдамадан өту; бастапқы білімін біліктілік тексеруді қамтитын жаңа лауазым бойынша даярлау; 2) мерзімді білімін біліктілік тексеру; 3) аварияға қарсы және өртке қарсы бақылау жаттығулары; 4) нұсқамалар; 5) біліктілікті арттыру.	Елеулі
39	Энергия беруші ұйымның басшысы әзірлеген және бекіткен персоналмен жылдық жұмыс жоспарының болуы.	Елеулі
40	Персоналмен жұмыс жоспарында мынадай бағыттар бойынша іс-шаралардың болуы: персоналды (басшыларды, мамандар мен жұмысшыларды) даярлау, оның ішінде алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша оқудан өту; электр энергетикасы саласындағы білімді біліктілік тексерулер; нұсқау; апатқа қарсы бақылау жаттығулары; біліктілікті арттыру ; техникалық кітапханалардың, техникалық кабинеттердің, қауіпсіздік техникасы бойынша кабинеттердің, полигондардың,	Елеулі

	орталықтардың және тренажерлік даярлау пункттерінің жұмысын ұйымдастыру; жұмыс орындарын тексеру; кәсіби шеберлік бойынша жарыстар өткізу және персоналмен жұмыс істеудің басқа да ұжымдық нысандары; персоналды мерзімді медициналық тексеруден өткізу.	
41	Әрбір лауазым және әрбір жұмыс орны үшін әзірленген және энергия беруші ұйымның бас техникалық басшысы бекіткен үлгілік бағдарламалар бойынша жаңа лауазым бойынша жұмыскерлерді даярлаудың болуы.	Елеулі
42	Оқу және тағылымдама аяқталғаннан кейін лауазымға тағайындалғаннан кейін бір айдан кешіктірілмейтін мерзімде немесе энергия беруші ұйымның техникалық басшысы бекіткен үлгілік немесе жеке даярлау бағдарламасында көрсетілген мерзімде білімін бастапқы біліктілік тексерудің болуы.	Өрескел
43	Лауазымдық нұсқаулыққа сәйкес білімін біліктілік тексеруден өтуден бас тартқан, сондай-ақ білімін біліктілік тексеру кезінде электр қауіпсіздігі жөніндегі топ расталмаған жағдайда жұмыскерді еңбек міндеттерін орындаудан шеттетуге жөніндегі талаптарды сақтау.	Өрескел
44	Кезектен тыс біліктілік білімін тексеру тағайындалған кезден бастап біліктілікті растау күніне дейінгі кезеңде адамның атқаратын лауазымы бойынша лауазымдық міндеттерін орындауға жол бермеу жөніндегі талаптарды сақтау.	Өрескел
45	Біліктілікті тексеру жөніндегі орталық комиссия төрағасының мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік орғанда білімін тексеруден өткен адамның болуы.	Елеулі
	Біліктілікті тексеру жөніндегі орталық комиссия құрамында	

46	төртіншіден төмен емес электр қауіпсіздігі бойынша рұқсат беру тобы бар кемінде үш адамның болуы.	Елеулі
47	Жұмыскерді өз бетінше жұмыс істеуге жіберу туралы ұйым немесе құрылымдық бөлімше бойынша өкімдік құжаттың болуы .	Болмашы
48	Техникалық басшы бекіткен барлық лауазымдар мен мамандықтар үшін қайталама нұскамалар тақырыптарының жылдық тізбесінің болуы.	Елеулі
49	Жобалық қызметпен айналысуға лицензиясы бар мамандандырылған жобалау ұйымдары әзірлеген "Электр станциясының қуатын беру схемасы" негізінде мәлімделген электр қуаты 5 МВт және одан жоғары желі пайдаланушыларын электр желісіне қосуға техникалық шарттар беру.	Өрескел
50	Энергиямен жабдықтаушы ұйымның электр энергиясын тоқтатуға (шектеуге) өтінімі болған кезде энергия беруші ұйымның электр энергиясын толық немесе ішінара беруді тоқтатуы жөніндегі талаптарды сақтау.	Өрескел
51	Электрмен жабдықтау шартының талаптарын бұзғаны үшін ажыратылған тұтынушыны 1 (бір) жұмыс күні ішінде, тұтынушы бұзушылықтың жойылғанын растайтын құжаттарды және қосылу үшін қызметке ақы төлеуді растайтын құжаттарды қоса бере отырып өтініш жасағаннан кейін қосу жөніндегі талаптарды сақтау.	Өрескел
	Оған құқығы бар ұйымның алғашқы немесе мерзімдік тексеруі туралы пломбының (таңбасының) немесе пломбалау құрылғысының болуын немесе болмауын, коммерциялық есепке алу аспабының әйнегі мен корпусының тұтастығын, коммерциялық есепке алу аспабының көрсеткіштерін алу	

52	кезінде жарты жылда 1 (бір) рет көзбен шолып қарау кезінде энергия беруші ұйым бұрын белгілеген орындарда энергия беруші ұйымның пломбалау құрылғысының болуы немесе болмауын тіркей отырып, еркін нысандағы коммерциялық есепке алуды тексеру туралы актінің болуы.	Өрескел
53	Тәулігіне 24 сағат пайдалану сағатын ескере отырып, нақты қосылған жүктемеге сүйене отырып, бірақ техникалық шарттарға сәйкес рұқсат етілген қуаттан аспайтын қайта есептеудің болуы, бұл ретте қайта есептеу кезеңі коммерциялық есепке алу аспабын соңғы ауыстырған немесе оны қосу схемасын соңғы аспаптық тексерген күннен бастап барлық уақыт үшін айқындалады, бірақ бір жылдан аспайды.	Өрескел
54	Меншік құқығын алған сәттен бастап нақты қосылған жүктеме бойынша пайдаланылған энергия көлемін қайта есептеу және актінің болуы, бірақ энергия беруші ұйымдардың электр желілеріне өз бетінше қосылу анықталған кезде бір жылдан аспайды.	Өрескел
55	Электр қондырғыларында тұтынушылардың монтаждаудағы кемшіліктер, берілген техникалық шарттардан, жобалық құжаттамадан және нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарынан ауытқулар анықталған кезде электр қондырғыларын пайдалануға жол бермеу жөніндегі талаптарды сақтау.	Өрескел
	Тұтынушы таңдаған энергиямен жабдықтаушы ұйымға электр энергиясын коммерциялық есепке алу жүйесін пломбалау актісі берілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде электрмен жабдықтау объектілері кондоминиум құрамында емес тұтынушылармен электрмен	

жабдықтау шартын жасасу үшін қажетті құжаттарды жолдау бойынша талаптарды сақтау:

1) тұтынушыны электр желілеріне қосу схемасымен электр желілерінің теңгерімдік тиесілігін және тараптардың пайдалану жауапкершілігін ажырату актісінің көшірмелері;

2) энергия беруші (энергия өндіруші) ұйым жасаған электр энергиясын коммерциялық есепке алу жүйесін қабылдау актісінің көшірмесі;

3) мемлекеттік тіркеу туралы анықтаманың көшірмесі (заңды тұлғалар үшін), рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімінен үзінді көшірме (жеке кәсіпкерлер үшін) немесе жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (жеке тұлғалар үшін);

4) жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар туралы анықтаманың немесе құқық белгілейтін құжаттың көшірмесі;

5) ұйымның бірінші басшысын қоспағанда, жеке басын куәландыратын құжатты қоса бере отырып, электрмен жабдықтау шартын жасасуға уәкілетті тұлғаға берілген құжаттың (бұйрықтың, сенімхаттың, тұлғаның өкілеттігін растайтын құжаттың) көшірмесі (заңды тұлғалар және жеке кәсіпкерлер үшін);

6) техникалық шарттардың көшірмесі;

7) банктік деректемелер (банктің атауы, ағымдағы шоттың №) – заңды тұлғалар ғана ұсынады.

Өрескел

Электр энергиясын коммерциялық есепке алу жүйесін тұтынушы таңдаған энергиямен жабдықтаушы ұйымға пломбалау актісі, электрмен жабдықтау объектілері кондоминиум құрамында болатын тұтынушылармен электрмен жабдықтау шартын жасасу үшін қажетті құжаттар берілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде

басқару жөніндегі талаптарды сақтау:

1) кондоминиум құрамындағы тұтынушылар үшін электр желілерінің теңгерімдік тиесілігін және тараптардың пайдалану жауапкершілігін ажырату актісінің көшірмесі;

2) кондоминиум объектісін басқарушы орган немесе энергия беруші ұйым жасаған электр энергиясын коммерциялық есепке алу жүйесін қабылдау актісінің көшірмесі;

3) мемлекеттік тіркеу туралы анықтаманың көшірмесі (заңды тұлғалар үшін), рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімінен үзінді көшірме (жеке кәсіпкерлер үшін); жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (жеке тұлғалар үшін);

4) ұйымның бірінші басшысын қоспағанда, жеке басын куәландыратын құжатты қоса бере отырып, электрмен жабдықтау шартын жасасуға уәкілетті тұлғаға берілген құжаттың (бұйрықтың, сенімхаттың, тұлғаның өкілеттігін растайтын құжаттың) көшірмесі (заңды тұлғалар және жеке кәсіпкерлер үшін);

5) банктік деректемелер (банктің атауы, ағымдағы шоттың №), заңды тұлғалар ғана ұсынады;

6) жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар туралы анықтаманың немесе құқық белгілейтін құжаттың көшірмесі.

Өрескел

Тұтынушының кінәсінен емес коммерциялық есепке алудың бұзылуы анықталған кезде (есепке алу аспабын орнатудың немесе аспаптық тексерудің алдыңғы актісінде көрсетілген пломбалардың тұтастығы мен сәйкестігі жағдайында) электр энергиясын есепке алу құралдары мен схемасы жарамды болған алдыңғы немесе кейінгі есептік кезеңнің орташа тәуліктік шығысы бойынша тұтынуды

Өрескел

	есептеу туралы талаптарды сақтау (бұл ретте есептеу кезеңі бұзушылық анықталған күннен бастап коммерциялық есепке алу қалпына келтірілген күнге дейін, бірақ күнтізбелік отыз күннен аспауға тиіс).	
59	Сыртқы қосылудың кемшіліктері және орындалған жұмыстардың берілген техникалық шарттарға сәйкес келмеуі анықталған кезде сыртқы қосылуды тексерген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде анықталған кемшіліктер туралы актіні беру жөніндегі талаптарды сақтау.	Өрескел
60	Құрылыс-монтаж ұйымынан (мердігерден) немесе тұтынушыдан қайта өтініш алған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде сыртқы қосылуды қарап-тексеруді орындау қайта қарап-тексеруден кейін ескертулерді жоймағаны туралы жазбаша нысандағы хабарлама келесі қарап-тексеру 1 (бір) ай өткен соң жүргізілетін болатындығы жөніндегі талаптарды сақтау.	Елеулі

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Ұлттық экономика министрі
2025 жылғы 22 қаңтардағы
№ 4 мен
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
міндетін атқарушы
2025 жылғы 22 қаңтардағы
№ 33-н/қ бірлескен бұйрыққа
3-қосымша
Электр энергетикасы
саласындағы тәуекел дәрежесін
бағалау өлшемшарттарына
5-қосымша

Жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдарға қатысты электр энергетикасы саласындағы талаптардың бұзылу дәрежесі

№	Өлшемшарттар	Бұзушылық дәрежесі
	Энергетикалық кәсіпорында мемлекеттік энергетикалық	

1	қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік органға немесе жергілікті атқарушы органға (құзыреті бойынша) жіберілген нысан бойынша технологиялық бұзушылықтар туралы жиынтық есептіліктің ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың жетінші күніне дейін болуы.	Елеулі
2	Технологиялық бұзушылық туындаған сәттен бастап 1 (бір) сағат ішінде Қазақстан Республикасының Бірыңғай электр энергетикалық жүйесінде орын алған технологиялық бұзушылықтар мен жазатайым оқиғалар туралы жедел хабар алмасу жөніндегі мобильді бағдарламалар арқылы қайталай отырып, телефонмен арқылы жедел хабарламаның болуы.	Елеулі
3	Облыстар мен Астана, Алматы, Шымкент қалалары бойынша мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі органның тиісті аумақтық департаментіне және жергілікті атқарушы органға және жүйелік операторға жіберілген энергетикалық кәсіпорынның технологиялық бұзушылық туындаған сәттен бастап 12 (он екі) сағаттан кешіктірілмейтін мерзімде жазбаша хабарламасының болуы.	Елеулі
4	Мынадай мәліметтерді қамтитын жедел және жазбаша хабарламалардың болуы: 1) энергетикалық кәсіпорынның атауы, технологиялық бұзушылықтың, жазатайым оқиғаның туындаған күні мен уақыты; 2) технологиялық бұзушылықтың, жазатайым оқиғаның болжамды себептері; 3) пайдаланылған қорғаулар, автоматика және бұғаттау тізбесі; 4) істен шыққан және жұмыста қалған жабдықтардың тізбесі; 5) технологиялық бұзушылықтың салдары: бүлінген жабдықтың көлемі, жіберілмеуі, ажыратылған	Елеулі

	тұтынушылар саны, технологиялық бұзушылықты жою уақыты; 6) ақпаратты берген адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) және лауазымы.	
5	Технологиялық бұзушылықтарды тергеу кезінде зерттеу және бағалау үшін авариялардың туындауының, дамуының барлық себептерін сипаттаудың болуы: 1) объектілер мен оларды пайдалану ұйымдарының қауіпсіздік, техникалық жай-күй және пайдалану жөніндегі талаптарға сәйкестігі; 2) жөндеу, профилактикалық тексерулер мен сынақтар жүргізу, жабдықтың жай-күйін бақылау сапасы мен мерзімдері; 3) жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде технологиялық тәртіпті сақтау; 4) авариялық ошақтар мен жабдықтың ақауларын жою жөнінде шаралар қабылдаудың уақтылығы.	Өрескел
6	Істен шығу кезіндегі технологиялық бұзушылықтарды тергеу кезінде зерделеу және бағалау үшін энергия өндіруші ұйымның объектілерінде I және II дәрежелі істен шығулардың туындауының, дамуының барлық себептерін сипаттаудың болуы: 1) объектілер мен оларды пайдалану ұйымдарының қауіпсіздік, техникалық жай-күй және пайдалану жөніндегі талаптарға сәйкестігі; 2) жөндеу, профилактикалық тексерулер мен сынақтар жүргізу, жабдықтың жай-күйін бақылау сапасы мен мерзімдері; 3) жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде технологиялық тәртіпті сақтау; 4) авариялық ошақтар мен жабдықтың ақауларын жою жөнінде шаралар қабылдаудың уақтылығы.	Елеулі
	Технологиялық бұзушылықтардың техникалық	

себептерінің жіктеу белгісінің болуы:

- 1) қондырғы материалының, оның бөлшегінің немесе торабының құрылымын бұзу;
- 2) дәнекерлеуді, дәнекерлеуді бұзу ;
- 3) механикалық қосылыстың бұзылуы;
- 4) механикалық тозу;
- 5) күлдің тозуы;
- 6) коррозиялық тозу;
- 7) эрозиялық тозу;
- 8) герметикалықтың бұзылуы;
- 9) дірілдің нормативтік мәнінен асып кету;
- 10) жарылыс;
- 11) термиялық зақымдану, қызып кету, күйіп қалу;
- 12) электр доғасының зақымдануы ;
- 13) электр оқшаулауының бұзылуы;
- 14) электр байланысының бұзылуы;
- 15) механикалық бұзылу (зақымдану);
- 16) жану немесе өрт;
- 17) электр желісінің тұрақтылығын бұзу;
- 18) аварияға қарсы автоматиканы бұзу;
- 19) жіктелмеген себептер (ресурстың сарқылуы, қож және басқалар);
- 20) өндірісті диспетчерлік және технологиялық басқару жүйелерінің жұмысындағы бұзушылықтар.

Өрескел

Технологиялық бұзушылықтардың ұйымдастырушылық себептерінің жіктеу белгілерінің болуы:

- 1) жедел персоналдың қате әрекеттері;
- 2) жедел емес персоналдың қате әрекеттері;
- 3) энергия кәсіпорнының және (немесе) оның құрылымдық бөлімшелерінің басшы персоналының жұмысындағы кемшіліктер;

8	4) жабдыққа техникалық қызмет көрсету мен жөндеуді қанағаттанарлықсыз ұйымдастыру ; 5) пайдаланудың басқа да кемшіліктері; 6) жобаның ақаулары; 7) конструкцияның ақаулары; 8) дайындау ақаулары; 9) монтаждау ақаулары; 10) жөндеу ақаулары; 11) құрылыс ақаулары; 12) табиғи құбылыстардың әсері; 13) бөгде адамдар мен ұйымдардың әсері; 14) жіктелмеген себептер (пайдаланудағы жабдықтың пайдаланудың нормативтік мерзімінен жоғары тозуы, құстардың, кеміргіштердің әсері).	Елеулі
9	Қызмет ету мерзімін аяқтамаған жабдықтың зауыттық ақауларына байланысты зақымдануы; электр станциясының жүктемені толық түсіруі; 110-1150 киловольт (бұдан әрі – кВ) электр желілерінің, сондай-ақ 110 кВ және одан жоғары қосалқы станциялардың негізгі жабдықтарының зақымдануына байланысты II дәрежелі істен шығулардың болуы.	Елеулі
10	Энергетикалық кәсіпорын комиссия құрған жағдайларда қол қойылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік органға немесе жергілікті атқарушы органға (құзыреті бойынша) жіберілген барлық қосымшаларымен технологиялық бұзушылықты тексеру актісінің екінші данасының болуы.	Елеулі
11	Технологиялық бұзушылықтар туындаған сәттен бастап келесі жұмыс күнінен бастап есептелетін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей басталатын және күнтізбелік 10 (он) күннен	Елеулі

	аспайтын технологиялық бұзушылықтарға тергеп-тексеру жүргізу мерзімдерін сақтау.	
12	Технологиялық бұзушылықты тергеп-тексеруді аяқтау мүмкін болмаған жағдайларда 30 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге ұзартылған тергеп-тексеру мерзімдерін сақтау.	Елеулі
13	1) қызмет ету мерзімін әзірлемеген жабдықтың зауыттық ақауларының салдарынан зақымдануы; 2) электр станциясының жүктемені толық түсіруі; 3) 110-1150 кВ электр желілерінің, сондай-ақ 110 кВ және одан жоғары қосалқы станциялардың негізгі жабдықтарының зақымдануы; 4) персоналдың қате әрекеттерімен байланысты технологиялық бұзушылықты, аварияларды, I дәрежелі істен шығуларды, сондай-ақ II дәрежелі істен шығуларды тергеп-тексерудің ресімделген нәтижелерін тергеп-тексеру актісінің болуы.	Елеулі
14	Ұйымдар көрсетілетін қызметті берушіге жыл сайын 1 желтоқсанға дейінгі мерзімде жіберген электр қондырғыларының келесі күнтізбелік жылға техникалық жай-күйі мен пайдалану қауіпсіздігін бақылау үшін электр және жылу энергиясын өндіруді, беруді жүзеге асыратын ұйымдардың басшыларында, мамандарында техникалық пайдалану қағидалары мен техника қауіпсіздігі қағидаларын білуін біліктілік тексеруге жататын басшылар тізімінің болуы.	Елеулі
15	www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы жүзеге асырылатын дайындық паспортын алуға құжаттарды қабылдау бойынша 15 (он бесінші) тамыздан бастап 30 (отызыншы)	Өрескел

	қыркүйекті қоса алғандағы мерзімді сақтау.	
16	Кемшіліктерді жоюдың нақты мерзімдерін көрсете отырып, көрсетілетін қызметті алушының басшылығы әзірлеген іс-шаралар жоспарының болуы және көрсетілетін қызметті алушы дайындық актісіне қоса берілген күзгі-қысқы кезеңде жұмысқа дайын болмаған жағдайда оны көрсетілетін қызметті алушының комиссиясымен келісу.	Өрескел
17	Көрсетілетін қызметті беруші комиссиясының шешім қабылдауы үшін дайындық паспортын алу үшін шарттардың орындалғанын растайтын ұсынылған құжаттар мазмұнының сәйкестігі негіз болып табылатын берілген дайындық паспорттарының болуы, бұл ретте олардың кейбірінің мазмұны бойынша қосымша түсініктемелер, материалдар мен негіздемелер беру қажет. Бұл ретте ескертулер оларды жою мерзімі келесі жылдың 1 (бірінші) қаңтарына дейін белгілене отырып беріледі, ал көрсетілетін қызметті алушы берген ескертулердің орындалуы туралы ақпаратты көрсетілетін қызметті берушіге ескертуді орындау мерзімі өткен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей береді.	Өрескел
18	1) ұйымның жабдықтарын, ғимараттары мен құрылыстарын бес жылға жөндеудің перспективалық жоспардың; 2) энергия өндіруші және энергия беруші ұйымдардың электр станцияларының, жылу және электр желілерінің жабдықтарын, ғимараттары мен құрылыстарын жөндеуді жүзеге асыруы үшін жоспарланған жабдықтарды, ғимараттар мен құрылыстарды жөндеудің жылдық кестелердің болуы.	Өрескел
	Тиісті жылдың 1 маусымына дейін электр энергетикасы саласындағы уәкілетті органға белгіленген	

19	куаты 100 Гигакалорий/сағ және одан жоғары энергия өндіруші ұйыммен келісу үшін жіберілген отынның орташа тәуліктік шығынын және энергия көзінен жеткізілетін отынды тиіп жөнелту орнына дейінгі арақашықтық туралы есептеудің болуы.	Өрескел
20	Энергия өндіруші және энергия беруші ұйымдар дербес белгілейтін электр станцияларының, жылу және электр желілерінің жабдықтарына, ғимараттары мен құрылыстарына техникалық қызмет көрсетудің кезеңділігі мен көлемін, сондай-ақ техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстардың құрамын пайдалану жөніндегі нұсқаулықтар мен пайдаланудың нақты жағдайларын ескере отырып сақтау.	Өрескел
21	Жабдықтарды, ғимараттар мен құрылыстарды жөндеудің жылдық кестелерін сақтау.	Өрескел
22	Электрмен жабдықтау жүйесінің зақымдалған элементін жөндеу немесе ауыстыру үшін қажетті электрмен жабдықтау үзілістері бір тәуліктен (24 сағаттан) аспаған жағдайда, III санаттағы электр қабылдағыштар үшін бір қоректендіру көзінен электрмен жабдықтау талаптарын сақтау.	Өрескел
23	Электр станцияларының түтін құбырларын және газ құбырларын жылына 1 рет (көктемде) сыртқы тексеруін орындау, мұнда түтін құбырларын ішкі тексеру олар пайдалануға берілгеннен кейін 5 жылдан кейін, ал одан әрі қажеттілігіне қарай, бірақ 15 жылда кемінде 1 рет жүргізіледі, бұл ретте кірпіш және монолитті төсемі бар құбырларды ішкі тексеруі жиілігі бес жылда кемінде 1 рет тепловизиялық зерттеуге ауыстырылуы мүмкін.	Өрескел
24	Көрсетілетін қызметті алушылар құрған және жыл сайын 1 (бірінші) тамыздан бастап дайындық актісін дайындау үшін жұмысты бастайтын күзгі-қысқы кезеңде	Елеулі

	көрсетілетін қызметті алушының жұмысқа дайындығын бағалау жөніндегі комиссияның болуы.	
25	Көрсетілетін қызметті алушының комиссиясы 1 (бірінші) тамыздан бастап 30 (отызыншы) қыркүйекті қоса алғандағы кезеңде айқындаған күзгі-қысқы кезеңде жұмысқа әзірлігінің болуы.	Елеулі
26	Көрсетілетін қызметті алушылардың дайындық паспортын алу мерзімін сақтауы – жыл сайын 19 (он тоғызыншы) қазанға дейін.	Өрескел
27	1) негізгі және қосалқы жабдықтарды сынамалық іске қосумен аяқталған жабдықтарды жеке сынау және жекелеген жүйелерді функционалдық сынаудың; 2) энергия объектісін (іске қосу кешенін) пайдалануға қабылдау алдында жүргізілген жабдықтарды кешенді сынаудың болуы.	Өрескел
28	Жедел хабар алмасу бойынша мобильді бағдарламалар арқылы қайталай отырып телефон арқылы технологиялық бұзушылық туындаған сәттен бастап 1 (бір) сағат ішінде берілген энергия кәсіпорындарының жедел хабарламасының болуы.	Елеулі
29	Энергетикалық кәсіпорындардың технологиялық бұзушылық туындаған кезден бастап 12 (он екі) сағаттан кешіктірілмейтін мерзімде облыстар мен Астана, Алматы, Шымкент қалалары бойынша Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі органның тиісті аумақтық департаментіне және жергілікті атқарушы органға және жүйелік операторға жіберілген жазбаша хабарламасының болуы.	Елеулі
	Энергетикалық кәсіпорын комиссия құрған жағдайларда, қол қойылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік	

30	органға немесе жергілікті атқарушы органға (күзиреті бойынша) жіберілген барлық қосымшаларымен технологиялық бұзушылықты тексеру актісінің екінші данасының болуы.	Елеулі
31	Тұтынушыдан өтінім алғаннан кейін жаңадан енгізілетін немесе қайта жаңартылатын электр қондырғыларын қосуға энергия өндіруші ұйымдар берген техникалық шарттардың мынадай мерзімдерде болуы: 1) қуаты 200 киловатқа дейін (бұдан әрі - кВт) - 5 жұмыс күні ішінде; 2) қуаты 200 - ден 1000 кВт-қа дейін - 10 жұмыс күні ішінде; 3) қуаты 1000 кВт жоғары - 15 жұмыс күні ішінде.	Елеулі
32	Мәлімделген қуаты 10 мегаваттан (бұдан әрі – МВт) жоғары электр желісін пайдаланушыны энергия өндіруші ұйымның электр желісіне қосу кезінде жүйелік оператормен келісілген техникалық шарттардың болуы.	Елеулі
33	Энергия өндіруші ұйым ұсынған, электр энергетикасы саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау органының өкілеттіктерін жүзеге асыру үшін сұратылатын және қажетті уақтылы, анық және толық ақпараттың болуы.	Өрескел
34	Тұтынушыға (тұтынушыға, тұтынушыға) электр энергиясын жеткізу тоқтатылғанға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын мерзімде шарттың акцептінде көрсетілген тәсілдермен (электрондық пошта, факс, пошта жөнелтілімі, қысқа мәтіндік хабарлама, мультимедиялық хабарлама, қолданыстағы мессенджерлер) хабарлама жіберу арқылы электр энергиясын беруді тоқтату (шектеу) туралы жазбаша ескертудің болуы (электр энергиясын тұрмыстық қажеттіліктер үшін кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын пайдаланатын тұтынушы).	Өрескел

35	Энергия беруші немесе энергия өндіруші ұйымдардың тұтынушыға электр энергиясын толық беруді мынадай жағдайларда алдын ала ескертусіз тоқтату талаптарын сақтау: 1) энергия өндіруші ұйымның электр желісіне электр энергиясының қабылдағыштарын өз еркімен жалғау; 2) электр энергиясының коммерциялық есепке алу құралдарынан басқа (есепсіз) электр энергиясының қабылдағыштарын қосу; 3) тұтынушының кінәсінен электр энергиясы сапасының көрсеткіштерін энергия өндіруші ұйымның және басқа тұтынушылардың электр қондырғыларының қызметін бұзатын мәнге дейін түсіру; 4) энергия өндіруші ұйымның және энергетикалық қадағалау және бақылау органының өкілдерін жұмыс уақытында тұтынушының электр энергиясын коммерциялық есепке алу құралдары мен электр қондырғыларына жібермеу (іссапарға жіберілген жұмыскер құқығында); 5) авариялық жағдайда.	Өрескел
36	Электр энергиясын тұтынушыға бұзушылық туралы еркін нысанда жасалған актінің болуы және мынадай бұзушылықтар кезінде қайта есептеуді жүргізу: 1) энергия өндіруші ұйымның желілеріне өз еркімен қосылу; 2) электр энергиясын коммерциялық есепке алу аспабынан (бұдан әрі – КЕАА) басқа электр энергиясын қабылдағыштарды қосу; 3) КЕАА, ток трансформаторларын және кернеуді қосу схемасының өзгеруі ; 4) КЕАА жасанды дискісін тежеу; 5) КЕАА көрсеткіштерін бұрмалайтын құралдарды орнату.	Өрескел

37	Энергия өндірісін өндірістік-технологиялық, жедел-диспетчерлік және ұйымдастырушылық-экономикалық басқару міндеттерін шешуді қамтамасыз ететін автоматтандырылған басқару жүйелерінің болуы, атап айтқанда: 1) технологиялық процестерді басқарудың автоматтандырылған жүйесіне; 2) диспетчерлік басқарудың автоматтандырылған жүйесіне; 3) өндірісті басқарудың автоматтандырылған жүйесіне жүктеледі.	Елеулі
38	Мамандандырылған ұйымдарды тарта отырып, олардың жағдайына қарамастан 25 жылдан астам пайдаланудағы барлық қысымды гидротехникалық құрылыстардың беріктігін, орнықтылығын және пайдалану сенімділігін бағалай отырып, 5 жылда кемінде 1 рет көп факторлы зерттеуді кезең-кезеңімен орындау.	Елеулі
39	Егер жобада көзделмесе олар үнемі топырақтан және шөгінділерден тазартылатын, жер құрылыстарының беткейлері мен жоталарының өсуінен қорғауды қамтамасыз ететін каналдың бермалары мен кюветтерінің болуы.	Елеулі
40	Жеткізу және бұру арналарында қажетті орындарда баспалдақтардың, көпірлердің және қоршаулардың болуы.	Елеулі
41	Мұздатуды және бұзылуды болдырмау үшін төменгі сынадағы сүзгілеу суларының жоғары деңгейі кезінде жер асты бөгеттері мен бөгеттердің беткейлері учаскелерінде дренаждың немесе оқшаулаудың болуы.	Елеулі
42	Сүзілген суды ағызу үшін дренаждық жүйелердің болуы.	Елеулі
	Сүзгілеу нәтижесінде немесе су өткізгіш трактілерден күтпеген серпілістер салдарынан келетін суды сору сорғыларының болуы;	

43	су электр станцияларының жерасты ғимараттарын пайдалану кезінде желдеткіш қондырғылардың, авариялық жарықтандырудың, қосалқы шығулардың жарамдылығы.	Елеулі
44	Аэрациялық құрылғыларда қысымды су өткізгіштердің сенімді оқшаулаудың және қажет болған жағдайда олардың жылыту жүйесімен жабдыкталуының болуы.	Елеулі
45	Аварияға қарсы құрылғылардың, су төгетін және құтқару құралдарының ұстауды қамтамасыз ете отырып, ақаусыз күйде және іс-әрекетке тұрақты дайындықта болуы.	Өрескел
46	Ақаусыз күйде ұсталатын және жинақталған тастардан уақтылы түсірілетін тас қорғау құрылыстарының (тас ұстайтын торлар, тас ұстағыштар) болуы.	Елеулі
47	Бақылаудың жеделдігі мен дұрыстығын арттыру үшін жауапты қысымды гидротехникалық құрылыстарда жарактандырылған диагностикалық бақылаудың автоматтандырылған жүйелерінің (бұдан әрі – ДБАЖ) болуы.	Елеулі
48	Гидроэлектростанциялардың жоғарғы және төменгі бьефтерінің деңгейлерін және гидротурбиналардың қысымын, сондай-ақ торлардағы қысымның айырмашылығы өлшейтін орталық басқару пультіне көрсеткіштерді қашықтықтан беретін аспаптардың болуы.	Елеулі
49	Сегменттің температурасы мен май ыдысындағы майдың жылдың осы уақыты үшін номиналдыдан 5 °C жоғары көтерілуі кезінде қосылатын ескерту дабылының болуы.	Елеулі
50	Гидроагрегаттың барлық жұмыс режимдерінде тірек тораптарын, генератордың статоры мен роторын салқындатуды, резеңкеленген турбиналық мойынтіректі және басқа да	Елеулі

	тұтынушыларды майлауды қамтамасыз ететін гидроагрегатты техникалық сумен жабдықтау жүйелерінің болуы.	
51	Гидротурбиналарға 5-7 жылда 1 рет күрделі жөндеу жүргізу мерзімдерін сақтау.	Елеулі
52	Ғимараттардың іргелес аумақтарын ылғалдандыру және мұздату кезінде қысқы кезеңде салқындатқыш мұнараға арналған су ұстағыш құрылғылардың болуы.	Елеулі
53	10 жылда 1 реттен кем емес, темірбетон қабықшаларды – қаптамалы градиреналардың шығатын мұнараларының металл қаңқаларына егжей-тегжейлі тексеру жүргізу кезінде 5 жылда 1 реттен кем емес мерзімдерді сақтау.	Елеулі
54	Синхронды компенсаторларға 4-5 жылда 1 рет күрделі жөндеу жүргізу мерзімдерін сақтау.	Елеулі
55	Реактивті қуатты генерациялауды реттеуді қамтамасыз ететін жаңартылатын энергия көздерінің генерациялайтын қондырғыларында: 1) кернеуді реттеу режимінде; 2) реактивті қуатты реттеу режимінде; 3) қуат коэффициентін реттеу режимінде автоматиканың болуы.	Елеулі
56	Мойын тіректерді мәжбүрлеп майлайтын электр қозғалтқыштарындағы мойын тіректер ішпектерінің температурасы көтерілген кезде немесе майлаудың тоқтатылған кезінде, сигналға және электр қозғалтқышының ажыратылуына әсер ететін қорғаныстың болуы.	Елеулі
57	Арнайы жұмыстар қауіпсіздігі бойынша қосымша (жоғары) талап қойылатын жұмыстарды орындауға жіберілетін адамдардың куәлігінің болуы.	Елеулі
58	Тікелей жұмыс орнында нарядтар мен өкімдер бойынша жұмыс	Өрескел

	жасау рұқсаттарының ретін сақтау	
59	Жұмыстардың басшысы (өндірушісі) рұқсатты ресімдеуге рұқсат берушінің міндеттерін нарядтың бір данасында қоса атқарған кезде нарядтың екі данасында да және нарядтар мен өкімдер бойынша жұмыстарды есепке алу журналында ресімделген рұқсаттың болуы.	Өрескел
60	Электр станцияларының негізгі цехтарының жабдықтарына қызмет көрсететін адамдардың және арнайы жұмыстарды орындауға жіберілген адамдардың білімін тексеру туралы біліктілік куәлігінде жазбаның болуы.	Елеулі
61	Айналмалы механизмдерге жөндеу жұмыстарын жүргізген кезде нарядтың болуы, бұл ретте механизм токтатылады.	Өрескел
62	Айналмалы механизмнің сынақ қосу немесе теңгерімі кезеңінде механизмнің электр қозғалтқышының жұмыс жағдайындағы авариялық өшіру тетігінің болуы.	Елеулі
63	Ыдыстар мен резервуарлардағы жұмыстарды орындау үшін нарядтың болуы.	Өрескел
64	Жабдықтағы, жұмыс істеп тұрған жабдық аймағындағы және өндірістік үй-жайларда от жұмыстарын орындаған кезде нарядтың болуы.	Өрескел
65	Жүк көтергіш машиналарда, кран арбаларда, кран асты жолдарында, скрепер кондырғыларда, жүктегіштерде, көтергіштерде, фуникулерлерде, темір арқан жолдарда жөндеу жұмыстарын орындаған кезде нарядтың болуы (доңғалақты және шынжыр табанды өздігінен жүретін машиналардан басқа).	Өрескел
66	Жабдықтарды бөлшектеу және монтаждау кезінде нарядтың болуы.	Өрескел
	Жабдықтың жұмысын тоқтатуды, шектеуді және схемасы мен	

67	режимін өзгертуді талап ететін автоматты реттеу, қашықтан басқару, қорғау, сигнал беру және бақылау аппаратурасын орнату, алу, тексеру және жөндеу кезінде нарядтың болуы.	Өрескел
68	Датчиктерді монтаждау және іске қосумен байланысты жұмыстарды орындау кезінде нарядтың болуы.	Өрескел
69	Газды, жарылғыш және электр тоғымен қауіпті және кіру шектелген жерлердегі жұмыстарды орындаған кезде нарядтың болуы.	Өрескел
70	Камераларда, құдықтарда, аппараттарда, бункерлерде, резервуарларда, бактарда, коллекторларда, туннелдерде, құбырларда, каналдар мен шұңқырларда және басқа металл ыдыстардағы жұмыстарды орындаған кезде нарядтың болуы.	Өрескел
71	Жабдықтың дефектоскопиясын орындаған кезде нарядтың болуы.	Өрескел
72	Жабдықтың химиялық тазартуын орындаған кезде нарядтың болуы.	Өрескел
73	Коррозияға қарсы жабынды жағуды орындаған кезде нарядтың болуы.	Өрескел
74	Жылу оқшаулау жұмыстарын орындаған кезде нарядтың болуы.	Өрескел
75	Ормандарды жинау мен бөлшектеу және траншеялардың, қазаншұңқырлардың қабырғаларын бекіту кезінде нарядтың болуы.	Өрескел
76	Жерасты коммуникациялары орналасқан аймақтарда жер қазу жұмыстарын орындаған кезде нарядтың болуы.	Өрескел
77	Кәсіпорынның техникалық жетекшісі бекіткен нарядтар беруге уәкілетті тұлғалар тізбесінің болуы.	Елеулі
78	Жалпы наряд бойынша жөндеу жұмыстарын орындаған кезде аралық нарядтың болуы.	Өрескелі
	Электр станциясының ауысым бастығының немесе желілердің тиісті диспетчерінің, өңірлік диспетчерлік орталықтардың,	

79	Қазақстанның жүйелік операторының ұлттық диспетчерлік орталығының жабдықты жұмыстан және резервтен шығару немесе жабдықты жұмыстан және резервтен шығарар алдында немесе сынақ жүргізу алдында сынау үшін рұқсатының болуы.	Өрескел
80	Қуатты қабылдайтын энергия жүйесі жұмысының орнықтылығының бұзылуын болдырмау бойынша энергия жүйелеріндегі жүктемені ажырату және қуатты беретін энергия жүйелеріндегі электр станцияларын автоматты түрде босату үшін жүйелік автоматиканың болуы.	Өрескел
81	Диспетчерлік басқарудың автоматтандырылған жүйесінің техникалық құралдар кешенінің құрамында: 1) технологиялық процесті басқарудың автоматтандырылған жүйесімен жиынтықта диспетчерлік және технологиялық басқару құралдары (ақпарат датчиктері, телемеханика және ақпараттарды жеткізу құрылғылары, байланыс арналары); 2) ақпаратты өңдеу және бейнелеу құралдары: жедел ақпараттық-басқару кешендері мен есептеу кешендерінің компьютерлік техникасы, баспа құрылғылары, дисплейлер, сандық және аналогтық аспаптардың; 3) басқару объектілерімен байланыстыру құрылғыларының; 4) кіші жүйелерінің (кепілдеме берілген электр қуатымен жабдықтау, ауаны желдету, өртке қарсы) болуы.	Елеулі
82	Электр станцияларында, электр желілерінде, электр қосалқы станцияларында диспетчерлік және технологиялық басқару құралдарының болуы.	Өрескел
	Энергия жүйелерінің қалыпты және авариялық режимдерінде ақпаратты берудің белгіленген	

83	сапасы кезінде әрекет етуге дайын диспетчерлік және технологиялық басқарудың тұрақты жұмыс істейтін құралдарының болуы.	Өрескел
84	Диспетчерлік және технологиялық бақылау құралдарының пайдалану және техникалық қызмет көрсету талаптарын: 1) Қазақстанның жүйелік операторының ұлттық диспетчерлік орталығының басқару құралдарының орталық тораптарының, өңірлік диспетчерлік орталықтарының; 2) электр желілері мен электр станцияларын басқару құралдарының жергілікті тораптарының; 3) диспетчерлік және технологиялық басқару құралдарының қызмет (энергия объектілер) құрамына кіретін зертханаларының сақтауы.	Елеулі
85	Диспетчерлік және технологиялық басқару құралдарының кепілдікті электр қуатының болуы.	Өрескел
86	Энергия объектілерінде жөндеу-пайдалану базасының болуы.	Елеулі
87	Барлық технологиялық жүйелерді, жабдықтарды, ғимараттар мен құрылыстарды, оның ішінде энергетикалық объектінің құрамына кіретін, энергетикалық объектінің техникалық басшысы немесе оның орынбасары басқаратын, комиссияға энергия объектісінің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары мен мамандарын, мамандандырылған және сараптамалық ұйымдардың мамандарын енгізе отырып, энергетикалық объектінің комиссиясы жүргізетін гидроқұрылыстарды 5 жылда кемінде 1 рет мерзімдік техникалық куәландырудан өткізе мерзімдерін сақтау.	Өрескел
88	Энергетика объектісінің техникалық паспортында техникалық куәландыру нәтижелерінің болуы.	Елеулі

89	Электр станцияларында жұмыс істейтін автоматтандырылған диспетчерлік басқару жүйесінің болуы.	Елеулі
90	Барлық өлшеу құралдары мен ақпараттық-өлшеу жүйелерінің жарамды күйде, сондай-ақ олардың үнемі өлшеуге дайын болуы.	Өрескел
91	Энергия объектісінің метрологиялық қызмет функциясын орындайтын бөлімшелер персоналының өлшеу құралдарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын сақтау.	Елеулі
92	Қысқыш құрастырмаларына (қатарына) жалғанған сымдарда схемаларға сәйкес келетін таңбаның, сондай-ақ бақылау кабелінің ұшында, оларды қабырға, төбе арқылы өткізген кезде кабельдер легінің тармақталған және қиылысқан жерлерінде таңбаның болуы.	Өрескел
93	Автоматты ажыратқыштарда, сақтандырғыш қалыбында міндеті мен тоғы көрсетілген таңбаның болуы.	Елеулі
94	Ашық тарату құрылғыларының (бұдан әрі – АТҚ) конструкцияларында, жеке тұрған өзекті жайтартқыштарда, прожекторлық дінгектерде, түтін құбырлары мен градирияларда кез келген мақсаттағы (жарық беретін, телефондық, жоғары жиілікті) кернеуі 1000 В дейінгі әуе желілері (бұдан әрі – ӘЖ) сымдарын ілуге жол бермеу, сондай-ақ осы желілерді жарылыс қаупі бар үй-жайларға жеткізу.	Өрескел
95	Кернеудің жоғарылауын шектеушілер мен барлық кернеулердің вентильді ажыратқыштарын тұрақты қосылған күйде болуы.	Өрескел
96	Кемінде екі электр беру желілерімен өтелетін желімен байланысты қосалқы	Өрескел

	станцияларда жерге тұйықтаушы доға сөндіргіш реакторлардың болуы.	
97	Доға сөндіргіш реакторларды трансформаторлардың, генераторлардың немесе синхронды компенсаторлардың бейтараптарына ажыратқыштар арқылы қосылған болуы.	Өрескел
98	Доға сөндіруші реакторларды балқытылған сақтандырғыштармен қорғалған трансформаторларға қосылмауы.	Өрескел
99	Іске қосу кезінде және жұмыс режимдерінде олардың сенімді жұмысын қамтамасыз ететін электр қозғалтқыштарды пайдалану кезінде іске қосу реттеуші құрылғылардың және қорғанысының болуы.	Өрескел
100	Ротор орамасының және статордың белсенді болатының сумен салқындатылатын, сондай-ақ сумен ауаны салқындатқыштары бар электр қозғалтқышының корпусында судың пайда болуы туралы сигнализация беретін құрылғының болуы.	Өрескел
101	Нөсер суын ағызудың тазартылған жүйесінің болуы және оның жұмысқа қабілеттілігіне тексеру жүргізу.	Елеулі
102	Цемент тозаңының пайда болуын болдырмайтын еден жабынының болуы.	Болмашы
103	Қабырғалар, еден мен төбелері тозаң өткізбейтін сырмен сырланған болуы.	Болмашы
104	Тарату құрылғыларының үй-жайына тозаңның бөлмеге кіруіне жол бермеу үшін кіретін желдеткіште сүзгілердің болуы.	Елеулі
105	АТҚ кабель арналарын және жер үсті науаларын және жабық тарату құрылғыларын (бұдан әрі – ЖТҚ) жанбайтын плиталармен жабық болуы, кабельдік арналардан, туннельдерден, қабаттардан және кабельдік бөліктер арасындағы өтпелерден кабельдердің шығу	Өрескел

	орындары жанбайтын материалмен тығыздалған болуы.	
106	Судың кедергісіз ағуын қамтамасыз ететін таза ұсталатын туннельдердің, жертөлелердің, арналардың және дренаждық құрылғылардың болуы.	Өрескел
107	Жарамды май қабылдағыштың, май жинағыштың, қиыршық тас төгінділерінің, дренаждың және май бұрғыштардың болуы.	Елеулі
108	Айналадағы ауаның ең жоғары және ең төменгі температурасында май көрсеткіші шкаласы шегінде қалатын май ажыратқыштарында, өлшеу трансформаторларында және кірмелерде май деңгейінің болуы.	Елеулі
109	Герметикалық емес кіреберістегі майы ылғалдану мен қышқылданудан қорғалған болуы.	Елеулі
110	6-10 кВ тарату құрылғылары камералары шкафтарының ішінде доғалы қысқа тұйықталудан тез әсер ететін қорғанысының болуы.	Өрескел
111	Электр желілерін пайдаланатын ұйымның техникалық басшысының шешімі бойынша темірбетонды және металл тіректері бар ӘЖ – де – 12 жылда кемінде 1 рет, ағаш тіректері бар ӘЖ-де-6 жылда кемінде 1 рет орындалатын ӘЖ-ге күрделі жөндеу жүргізу мерзімдерін сақтау.	Өрескел
112	Кабельдік трассаларды қазу немесе оларға жақын жерде жер жұмыстарын жүргізуге жазбаша рұқсаттың болуы.	Өрескел
113	Электр қондырғыларында қалдықтарды: химиялық заттарды, майларды, қоқыстарды, техникалық суларды жинау және жою құрылғыларының болуы.	Елеулі
114	Ғимараттар мен құрылыстардың электр қондырғыларының жерге тұйықтау және осы ғимараттар мен құрылыстардың 2 және 3-ші санаттағы найзағайдан қорғайтын ортақ құрылғыларының болуы.	Өрескел

115	Әртүрлі электр қондырғыларының жерге тұйықтау құрылғыларын біріктіру үшін кемінде екі табиғи және жасанды жерге тұйықтау өткізгішінің болуы.	Өрескел
116	Өткізгіштердің кабельдермен, құбыржолдармен, темір жолдармен қиылысу орындарында , оларды ғимараттарға енгізу орындарында және қорғаныш өткізгіштерінің, өткізгіштердің механикалық зақымдануы мүмкін басқа да орындарда қорғанудың болуы.	Өрескел
117	Бұрандамалық қосылыстар немесе дәнекерлеу арқылы ашық өткізгіш бөліктерге жерге қосу және қорғау өткізгіштерін өткізгіштерінің қосылуының болуы.	Өрескел
118	Оқшауланған бейтарабы бар автономды жылжымалы қоректендіру көздерінде жарық және дыбыс сигналдары бар корпусқа (жерге) қатысты оқшаулау кедергісін үздіксіз бақылау құрылғысының болуы.	Елеулі
119	Ток өткізгіш бөліктердің, қоршаулар мен қабықтардың негізгі оқшаулауын қолданумен қамтамасыз етілген жылжымалы электр қондырғыларында тікелей жанасудан қорғаудың болуы.	Өрескел
120	Уақытша құрылғыларсыз кабельдік құрылыстардың болуы, оларда материалдар мен жабдықтарды сақтау.	Өрескел
121	Кабельдік құрылыстың ұзындығы 25 метрден (бұдан әрі – м) артық болған кезде кабельдік құрылыстан кем дегенде екі шығу жолының болуы.	Елеулі
122	Тығыздалған тартқыштары бар кабельдік құрылыстарда өздігінен жабылатын есіктердің болуы.	Өрескел
123	Қызмет көрсету көпірлері бар өтетін кабельдік эстакадаларда баспалдақтармен кіру есігінің болуы.	Елеулі
124	Кіре берістің өтпелі кабель эстакадалары арасындағы	Елеулі

	арақашықтықтың 150 м-ден кем болмауы.	
125	Өтпелі кабел эстакадаларының шетінен кіре беріске дейін 25 м-ден аспайтын арақашықтықтың болуы.	Елеулі
126	Кабель шаруашылығының қызмет көрсетуімен байланысты емес адамдардың эстакадаларға еркін кіруін болдырмайтын есіктердің болуы.	Өрескел
127	Өздігінен жабылатын құлыптары болуы тиіс эстакаданың ішкі жағынан кілтсіз ашылатын есіктердің болуы.	Өрескел
128	Кабель галереясына кіретін жолдар арасында 35 кВ жоғары емес кабельдерді төсеу кезінде 150 м артық емес, ал май толтырылған кабелдерді, пластмасса окшаулағышы бар кабелдерді төсеу кезінде – 120 м артық емес қашықтықтың болуы.	Елеулі
129	Сыртқы кабельдік эстакадаларда және галереяларда отқа төзімділік шегі 0,75 сағаттан кем емес темір бетоннан немесе отқа төзімділік шегі 0,25 сағаттан кем емес болат прокаттан жасалған негізгі көтергіш құрылыс конструкцияларының (бағаналар, арқалықтар) болуы.	Елеулі
130	Металл баспалдақтармен жабдықталған кабельдік құдықтар мен камералардың болуы.	Өрескел
131	Электр машиналық үй-жайларда кабел арналары мен қос едендердің жабындысы бұдырланған болатпен, паркеттік едені бар басқару қалқандарының үй-жайларында төменгі жағынан асбестпен және асбест-қаңылтырмен қорғалған паркеті бар ағаш қалқандарының бар болуы.	Елеулі
132	Кабель құдықтарының металл баспалдақтарының болуы.	Елеулі
	Диаметрі кемінде 650 миллиметр (бұдан әрі – мм) және қос металл қақпақтармен жабылатын кабельдік құдықтар мен	

133	туннельдерде люктердің болуы, олардың астыңғы жағында кілтсіз туннель жағынан ашылатын құлыпқа жабуға арналған құрылғы болуы.	Елеулі
134	Кабельдік құдықтар мен туннельдердің люктерінің қақпақтарында ашуға арналған құралдың болуы.	Елеулі
135	Эстакадаларды, жалғастырушы муфталарға арналған құдықтарды, арналар мен камераларды қоспағанда, әрбір бөлік үшін тәуелсіз табиғи немесе жасанды желдеткішпен кабельдік құрылыстарда болуы.	Елеулі
136	Кабельдік құрылыстарда қыс мезгілдерінде туннельдің жануы және қатуы туындаған жағдайда ауаның кіруін тоқтату үшін жапқышы (сұқпажапқышы) бар желдеткіш құрылғыларының болуы.	Өрескел
137	Эстакадалар мен галереялардың астында және үстінде байланыс және радиофикация сымдарының орналасу тәртібін сақтау.	Елеулі
138	Өнеркәсіптік кәсіпорын аумағының жүрмейтін бөлігінде кабельдік эстакаданың және галереяның ең төменгі биіктігінің болуы жердің жоспарлау белгісінен кемінде 2,5 м деңгейінде кабельдердің төменгі қатарын төсеу мүмкіндігі есебінен қабылданады.	Елеулі
139	Монтаждау және пайдалану кезінде қауіпті механикалық кернеулердің пайда болуын және олардағы зақымдануларды болдырмайтындай етіп жобаланған кабельдік желілердің болуы, олар үшін кабельдер топырақтың ықтимал жылжуын және температуралық деформацияларды өтеу үшін жеткілікті ұзындықтағы маржамен төселуі керек. кабельдер мен құрылымдардың өздері, соған сәйкес олар төселеді.	Елеулі

140	Сақиналар (бұрылыстар) түрінде төсеуді қоспағанда, кабель қорын төсеу талабын сақтау.	Елеулі
141	Кабель желілерінің болуы монтаждау және пайдалану процесінде оларда қауіпті механикалық кернеулер мен зақымдардың пайда болуын болдырмайтындай етіп орындалуы тиіс, ол үшін конструкциялар мен қабырғалар бойынша тігінен төселген кабельдер қабықтардың деформациялануын болдырмайтындай және кабельдердің өз салмағының әсерінен муфталардағы өзектердің қосылуы бұзылмайтындай етіп бекітілуі тиіс.	Елеулі
142	Кабель желілерінің болуы монтаждау және пайдалану процесінде оларда қауіпті механикалық кернеулер мен зақымдардың пайда болуын болдырмайтындай етіп орындалуы тиіс, ол үшін броньдалмаған кабельдер салынатын конструкциялар кабель қабықтарының механикалық зақымдану мүмкіндігін болдырмайтындай етіп орындалуы тиіс, осы кабельдердің қабықшалары қатты бекітілетін орындарда осы кабельдердің қабықшалары серпімді төсемдердің көмегімен механикалық зақымдану және коррозиядан қорғалуы тиіс.	Елеулі
143	Кабель желілерінің болуы монтаждау және пайдалану процесінде оларда қауіпті механикалық кернеулер мен зақымданулардың пайда болуын болдырмайтындай етіп орындалуы тиіс, ол үшін механикалық зақымданулар (автокөліктердің, механизмдер мен жүктердің қозғалысы) бөгде адамдар үшін қолжетімділік болуы мүмкін жерлерде орналасқан кабельдер (оның ішінде броньды) биіктігі бойынша еден немесе жер деңгейінен 2 м және жерде 0,3 м қорғалуы тиіс.	Елеулі

144	Кабель желілерінің болуы монтаждау және пайдалану процесінде оларда қауіпті механикалық кернеулер мен зақымдардың пайда болуын болдырмайтындай етіп орындалуы тиіс, ол үшін пайдаланудағы басқа кабельдердің жанына кабельдерді төсеу кезінде соңғысының зақымдануын болдырмау үшін шаралар қолданылуы тиіс.	Елеулі
145	Кабель желілерінің болуы монтаждау және пайдалану процесінде оларда қауіпті механикалық кернеулер мен зақымдардың пайда болуын болдырмайтындай етіп орындалуы тиіс, ол үшін кәбілдер қыздырылған беттерден рұқсат етілгеннен жоғары қыздыруға жол бермейтін қашықтықта төселуі тиіс, бұл ретте кәбілдерді ысырмалар мен фланецті қосылыстар орнатылатын орындарда ыстық заттардың жарылуынан қорғау көзделуі тиіс.	Елеулі
146	Өндірістік үй-жайларда кабель желілерін төсеу кезінде: 1) кабельдер жөндеуге, ал ашық төселген кабельдер тексеруге қол жетімді болуы керек. Механизмдердің, жабдықтардың, жүктердің және көліктің орын ауыстыруы жүргізілетін орындарда орналасқан кәбілдер (оның ішінде броньды кәбілдер) зақымданудан қорғалуы тиіс; 2) параллель салынған қуат кабельдері мен құбырлардың кез – келген түрі арасындағы қашықтық кемінде 0,5 м, ал газ құбырлары мен жанғыш сұйықтықтары бар құбырлар арасындағы қашықтық кемінде 1 м болуы керек. жақындау қашықтығы аз болған кезде және қиылысқан кезде кабельдер механикалық зақымданудан (металл құбырлар, қаптамалар) бүкіл жақындау учаскесінде қосымша 0,5 м қорғалуы керек, ал қажет болған жағдайда қызып кетуден қорғалуі тиіс талаптарды сақтау.	Елеулі

147	Еденнен кемінде 1,8 м биіктікте орындалған өткелдердің кабельдік қиылыстарын сақтау.	Елеулі
148	Тік жазықтықта жанғыш сұйықтығы бар май құбырлары мен құбырлардың үстінен және астынан кабельдерді қатарлас төсеуді сақтау.	Өрескел
149	Металл және темір бетонды көпірлер бойынша және оларға асбест-цементті құбырларға жақындағанда кабель желілерін төсеу талаптарын сақтау.	Елеулі
150	Болат құбырларда ағаш құрылыстар (көпірлер, айлақтар, пирстер) бойынша кабель желілерін төсеу талаптарын сақтау .	Елеулі
151	Әуе желілері тіректерінде жерден 2,2-3 метр биіктікте тірек орнатылған жыл және реттік номері, әуе желілері тіректерінен кабельді байланыс тораптарына дейінгі арақашықтық көрсетілген плакат (байланыс кабеліне дейін 4 метрден кем болмайтын қашықтықтағы тірекке ілінуі тиіс), ал 250 метрден кейін әуе желілері магистралі бойымен – қорғау зонасының көлденеңі мен әуе желілері иесінің телефонының болуы.	Елеулі
152	Оқшауланбаған сымдардың салмақ салуының ең үлкен жебесі немесе ең үлкен ауытқуы кезінде сымдардан ағаштарға, бұталарға және басқа өсімдіктерге дейін кемінде 1 м қашықтықтың болуы.	Елеулі
153	ӘЖ-ден ғимаратқа кіреберіске дейінгі тармақ аралығының ұзындығы бұтақ орындалатын тіректің беріктігіне байланысты есептеумен анықталады, ол 25 м-ден аспауы тиіс.	Елеулі
154	Жер бетінен 1,6–1,8 м биіктікте электр қабылдағыштарды қосуға арналған тіректерде орнатылатын аппараттардың болуы.	Елеулі
	Ең үлкен салбырау жебесі кемінде 1,2 м болған кезде олардың	

155	жақындасу шарттары бойынша тіректе және аралықта сымдар арасындағы қашықтықтың болуы: 1) сымдар тік орналасқан және көлденең ығысатын сымдар 20 см – 60 см – ден аспайтын жерлерде көктайғақ қабырғасының нормативтік қалыңдығы 15 мм-ге дейінгі аудандарда және көктайғақ қабырғасының нормативтік қалыңдығы 20 мм және одан асатын аудандарда-90 см-ден аспайтын аудандарда орналасқан кезде; 2) көктайғақ кезінде желдің жылдамдығы 18 м/с дейін болғанда – 40 см, жылдамдығы 18 м/с артық болғанда – 60 см.	Елеулі
156	Әуе желілерінен тармақталу кезінде тіректе әр түрлі фазалардың сымдары арасында тігінен арақашықтықтың болуы және жалпы тіректе әр түрлі әуе желілерінің қиылысуы кезінде кемінде 10 см болуы, сондай-ақ олардың осьтері бойынша енгізу изоляторлары арасындағы арақашықтықтың сақталуы кемінде 40 см болуы тиіс.	Елеулі
157	Тірекке түсер кездегі сымдар арасындағы көлденең арақашықтық кемінде 15 см және сымнан бағанға, траверске және басқа тіректің элементтеріне дейінгі ара қашықтық кемінде 5 см болуы.	Елеулі
158	Ортақ тіректерге окшауланған сымдарды және 1 кВ-қа дейінгі окшауланбаған әуе желілері сымдарын бірге ілгенде тіректе және аралықта вертикалды арақашықтығы қоршаған орта температурасы желсіз +150 С болған жағдайда 0,4 м-ден кем болмауы.	Елеулі
159	Бір фазаны екі сымға бөле отырып , ӘЖ-де жалпы нөлдік сымы бар жеті сымның ілінуінің болуы, ол бойынша шоғырланған жүктемесі бар жекелеген тұтынушыларды қоректендіру жүзеге асырылады.	Елеулі
	Тіректердің материалына, атмосфераның ластану дәрежесіне	

160	және найзағай белсенділігінің қарқындылығына қарамастан, әуе желілерінде оқшаулағыш материалдардан жасалған изоляторлардың не траверстердің болуы.	Елеулі
381	Жылына кемінде бір рет энергия өндіруші ұйымның әкімшілік-техникалық персоналын қоспағанда, электр техникалық және электр технологиялық персоналдың, оның ішінде жедел келіссөздер мен қайта қосуды жүргізуге құқығы бар басшылар мен мамандардың білімін мерзімді (кезекті) біліктілік тексеруден өту мерзімін сақтау.	Өрескел
382	Келесі күнтізбелік жылға білімін біліктілік тексеруге жататын басшылардың тізімін Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетіне жыл сайын 1 желтоқсанға дейін жіберу мерзімін сақтау.	Елеулі
383	Энергия өндіруші ұйым басшысының жұмысқа қабылданғаны немесе жұмыстан босатылғаны туралы ақпаратты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетіне басшы қабылданған (жұмыстан	Елеулі

	босатылған) күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде жолдау мерзімін сақтау.	
384	Біліктілік тексеру жүргізу үшін комиссия құру туралы энергия өндіруші ұйым басшысының бұйрығының болуы.	Елеулі
385	Энергия өндіруші ұйым жыл сайын 25 желтоқсанға дейінгі мерзімде жасайтын келесі күнтізбелік жылға білімді біліктілік тексеруге жататын мамандар тізімінің болуы.	Елеулі
386	Білімді біліктілік тексеру қорытындысы бойынша білімді біліктілік тексеру хаттамасын ресімдеу.	Елеулі
387	Жедел және жедел-жөндеу персоналымен, энергия қондырғыларын басқаруды жүзеге асыратын жедел басшылармен жұмыс жүргізу нысандарын сақтау: жаңа лауазым бойынша даярлау: оқыту; жұмыс орнында тағылымдама; білімді бастапқы біліктілік тексеру; қайталау; мерзімді білімді біліктілік тексеру; аварияға қарсы бақылау және өртке қарсы жаттығулар; нұсқаулықтар; біліктілікті арттыру .	Елеулі
388	Жөндеу персоналымен жұмыс жүргізу нысандарын сақтау: жаңа лауазым бойынша даярлау: жұмыс өндірісінің қауіпсіз әдістеріне оқыту; жұмыс орнында тағылымдама; білімді бастапқы біліктілік тексеру; мерзімді білімді біліктілік тексеру; аварияға қарсы бақылау және өртке қарсы жаттығулар; нұсқаулықтар; біліктілікті арттыру.	Елеулі
389	Энергия өндіруші ұйымның басшысы әзірлеген және бекіткен персоналмен жылдық жұмыс жоспарының болуы.	Елеулі
	Персоналмен жұмыс істеу жоспарында мынадай бағыттар бойынша іс-шаралардың болуы: персоналды (басшыларды, мамандарды және жұмысшыларды	

390	) даярлау, оның ішінде алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша оқудан өту; электр энергетикасы саласындағы білімді біліктілік тексеру; нұсқаулық; аварияға қарсы бақылау жаттығулары; біліктілікті арттыру ; техникалық кітапханалардың, техникалық кабинеттердің, қауіпсіздік техникасы бойынша кабинеттердің, полигондардың, тренажерлық дайындық орталықтарының мен пункттерінің жұмысын ұйымдастыру; жұмыс орындарын тексеру; кәсіби шеберлік бойынша жарыстар және персоналмен жұмыстың басқа ұжымдық түрлері өткізу; персоналдың мерзімдік медициналық тексеруін жүргізу.	Елеулі
391	Әрбір лауазым және әрбір жұмыс орны үшін әзірленген және энергия өндіруші ұйымның бас техникалық басшысымен бекітілген қызметкерлерді жаңа лауазым бойынша даярлау үшін үлгілік бағдарламалардың болуы.	Елеулі
392	Лауазымға тағайындалғаннан кейін бір айдан кешіктірілмейтін мерзімде немесе техникалық басшы бекіткен даярлаудың үлгілік немесе жеке бағдарламасында көрсетілген мерзімде оқу және тағылымдама аяқталғаннан кейін білімді бастапқы біліктілік тексеруді жүргізу сақтау.	Өрескел
393	Білімін біліктілік тексеруден өтуден бас тартқан, сондай-ақ білімін біліктілік тексеру кезінде электр қауіпсіздігі бойынша топты расстауға жағдайында лауазымдық нұсқаулыққа сәйкес жұмыскерді еңбек міндеттерін өту орындаудан шеттетуге талабын сақтау.	Өрескел
394	Білімін кезектен тыс біліктілік тексеру тағайындалған сәттен бастап біліктілік расталған күнге дейін адамды атқаратын лауазымы бойынша лауазымдық міндеттерін орындауға жол бермеу талабын сақтау.	Өрескел

395	Орталық комиссия төрағасына мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік органда білімін тексеруден өткен адамды тағайындау талабын сақтау.	Елеулі
396	Құрамында төртіншіден төмен емес электр қауіпсіздігі бойынша рұқсат беру тобы бар кемінде үш адамнан тұратын энергия өндіруші ұйымның біліктілік тексерулері жөніндегі орталық комиссияның болуы.	Елеулі
397	Жұмыскерді дербес жұмысқа жіберу туралы ұйым немесе құрылымдық бөлімше бойынша өкімдік құжаттың болуы.	Болмашы
398	Әрбір құрылымдық бөлімшеде техникалық басшы бекіткен барлық лауазымдар мен мамандықтар үшін қайталама нұсқамалар тақырыптарының жылдық тізбесінің болуы.	Елеулі
399	Энергия өндіруші ұйымның электр энергиясының бөлшек сауда нарығында өз қызметін жүзеге асыру кезінде жүйелік оператор бекіткен электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік графигін сақтауы.	Өрескел
400	Электр станцияларының, жылу және электр желілерінің жабдықтар түрлері, ғимараттары мен құрылыстары бойынша техникалық қызмет көрсету журналдарының болуы.	Елеулі
401	Жобалық қызметпен айналысуға лицензиясы бар мамандандырылған жобалау ұйымдары әзірлеген "Электр станциясының қуатын беру схемасы" негізінде мәлімделген электр қуаты 5 МВт және одан астам желі пайдаланушыларын электр желісіне қосуға техникалық шарттар беру талабын сақтау.	Өрескел
	Жүйелік оператордың нұсқауы бойынша энергия беруші ұйымның электр желілерін	

402	мынадай мән-жайлар кезінде генерациялайтын қондырғылардан ажырату тәртібін сақтау: 1) адамдардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне немесе электр қондырғылары жабдықтарына төніп тұрған қауіп-қатердің алдын алу; 2) электр станциясындағы немесе қосу жабдықтарындағы авария; 3) энергия өндіруші ұйымның жедел персоналының энергия беруші ұйымның немесе жүйелік оператордың диспетчерлік өкімдерін орындамауы; 4) авариялық жағдайларды жою және оның дамуын болдырмау; 5) еңсерілмейтін күш жағдайлары.	Өрескел
403	Электр беру желілері мен электр қондырғыларын жөндеудің жылдық графиктері өзгерген кезде Жүйелік оператордың өңірлік диспетчерлік орталығымен келісудің болуы.	Өрескел
404	Электр станцияларының генерациялайтын қондырғыларын тоқтатудың жылдық графиктері өзгерген кезде Жүйелік оператордың ұлттық диспетчерлік орталығымен келісудің болуы.	Өрескел
405	Ғимараттар мен құрылыстарды салу және монтаждау кезінде жабдықтар мен құрылыстардың тораптарын, сондай-ақ жасырын жұмыстарды аралық қабылдауды жүргізуді сақтау.	Өрескел
406	Тексеруді және технологиялық схемаларды сынамалық іске қосу кезінде жабдықтың жұмыс қабілеттілігінің, оларды пайдалану қауіпсіздігінің, барлық бақылау және басқару жүйелерін, оның ішінде автоматты реттегіштерді, қорғау және бұғаттау құрылғыларын, дабыл құрылғылары мен бақылау-өлшеу аспаптарын баптаудың, жабдықтың кешенді сынауға дайындығын тексере отырып, болуы.	Өрескел
	Жинақтаған және оқытылған (білімін тексере отырып)	

407	пайдалану және жөндеу персоналының; ұйымның техникалық басшысы әзірлеген және бекіткен пайдалану нұсқаулықтарының, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтардың және жедел схемалардың, есепке алу және есептілік жөніндегі техникалық құжаттаманың; байланыс желілері бар диспетчерлік және технологиялық басқару құралдарын, өрт дабылы және өрт сөндіру, авариялық жарықтандыру жүйелерін қолданысқа енгізу, желдету; бақылау және басқару жүйелерін монтаждау және жолға қою; энергия объектісін сенімді және қауіпсіз пайдалану үшін сынамалы іске қосу шарттарының алдында отын, реагенттер, материалдар, құралдар қорларының болуы.	Өрескел
408	48 сағат ішінде жүктеме кезінде күрделі жөндеуден өткен электр станцияларының жабдықтарын қабылдау-тапсыру сынақтарының болуы.	Өрескел
409	Кешенді сынақтан өткізгеннен және анықталған ақаулар мен кемшіліктерді жойғаннан кейін, қабылдау комиссиясы ресімдеген жабдықты өзіне қатысты ғимараттар мен құрылыстармен пайдалануға қабылдау актісінің болуы.	Өрескел
410	Электр станцияларының негізгі жабдықтарын, ғимараттары мен құрылыстарын жөндеудің барлық түрлеріне арналған перспективалық, жылдық және айлық графиктердің болуы.	Елеулі
411	Күрделі және орташа жөндеуден өткен электр станциялары, 35 кВ және одан жоғары кіші станциялар үшін 48 сағат ішінде жүктемемен, жылу желілері үшін 24 сағат ішінде қабылдау-тапсыру сынақтарының болуы.	Өрескел
	Жоспарланған жөндеуді уактылы және сапалы жүргізу үшін жөндеу құжаттамасының, өндіріс	

412	құралдары мен құралдарының, кіші бөлшектердің, материалдардың және тораптар мен жабдықтардың айырбастау қорының пайдалану (авариялық) қорының болуы.	Өрескел
413	Нұсқаулықтарда, схемаларда және сызбаларда пайдалану процесінде орындалған және бақылаушы тұлғаның қолы қойылған, оның лауазымы мен өзгеріс енгізілген күні көрсетілген энергия қондырғыларындағы барлық өзгерістердің болуы.	Өрескел
414	Энергия объектісінің техникалық басшысы бекіткен тексеруге жататын өлшем құралдарының нақты тізбесінің болуы.	Өрескел
415	Жер бетінде су құбырының, канализацияның, жылу жүргізудің , сондай-ақ жабық аумақтарда газ құбырларының, ауа құбырларының, кабельдердің жер астында жасырын коммуникациялары көрсеткіштерінің болуы.	Өрескел
416	Жобалық деректер негізінде айқындалған және көрінетін жерлерде орнатылған жабулардың әрбір учаскесі үшін шекті жүктемесі бар тақтайшалардың болуы.	Өрескел
417	Негізгі гидротехникалық құрылыстардың осьтерінде жазулары бар белгілердің болуы, сондай-ақ базистік реперлермен байланыстың болуы.	Елеулі
418	Сорды ұстап қалатын конструкцияларды (торлар, торлар , запандар) тұрақты тазартуды орындау.	Өрескел
419	Әрбір электр станцияларында беріктілік және үнемділік шарттары бойынша белгіленген шекті мәндердің сорды ұстап қалатын торларда өзгеру деңгейлерінің болуы.	Елеулі
420	Өртүрлі су пайдаланушылардың суды пайдаланудың ай сайынғы көлемін белгілейтін кешенді пайдаланудағы су қоймасы бар су электр станциялары үшін жылдық	Өрескел

	су шаруашылығы жоспарының болуы.	
421	Градирнялардың суаратын конструкциясын минералды және органикалық шөгінділерден тазартуды орындау.	Өрескел
422	Электр қозғалтқыштарында және олар жүргізетін механизмдерде айналу бағытын көрсететін бағыттамаалардың болуы.	Өрескел
423	Электр қозғалтқыштарында және олардың іске қосу құрылғыларында олар жататын агрегаттың атауы жазылған жазулардың болуы.	Өрескел
424	Трансформаторлар мен сыртта орнатылатын реакторлардың бактарында станциялық (кіші станциялық) нөмірлерінің болуы, сондай-ақ трансформаторлық пункттер мен камералардың есігінде және ішкі бетінде осындай нөмірлердің болуы.	Өрескел
425	Бірфазалы трансформатор мен реактордың бактарында фаза түсінің болуы.	Өрескел
426	Жабық тарату құрылғылары камераларының есіктері мен ішкі қабырғаларында, ашық тарату құрылғылары жабдықтарының, жинақтаушы тарату құрылғысының сыртқы және ішкі бет бөліктерінде, жинақтарда, сондай-ақ қалқандар панельдерінің беткі және сыртқы жактарында қосулардың мақсатын және олардың диспетчерлік атауын көрсететін жазулардың болуы.	Өрескел
427	Тарату құрылғыларының есіктерінде электр қондырғыларында пайдаланылатын қорғаныс құралдарын қолдану және сынау бойынша ескерту белгілерінің болуы.	Өрескел
428	Сақтандырғыш қалқандарда және (немесе) қосылыстардың сақтандырғыштарында балқытылған ендірменің номиналды тогын көрсететін жазбаның болуы.	Өрескел

429	Жабдық корпустарының металл бөліктерінде фаза түстерін белгілеудің болуы.	Өрескел
430	Ажыратқыштардың, жерге тұйықтаушы пышақтардың, бөлгіштердің, аппараттардан қабырғалармен бөлінген қысқа тұйықтағыштардың жетектерінде ажыратылған және қосылған жағдайдағы көрсеткіштердің болуы.	Өрескел
431	Аккумулятор батареясының үй-жайындағы температураны 10 0С-тан төмен ұстап тұру, бұл ретте персоналдың тұрақты кезекшілігі жоқ кіші станцияларда және егер батареяның сыйымдылығы температураның төмендеуін ескере отырып таңдалып, есептелген жағдайда, температураны 5 0С-қа дейін төмендетуге жол беріледі.	Өрескел
432	Аккумулятор батареялары үй-жайының есігінде "Аккумулятор бөлмесі", "От қауіпті", "Темекі шегуге тыйым салынады" деген жазулардың және ашық отты пайдалануға және темекі шегуге жол бермеу туралы тиісті қауіпсіздік белгілерінің болуы.	Өрескел
433	Энергетикалық объектінің техникалық басшысы бекіткен график бойынша аккумуляторлық батареяларды қарап-тексеру графигінің болуы.	Өрескел
434	Әрбір аккумуляторлық қондырғыда қарап-тексеру мен жүргізілген жұмыстардың көлемі туралы жазылған журналдың болуы.	Елеулі
435	Желі бойынша негізгі деректерді көрсете отырып, әрбір кабель желісі үшін паспорттың болуы.	Өрескел
	Ашық төселген кабельдерде, сондай -ақ барлық кабель муфталарында белгілері бар биркалардың болуы; кабель биркаларында желінің соңы мен басында желінің маркасы, кернеуі, қимасы, нөмірі немесе атауы көрсетіледі; жалғастырушы	

436	муфталар биркаларында – муфтаның нөмірі, монтаждау күні, сондай-ақ биркалардың желінің ұзындығы бойынша орналасуы, ашық төселген кабельдерде 50 м кейін, сондай-ақ трассаның бұрылыстарында және кабельдердің отқа төзімді қалқалар мен жабындар арқылы өтетін жерлерінде (екі жағынан) көрсетіледі.	Өрескел
437	Кабель желілеріндегі тексеру кезінде анықталған бұзушылықтар туралы ақаулар мен олқылықтар журналында жазбаның болуы.	Елеулі
438	Металл қабықтары немесе сауыттары бар кабельдерді, сондай-ақ кабельдер төселген кабельдік құрылымдарды жерге тұйықтау немесе нөлдеуді орындау.	Өрескел
439	Жеткізушілерден энергия кәсіпорнына қабылданған отандық және шетелде шығарылған барлық энергетикалық майларына (турбиналық, электр окшаулағыш, компрессорлық, индустриялық және т.б.) мыналардың болуы: 1) сапа сертификаттары немесе паспорттары және олардың стандарт (мемлекеттік стандарт немесе техникалық шарттар) талаптарына сәйкестігін анықтау мақсатында зертханалық талдаудан өткен; 2) энергетикалық майдың әрбір жеткізілетін партиясына полихлордифенилдердің, полихлорбифенилдердің орнықты органикалық ластағыштарының жоқтығын растайтын сапа сертификаттары (паспорттары немесе сынақ хаттамалары); 3) энергетикалық майдың қауіпсіздік паспорттары.	Өрескел
440	Әрбір электр станциясында қосалқы жабдықтар үшін кемінде 45 күндік қажеттілікке жағармай материалдарының тұрақты қорының болуы.	Өрескел
	Диспетчерлік басқарудың барлық деңгейлерінде жедел келіссөздерді	

441	және электр станциялары мен ірі кіші станциялар ауысым бастықтарының жедел келіссөздерін жазу құрылғысына автоматты түрде тіркеудің болуы.	Өрескел
442	Жабық тарату құрылғыларының үй-жайлары мен дәліздерінде тарату құрылғысына жатпайтын қоймалар мен басқа да қосалқы құрылыстардың болуына, сондай-ақ электр техникалық жабдықтарды, материалдарды, қосалқы бөлшектерді, жанғыш сұйықтықтары бар сыйымдылықтарды және әртүрлі газдары бар баллондарды сақтауға жол бермеу.	Өрескел
443	Жабық тарату құрылғыларының кабельдік каналдарының және ашық тарату құрылғыларының жер бетіндегі плиттамен жабылған кабельдік лотоктарының болуы.	Өрескел
444	Кабель құрылыстарында кемінде 50 м сайын жақын жердегі шығу көрсеткіштерінің болуы.	Өрескел
445	Белгіленген қуаты 10 МВт-тан жоғары энергия өндіруші ұйымдардың екі тәуелсіз бағыты бойынша жүйелік оператордың диспетчерлік орталығына байланыс және телеметрия деректерін беру арналарын ұйымдастырудың болуы.	Өрескел
446	Жабдықтардың түрлері, электр станциясының ғимараттары мен құрылыстары бойынша техникалық қызмет көрсету жұмыстарын есепке алу журналдарының болуы.	Елеулі
447	Энергия өндіруші ұйымның жабдығын жөндеуге шығарудың бекітілген бағдарламасының болуы.	Елеулі
448	Энергия өндіруші ұйымның жабдықтарын жөндеу нәтижелері бойынша бекітілген нысандар бойынша жабдықтың техникалық жай-күйі параметрлерінің ведомосін толтыруды сақтау.	Елеулі
	Алты айдан астам мерзім ішінде атқаратын лауазымы бойынша лауазымдық міндеттерін	

449	орындамағаны үшін қызметкерге білімін кезектен тыс біліктілік тексеруді тағайындау туралы ұйым басшысының шешімінің болуы.	Елеулі
450	Осы жабдыққа дайындаушы зауыттың нұсқаулығына сәйкес номиналды деректері бар электр станцияларының негізгі және қосалқы жабдықтарында тақтайшаның болуы.	Елеулі
451	Нұсқаулықтарда, схемаларда және сызбаларда пайдалану процесінде орындалған және бақылаушы тұлғаның қолы қойылған, оның лауазымы мен өзгеріс енгізілген күні көрсетілген энергия қондырғыларындағы барлық өзгерістердің болуы.	Өрескел
452	Технологиялық схемаларда (сызбаларда) олардың нақты қолданыстағы схемаларға (сызбаларға) сәйкестігін тексеру туралы белгінің болуы 3 (үш) жылда кемінде 1 (бір) рет.	Өрескел
453	Басқарудың автоматтандырылған жүйесін пайдалануға беруге қабылдау комиссиясы актісінің болуы.	Елеулі
454	Энергия объектісі жасаған кестеге сәйкес өлшеу құралдарын тексеру талаптарын сақтау.	Елеулі
455	Жер бетіндегі жабық аумақтарда су құбыры, кәріз, жылыту коммуникациялары, сондай-ақ газ құбырлары, ауа құбырлары, кәбілдер жер астында жасырылған көрсеткіштердің болуы.	Елеулі
456	Жобалау ұйымымен және ғимаратты (құрылысты) саңылауларды тесуге, тірек және қоршау конструкцияларындағы ойықтар құрылғыларын, технологиялық жабдықтарды, көлік құралдарын, құбырларды және жабдықтарды монтаждау, бөлшектеу және жөндеу кезінде жүктерді көтеруге арналған құрылғыларды орнату, ілу және құрылыс конструкцияларына	Өрескел

	бекіту үшін пайдалануға жауапты адаммен келісудің болуы, қаңқаның байланыстарын кесу.	
457	Жобалық деректер негізінде анықталған шекті жүктемелері бар едендердің әрбір учаскесі үшін көрнекті орындарда тақтайшалардың болуы.	Өрескел
458	Техникалық басшымен бекітілген гидротехникалық құрылыстардың механикалық жабдықтарын мерзімді тексеру және тексеру кестесінің болуы.	Елеулі
459	Гидротехникалық құрылыстарда су өткізбеушілікпен, оларды табалдырыққа дұрыс отырғызумен және тірек контурына тығыз орналасумен қамтамасыз етілген бекітпелердің болуы, сондай-ақ қысыммен жұмыс істеу кезінде бекітпелердің бұрмалануы мен жол берілмейтін деформацияларының болмауы.	Өрескел
460	Гидротехникалық құрылыстарда қоқыстан тазартылған сороқшаулағыш конструкциялардың болуы.	Өрескел
461	Механикалық жабдықта және гидротехникалық құрылыстардың металл бөліктерінде дрейсенаның тоттануынан және ластануынан қорғаудың болуы.	Өрескел
462	Қуаты 30 МВт-тан асатын және үштен асатын агрегаттар саны бар гидроэлектростанцияда жиілігі мен қуат ағындары бойынша энергия жүйелерінің режимін қайталама автоматты реттеу үшін пайдалану мүмкіндігі бар белсенді қуатты топтық реттеу жүйесінің болуы.	Өрескел
463	Арматурада құбырлардың технологиялық схемаларына сәйкес атаулар мен нөмірлердің, сондай-ақ штурвалдың айналу бағытының көрсеткіштерінің болуы.	Елеулі
464	Үй-жайлардың ішінде және кәбіл құрылыстарында жанатын джут жабынын алып тастамай төселген брондалған кәбілдердің болмауы.	Өрескел

465	Кәбіл құрылыстарында диаметрі 100 (жүз) мм-ден асатын кәбіл байламдарының болмауы.	Өрескел
466	Тарату құрылғыларында жарамды май қабылдағыштың, май жинағыштың, қиыршық тастардың, дренаждардың және май бұрғыштардың болуы.	Өрескел
467	Ұйымның техникалық басшысы бекіткен әуе желілерін мерзімді тексеру кестесінің болуы.	Өрескел
468	Мырышталмаған металл тіректердің және темірбетон және ағаш тіректердің металл бөлшектерінің, сондай-ақ болат арқандар мен тіректердің тартқыштарының тоттануға қарсы жабынының болуы.	Өрескел
469	Энергия объектісінің ғимараттарын, құрылыстарын және санитарлық-техникалық жүйелерін көктемгі және күзгі қарап-тексеруді сақтау.	Өрескел
470	Жедел және жедел емес персоналдың қате әрекеттері, басшы персоналдың және (немесе) құрылымдық бөлімшелердің жұмысындағы кемшіліктер, жабдықтарға техникалық қызмет көрсету мен жөндеуді қанағаттанғысыз ұйымдастыру нәтижесінде туындаған аварияның немесе I дәрежелі істен шығулардың болуы.	Өрескел
471	Жедел және жедел емес персоналдың қате әрекеттері, басшы персоналдың жұмысындағы кемшіліктер, жабдықтарға техникалық қызмет көрсету мен жөндеуді қанағаттанғысыз ұйымдастыру нәтижесінде туындаған 3 және одан да көп II дәрежелі істен шығулардың болуы.	Елеулі
472	Қызметкердің өндірістік жарақаттануы, денсаулығының кенеттен нашарлауы немесе улануы салдарынан оның өліміне әкеп соқтырған жазатайым оқиға туралы бір және одан көп энергия өндіруші ұйымның жедел немесе жазбаша хабарламасының болуы.	Өрескел

473	Қызметкердің өндірістік жарақаттануы, денсаулығының кенеттен нашарлауы немесе улануы салдарынан оның еңбекке қабілеттілігінен уақытша немесе тұрақты айрылуына, кәсіптік ауруға шалдығуына жазатайым оқиға туралы энергия ұйымның бір және одан көп жедел немесе жазбаша хабарламасының болуы.	Елеулі
474	Электр станциясы техникалық көрсеткіштерінің негізгі және кіші энергетикалық жабдықтың жинағы мен құрамы бойынша жобалық (паспорттық) деректерге сәйкес келмеуі.	Өрескел
475	Негізгі және қосалқы энергетикалық жабдықтардың, ғимараттар мен құрылыстардың техникалық жай-күйін бағалаудың болуы.	Елеулі
476	Электр және жылу энергиясын өндіретін ұйымдардың техникалық пайдалану деңгейінің мынадай жабдықтар: 1) станциялық жылыту қондырғылары; 2) күлді ұстап қалатын және күл жою жүйелері; 3) жылу электр станцияларының құбыржолдары; 4) жылу автоматикасы және өлшеу құрылғылары; 5) реттеу және турбиналардың бу тарату жүйелері; 6) су жылыту және бу энергетикалық қазандары; 7) газ шаруашылығы; 8) мазут шаруашылығы; 9) отын-көлік жабдығы; 10) мұнаралық градирнялар; 11) өндірістік ғимараттар, құрылыстар және аумақтар; 12) табиғатты қорғау объектілері; 13) релелік қорғау, аварияға қарсы автоматика және байланыс құрылғылары; 14) гидротурбиналық жабдықтар; 15) электр техникалық жабдықтар (генераторлар, электр	Өрескел

	қозғалтқыштары, күш және өлшеу трансформаторлары, реакторлар, коммутациялық аппараттар); 16) компрессорлық, аккумуляторлық, электролиздік қондырғылар болған кезде электр энергетикасы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес келуі.	
477	Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік органның шешімдері бойынша іс-шаралардың болуы.	Өрескел
478	Технологиялық бұзушылықтарды тергеу актілері бойынша іс-шаралардың болуы.	Өрескел
479	Жедел және диспетчерлік тәртіпті сақтау бойынша талаптардың болуы.	Өрескел

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Ұлттық экономика министрі
2025 жылғы 22 қаңтардағы
№ 4 мен
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
міндетін атқарушы
2025 жылғы 22 қаңтардағы
№ 33-н/қ бірлескен бұйрыққа
4-қосымша
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2019 жылғы 26 тамыздағы
№ 290 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2019 жылғы 27 тамыздағы
№ 78 бірлескен бұйрығына
2-қосымша

Жылу энергетикасы саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы жылу энергетикасы саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 141-бабының 5-тармағына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 22 маусымдағы № 48 бұйрығымен бекітілген Реттеуші мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау және басқару

жүйесін қалыптастыру қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28577 болып тіркелген) сәйкесбақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексеру мақсатында жылу энергетикасы саласындағы бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін әзірленді.

2. Өлшемшарттарда мынадай ұғымдар қолданылады:

1) болмашы бұзушылықтар – технологиялық бұзушылықтардың туындауына, энергия тұтынудың белгіленген режимдерінің бұзылуына, халықтың өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға қауіп төндіретін алғышарттар туғызбайтын жылу энергетикасы саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптардың бұзылуы;

2) елеулі бұзушылықтар – жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне зиян келтіруіне әкеп соқтырған немесе әкеп соғуы мүмкін жылу энергетикасы саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптардың бұзылуы, сондай-ақ технологиялық бұзушылықтар туралы есептерді, мәліметтерді, жедел хабарламалар мен электрмен жабдықтау сенімділігінің көрсеткіштері туралы ақпаратты уақтылы ұсынбау;

3) жергілікті жылумен жабдықтау жүйесі – бір жеке немесе заңды тұлғаға тиесілі не кондоминиум объектісінің ортақ мүлкінің құрамына кіретін және орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйесінің желілері болып табылмайтын жылу желілері арқылы бір немесе бірнеше жылу энергиясы көзінен бір немесе бірнеше жылу энергиясын тұтынушы үшін жұмыс істейтін жылумен жабдықтау жүйесі;

4) жылу өндіруші субъект – жылу энергиясын өндіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын дара кәсіпкер немесе заңды тұлға;

5) жылу тасымалдаушы субъект – жылу энергиясын тасымалдау және (немесе) өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын дара кәсіпкер немесе заңды тұлға;

6) жылу энергетикасы – жылу энергиясын өндіру, тасымалдау, өткізу және тұтыну саласы;

7) жылу энергетикасы саласындағы бақылау субъектілері (объектілері) – жылу өндіруші, жылу тасымалдаушы субъекттер, жеке және заңды тұлғалар, энергетикалық сараптаманы жүзеге асыратын сараптама ұйымдар;

8) орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйесі – тұтынушылардың жиынтық қосылған жүктемесі жиырма мегаваттан асатын жылу желілері арқылы тұтынушыларға жылу жеткізгішті тасымалдай отырып, бір немесе бірнеше жылу энергиясы көзінен жылумен жабдықтайтын жүйе;

9) өрескел бұзушылықтар – адам өмірі мен денсаулығына, өртке, қоршаған ортаның ластануына, белгіленген энергия тұтыну режимдерінің бұзылуына әкеп соқтырған немесе әкеп соғуы мүмкін жылу энергетикасы саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптардың бұзылуы, сондай-ақ есептерді, технологиялық

бұзушылықтар туралы есептерді, мәліметтерді, жедел хабарламалар мен электрмен жабдықтау сенімділігінің көрсеткіштері туралы ақпаратты ұсынбау және дәйексіз мәліметтерді ұсыну;

10) тәуекел – бақылау субъектісінің қызметі нәтижесінде адам өміріне немесе денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүліктік мүдделеріне салдарларының ауырлық дәрежесін ескере отырып зиян келтіру ықтималдығы;

11) тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі – тиісті қызмет салаларында тәуекелдің жол берілетін деңгейін қамтамасыз ете отырып, кәсіпкерлік еркіндігін шектеудің ең төменгі ықтимал дәрежесі мақсатында бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексерулерді кейіннен жүзеге асыру үшін бақылау субъектілерін (объектілерін) тәуекел дәрежелері бойынша бөлу арқылы қолайсыз факторлардың туындау ықтималдығын азайтуға бағытталған, сондай-ақ нақты бақылау субъектісі (объектісі) үшін тәуекел деңгейін өзгертуге және (немесе) осындай бақылау субъектісін (объектісін) бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудан және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексеруден босатуға бағытталған басқарушылық шешімдерді қабылдау процесі;

12) технологиялық бұзушылық – жылу энергиясын өндіру, беру, тұтыну процесінің бұзылуына әкеп соққан жабдықтың, жылу желілерінің істен шығуы немесе зақымдануы, оның ішінде жану немесе жарылыс, белгіленген режимдерден ауытқу, жабдықтың санкцияланбаған ажыратылуы немесе жұмыс қабілеттігінің шектелуі немесе ақаулары салдарынан істен шығуы немесе зақымдануы;

13) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі – объективті өлшемшарттар) – жылу энергетикасы саласындағы тәуекел дәрежесіне байланысты бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын және бақылаудың жекелеген субъектісіне (объектісіне) тікелей тәуелді болмайтын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

14) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі – субъективті өлшемшарттар) – нақты бақылау субъектісі (объектісі) қызметінің нәтижелеріне қарай бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

15) тексеру парағы – бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметіне қойылатын, олардың сақталмауы адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне қатер төндіруге алып келетін талаптар тізбесі.

3. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудың еселігі жоғары және орташа тәуекел дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты, жылына екі реттен жиі емес, айқындалады.

4. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау Кодекстің 144-2-бабының 4-тармағына сәйкес қалыптастырылатын бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы Профилактикалық бақылаудың жартыжылдық тізімдері негізінде жүргізіледі.

5. Жылу энергетикасы саласындағы бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау үшін Өлшемшарттар объективті және субъективті өлшемшарттар арқылы қалыптастырылады.

2-тарау. Объективті өлшемшарттар

6. Объективті өлшемшарттарды анықтау тәуекелді анықтау арқылы жүзеге асырылады.

Тәуекелді айқындау мынадай өлшемшарттардың бірін ескере отырып жүзеге асырылады:

- 1) объектiнiң қауiптiлiк (күрделiлiк) деңгейi;
- 2) реттелетiн салаға (облысқа) ықтимал терiс салдарлардың, зиянның ауырлық ауқымы;
- 3) адамның өмiрi немесе денсаулығы, қоршаған орта, жеке және заңды тұлғалардың , мемлекеттiң заңды мүдделерi үшiн қолайсыз оқиғаның туындау мүмкiндiгi.

7. Тәуекел дәрежесі жоғары бақылау субъектілеріне (объектілеріне) орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйесіндегі жылу өндіруші және жылу тасымалдаушы субъектілер жатады.

8. Орташа тәуекел дәрежесін бақылау субъектілеріне (объектілеріне) жергілікті жылумен жабдықтау жүйесіндегі жылу өндіруші және жылу тасымалдаушы субъектілер жатады.

9. Тәуекел дәрежесі төмен бақылау субъектілеріне (объектілеріне):

- 1) энергетикалық сараптаманы жүзеге асыратын сарапшы ұйымдар;
- 3) жеке және заңды тұлғалар жатады.

10. Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдің жоғары және орташа дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу мақсатында субъективті өлшемшарттар қолданылады.

Төмен тәуекел дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілеріне қатысты бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бармай профилактикалық бақылау және жоспардан тыс тексерулер жүргізіледі.

3-тарау. Субъективті өлшемшарттар

11. Субъективті өлшемшарттарды анықтау мынадай:

- 1) деректер базасын қалыптастыру және ақпарат жинау;

2) ақпаратты талдау және тәуекелді бағалау кезеңдерін қолдана отырып жүзеге асырылады.

12. Деректер базасын қалыптастыру және ақпарат жинау Қазақстан Республикасының жылу энергетикасы саласындағы заңнамасын бұзатын бақылау субъектілерін (объектілерін) анықтау үшін қажет.

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдер дәрежесін бағалау үшін бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу үшін мынадай ақпарат көздері пайдаланылады:

1) бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы алдыңғы жоспардан тыс тексерулер мен профилактикалық бақылаудың қорытындылары;

2) бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай жүргізілген профилактикалық бақылау нәтижелері (бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай жүргізілген профилактикалық бақылау қорытындысы бойынша берілген қорытынды құжаттар (анықтама, қорытынды , ұсынымдар).

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдер дәрежесін бағалау үшін біліктілік талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізу үшін энергетикалық сараптаманы жүзеге асыратын сараптама ұйымдарына қатысты алдыңғы тексерулердің қорытындылары пайдаланылады.

Қолданылатын ақпарат көздерінің басымдығын субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу тәртібіне сәйкес субъективті өлшемшарттар көрсеткішінің маңыздылығын негізге ала отырып, субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі.

13. Қолда бар ақпарат көздерінің негізінде жылу энергетикасы саласындағы талаптардың бұзылу дәрежесі бұзушылықтың үш дәрежесіне бөлінеді: өрескел, елеулі, болмашы.

Жылу энергетикасы саласындағы талаптардың бұзылу дәрежесі:

осы Өлшемшарттарға 1-қосымшаға сәйкес жылу өндіруші субъектілерге;

осы Өлшемшарттарға 2-қосымшаға сәйкес жылу тасымалдаушы субъектілерге;

осы Өлшемшарттарға 3-қосымшаға сәйкес жеке және заңды тұлғаларға;

осы Өлшемшарттарға 4-қосымшаға сәйкес энергетикалық сараптаманы жүзеге асыратын сараптама ұйымдарға;

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138-бабына сәйкес жылу энергетика саласында жылу өндіруші, жылу тасымалдаушы субъектілерге, жеке және заңды тұлғаларға, энергетикалық сараптаманы жүзеге асыратын сараптама ұйымдарға қатысты субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін айқындауға арналған субъективті өлшемшарттар тізбесі осы Өлшемшарттарға 5-қосымшада келтірілген.

14. Бақылау субъектісін (объектісін) тәуекел дәрежесіне жатқызу үшін тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеудің мынадай тәртібі қолданылады.

15. Бір өрескел бұзушылық анықталған кезде бақылау субъектісіне (объектісіне) 100 деген тәуекел дәрежесінің көрсеткіші теңгеріледі және оған қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексеру жүргізіледі.

16. Егер өрескел бұзушылықтар анықталмаған жағдайда, онда тәуекел дәрежесінің көрсеткішін айқындау үшін елеулі және болмашы дәрежедегі бұзушылықтар бойынша жиынтық көрсеткіш есептеледі.

17. Елеулі бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады және осы көрсеткіш мынадай формула бойынша есептеледі:

$$SP_3 = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,7,$$

мұнда:

SP_3 – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP_1 – елеулі бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP_2 – анықталған елеулі бұзушылықтардың саны.

18. Болмашы бұзушылық көрсеткішін анықтау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады және осы көрсеткіш мынадай формула бойынша есептеледі:

$$SP_H = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,3,$$

мұнда:

SP_H – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP_1 – болмашы бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP_2 – анықталған болмашы бұзушылықтардың саны.

19. Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші (SP) 0-ден 100-ге дейін шәкіл бойынша есептеледі және елеулі және болмашы бұзушылықтар көрсеткіштерін қосу арқылы мынадай формула бойынша айқындалады:

$$SP = SP_3 + SP_H,$$

мұнда:

SP – тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

SP_3 – елеулі бұзушылықтар көрсеткіші;

SP_H – болмашы бұзушылықтар көрсеткіші.

20. Тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша бақылау субъектісі (объектісі):

1) тәуекелдің жоғары дәрежесіне-тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 71-ден 100-ге дейін қоса алғанда;

2) тәуекелдің орташа дәрежесіне-тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 31-ден 70-ке дейін қоса алғанда;

3) тәуекел дәрежесінің төмен дәрежесіне-тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 30-ға дейін қоса алғанда.

21. Талдау және бағалау кезінде бақылаудың нақты субъектісіне (объектісіне) қатысты бұрын ескерілген және пайдаланылған субъективті критерийлердің деректері

не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап қою мерзімі өткен деректер қолданылмайды.

Өткен профилактикалық бақылаудың және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексеру қорытындылары бойынша берілген бұзушылықтарды толық көлемде жойған бақылау субъектілеріне қатысты кезекті мемлекеттік бақылау кезеңіне тізімдерді қалыптастыру кезінде оларды енгізуге жол берілмейді.

22. Бақылау субъектілері (объектілері) ақпараттық жүйені қолдана отырып, бақылау субъектілері қызметінің тиісті салаларындағы жоғары тәуекел дәрежесінен орташа тәуекел дәрежесіне немесе орташа тәуекел дәрежесінен төмен тәуекел дәрежесіне мынадай жағдайларда:

1) егер мұндай субъектілер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда және тәртіппен үшінші тұлғалар алдында азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шарттарын жасасса;

2) егер Қазақстан Республикасының заңдарында және реттеуші мемлекеттік органдардың тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарында бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудан немесе талаптарға сәйкестігіне тексерулер жүргізуден босату жағдайлары айқындалған болса;

3) егер субъектілер өзін-өзі реттейтін ұйым қызметінің нәтижелерін тану туралы келісім жасалған, "Өзін-өзі реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ерікті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелері болып табылса ауыстырылады.

23. Тәуекелдерді бағалау мен басқарудың ақпараттық жүйесі болмаған кезде оларға қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексеру жүзеге асырылатын бақылау субъектілері (объектілері) санының ең аз жол берілетін шегі мемлекеттік бақылаудың белгілі бір саласындағы осындай бақылау субъектілерінің жалпы санының бес пайызынан аспауға тиіс.

24. Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін (R) есептеу алдыңғы тексерулер мен бақылау (SP) субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы профилактикалық бақылау қорытындылары бойынша бұзушылықтарға қарай тәуекел дәрежесінің көрсеткішін қосу арқылы және осы Өлшемшарттардың (SC) 12-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін, деректер мәндерін 0-ден 100 баллға дейінгі диапазонға қалыпқа келтіре отырып автоматтандырылған режимде жүзеге асырылады.

$$R_{\text{арал}} = SP + SC,$$

мұнда:

$R_{\text{арал}}$ – субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші

;

SP – бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші;

SC – осы Өлшемшарттардың 12-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші.

25. Осы Өлшемшарттардың 12-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу 0-ден 100 балға дейінгі шәкіл бойынша жүргізіледі және мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$SC = \sum_{i=1}^n x_i * w_i,$$

мұнда:

x_i – субъективті өлшемшарт көрсеткіші;

w_i – субъективті өлшем көрсеткішінің үлес салмағы x_i ;

n – көрсеткіштер саны.

Осы Өлшемшарттардың 12-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің алынған мәні субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің есебіне енгізіледі.

26. R көрсеткіші бойынша субъектілер (объектілер) бойынша есептелген мәндер 0-ден 100 балға дейінгі диапазонға қалыпқа келтіріледі. Деректерді қалыпқа келтіру әрбір іріктемелі жиынтық (іріктеме) бойынша мынадай формула әдісін пайдалана отырып жүзеге асырылады:

$$R = \frac{R_{арал} - R_{min}}{R_{max} - R_{min}},$$

мұнда:

R – бақылау жеке субъектісінің (объектісінің) субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші (қорытынды);

R_{max} – бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер (объектілер) бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің шәкілі бойынша ең жоғарғы ықтимал мән (шәкілдің жоғарғы шекарасы);

R_{min} – бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер (объектілер) бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің шәкілі бойынша ең төменгі ықтимал мән (шәкілдің төменгі шекарасы);

$R_{арал}$ – осы Өлшемшарттардың 24-тармағына сәйкес есептелген субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші.

Жылу өндіруші субъектілерге қатысты жылу энергетикасы саласындағы талаптардың бұзылу дәрежесі

№	Өлшемшарттар	Бұзушылық дәрежесі
1	Энергетикалық кәсіпорында мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік органға немесе жергілікті атқарушы органға (құзыреті бойынша) жіберілген нысан бойынша технологиялық бұзушылықтар туралы ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың жетінші күніне дейін жиынтық есептіліктің болуы.	Елеулі
2	Энергия беруші ұйым берген технологиялық бұзушылық және жазатайым оқиға туралы жедел және жазбаша хабарламада мынадай мәліметтердің болуы: 1) энергетикалық кәсіпорынның атауы, технологиялық бұзушылықтың, жазатайым оқиғаның туындаған күні мен уақыты; 2) технологиялық бұзушылықтың, жазатайым оқиғаның болжамды себептері; 3) пайдаланылған қорғаулар, автоматика және бұғаттау тізбесі; 4) істен шыққан және жұмыста қалған жабдықтардың тізбесі; 5) технологиялық бұзушылықтың салдары: бүлінген жабдықтың көлемі, жіберілмеуі, ажыратылған тұтынушылар саны, технологиялық бұзушылықты жою уақыты; 6) акпарат берген адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) және лауазымы.	Елеулі
	Технологиялық бұзушылықтарды тергеу кезінде зерттеу және бағалау үшін авариялардың туындауының, дамуының барлық себептерін сипаттаудың болуы: 1) объектілер мен оларды пайдалану ұйымдарының	

3	қауіпсіздік, техникалық жай-күй және пайдалану жөніндегі талаптарға сәйкестігі; 2) жөндеу, профилактикалық тексерулер мен сынақтар жүргізу, жабдықтың жай-күйін бақылау сапасы мен мерзімдері; 3) жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде технологиялық тәртіпті сақтау; 4) авариялық ошақтар мен жабдық ақауларын жою жөнінде шаралар қабылдаудың уақтылығы.	Өрескел
4	Технологиялық бұзушылықты тергеп-тексеруді 30 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге ұзарту мерзімдерін сақтау.	Елеулі
5	Технологиялық бұзушылықты тексеру актісінің болуы.	Елеулі
6	Көрсетілетін қызметті алушылар құрған және жыл сайын 1 (бірінші) тамыздан бастап дайындық актісін дайындау үшін жұмысты бастайтын күзгі-қысқы кезеңде көрсетілетін қызметті алушының жұмысқа дайындығын бағалау жөніндегі комиссияның болуы.	Өрескел
7	Көрсетілетін қызметті алушының комиссиясы 1 (бірінші) тамыздан бастап 30 (отызыншы) қыркүйекті қоса алғандағы кезеңде айқындаған күзгі-қысқы кезеңде жұмысқа әзірлігінің болуы.	Өрескел
8	Көрсетілетін қызметті алушылардың дайындық паспортын алу мерзімін сақтауы – жыл сайын 19 (он тоғызыншы) қазанға дейін.	Өрескел
9	Технологиялық бұзушылық туындаған сәттен бастап 1 (бір) сағат ішінде Қазақстан Республикасының Бірыңғай электр энергетикалық жүйесінде орын алған технологиялық бұзушылықтар мен жазатайым оқиғалар туралы жедел хабар алмасу жөніндегі мобильді бағдарламалар арқылы қайталай отырып, телефонмен арқылы жедел хабарламаның болуы.	Өрескел
	Энергетикалық кәсіпорындардың технологиялық бұзушылық	

10	туындаған кезден бастап 12 (он екі) сағаттан кешіктірілмейтін мерзімде облыстар мен Астана, Алматы, Шымкент қалалары бойынша мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі органның тиісті аумақтық департаментіне және жергілікті атқарушы органға және жүйелік операторға жіберілген жазбаша хабарламасының болуы.	Өрескел
11	Энергетикалық кәсіпорын комиссия құрған жағдайларда, қол қойылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік органға немесе жергілікті атқарушы органға (құзыреті бойынша) жіберілген барлық қосымшаларымен технологиялық бұзушылықты тексеру актісінің екінші данасының болуы.	Елеулі
12	Тұтынушыдан бес жұмыс күніне дейінгі мерзімде өтінім алғаннан кейін жаңадан салынып жатқан кәсіпорындардың, ғимараттардың, құрылыстардың, олардың кезектерінің немесе жекелеген өндірістердің жылу желілеріне, жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың, ғимараттардың, құрылыстардың, жылу тұтыну қондырғыларының және энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымдар берген жылу желілерінің реконструкцияларына қосылуға техникалық шарттың болуы.	Елеулі
13	Энергия өндіруші ұйымның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметтері басшылары мен мамандарының білімін мерзімді (кезекті) біліктілік тексеруден үш жылда кемінде бір рет өту мерзімін сақтау.	Елеулі
14	Жылына кемінде бір рет энергия өндіруші ұйымның әкімшілік-техникалық персоналын қоспағанда, электр техникалық және электр технологиялық персоналдың, оның ішінде жедел келіссөздер мен қайта қосуды	Елеулі

	жүргізуге құқығы бар басшылар мен мамандардың білімін мерзімді (кезекті) біліктілік тексеруден өту мерзімін сақтау.	
15	Келесі күнтізбелік жылға білімін біліктілік тексеруге жататын басшылардың тізімін Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетіне жыл сайын 1 желтоқсанға дейін жіберу мерзімін сақтау.	Елеулі
16	Энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымның коммерциялық есепке алу аспаптарына дейін жылу тұтыну жүйелерін қосу кезінде тұтынушыны хабардар етпей, жылу энергиясын толық немесе ішінара беруді дереу токтату жөніндегі талапты сақтау.	Елеулі
17	Энергия өндіруші ұйым басшысының жұмысқа қабылданғаны немесе жұмыстан босатылғаны туралы ақпаратты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетіне басшы қабылданған (жұмыстан босатылған) күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде жолдау мерзімін сақтау.	Елеулі
18	Біліктілік тексеру жүргізу үшін комиссия құру туралы энергия өндіруші ұйым басшысының бұйрығының болуы.	Елеулі
19	Энергия өндіруші ұйым жыл сайын 25 желтоқсанға дейінгі мерзімде жасайтын келесі күнтізбелік жылға білімді біліктілік тексеруге жататын мамандар тізімінің болуы.	Елеулі
20	Білімге біліктілік тексеру жүргізу қорытындылары бойынша білімге біліктілік тексерудің ресімделген хаттамасының болуы.	Елеулі
	Жедел және жедел-жөндеу персоналымен, энергия қондырғыларын басқаруды жүзеге	

21	асыратын жедел басшылармен жұмыс жүргізу нысандарын сақтау: жаңа лауазым бойынша даярлау, оның ішінде: оқыту; жұмыс орнында тағылымдамадан өту; білімін бастапқы біліктілік тексеру; қайталау; білімнің мерзімді біліктілік тексерулері; аварияға қарсы және өртке қарсы бақылау жаттығулары; нұсқамалар; біліктілікті арттыру.	Елеулі
22	Жөндеу персоналымен жұмыс жүргізу нысандарын сақтау: жаңа лауазым бойынша даярлау, оның ішінде: жұмыстарды жүргізудің қауіпсіз әдістеріне оқыту; жұмыс орнында тағылымдамадан өту; білімді бастапқы біліктілік тексеру; білімді мерзімді біліктілік тексеру; аварияға қарсы және өртке қарсы бақылау жаттығулары; нұсқамалар; біліктілікті арттыру.	Елеулі
23	Энергия өндіруші ұйымның басшысы әзірлеген және бекіткен персоналмен жылдық жұмыс жоспарының болуы.	Елеулі
24	Персоналмен жұмыс істеу жоспарында мынадай бағыттар бойынша іс-шаралардың болуы: персоналды (басшыларды, мамандарды және жұмысшыларды) даярлау, оның ішінде алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша оқудан өту; білімін біліктілік тексеру; нұсқаулық; аварияға қарсы бақылау жаттығулары; біліктілікті арттыру ; техникалық кітапханалардың, техникалық кабинеттердің, қауіпсіздік техникасы бойынша кабинеттердің, полигондардың, тренажерлық дайындық орталықтарының мен пункттерінің жұмысын ұйымдастыру; жұмыс орындарын тексеру; кәсіби шеберлік бойынша жарыстар және персоналмен жұмыстың басқа ұжымдық түрлері өткізу; персоналдың мерзімдік медициналық тексеруін жүргізу.	Елеулі

25	Әрбір лауазым және әрбір жұмыс орны үшін әзірленген және энергия өндіруші ұйымның бас техникалық басшысымен бекітілген жұмыскерлерді жаңа лауазым бойынша даярлау үшін үлгілік бағдарламалардың болуы.	Елеулі
26	Лауазымға тағайындалғаннан кейін бір айдан кешіктірілмейтін мерзімде немесе техникалық басшы бекіткен даярлаудың үлгілік немесе жеке бағдарламасында көрсетілген мерзімде оқу және тағылымдама аяқталғаннан кейін білімді бастапқы біліктілік тексеруді жүргізу сақтау.	Елеулі
27	Білімін біліктілік тексеруден өтуден бас тартқан, сондай-ақ білімін біліктілік тексеру кезінде электр қауіпсіздігі бойынша топты расстауға жағдайында лауазымдық нұсқаулыққа сәйкес жұмыскерді еңбек міндеттерін өту орындаудан шеттетуге талабын сақтау.	Елеулі
28	Білімін кезектен тыс біліктілік тексеру тағайындалған сәттен бастап біліктілік расталған күнге дейін адамды атқаратын лауазымы бойынша лауазымдық міндеттерін орындауға жол бермеу талабын сақтау.	Елеулі
29	Орталық комиссия төрағасына мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік органда білімін тексеруден өткен адамды тағайындау талабын сақтау.	Елеулі
30	Жұмыскерді дербес жұмысқа жіберу туралы ұйым немесе құрылымдық бөлімше бойынша өкімдік құжаттың болуы.	Елеулі
31	Әрбір құрылымдық бөлімшеде техникалық басшы бекіткен барлық лауазымдар мен мамандықтар үшін қайталама нұсқамалар тақырыптарының жылдық тізбесінің болуы.	Елеулі
	Лауазымдық нұсқаулыққа сәйкес білімді біліктілік тексеруден өтуден бас тартқан, сондай-ақ	

32	білімді біліктілік тексеру кезінде электр қауіпсіздігі жөніндегі топ расталмаған жағдайда жұмыскерді еңбек міндеттерін орындаудан шеттету жөніндегі талаптарды сақтау.	Елеулі
33	Білімін біліктілік тексеруден өтуден бас тартқан, сондай-ақ білімін біліктілік тексеру кезінде электр қауіпсіздігі бойынша топты расстауға жағдайында лауазымдық нұсқаулыққа сәйкес жұмыскерді еңбек міндеттерін өту орындаудан шеттету талабын сақтау.	Елеулі
34	Жергілікті атқарушы органның жылумен жабдықтау субъектілерінің бес жылдан аз уақыт ішінде жылу энергиясы көзін пайдалануды тоқтатуға ниетті 30 күн ішінде хабарламасының болуы.	Елеулі
35	Жергілікті атқарушы органның келісімі бойынша тұтынушыларды шектеудің және авариялық ажыратудың келісілген кестесінің болуы.	Елеулі
36	Жаңа қуаттардың жылу желісіне және энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымның қосалқы тұтынушыларына өз бетінше қосылу кезінде тұтынушыны хабардар етпей, жылу энергиясын толық немесе ішінара беруді дереу тоқтату жөніндегі талапты сақтау.	Елеулі
37	Энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымның коммерциялық есепке алу аспаптарына дейін жылу тұтыну жүйелерін қосу кезінде тұтынушыны хабардар етпей, жылу энергиясын толық немесе ішінара беруді дереу тоқтату жөніндегі талапты сақтау.	Елеулі
38	Энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымның авариялық жағдайы кезінде тұтынушыны хабардар етпей, жылу энергиясын толық немесе ішінара беруді дереу тоқтату жөніндегі талапты сақтау.	Елеулі
	Есепке алынбаған жылу энергиясының мөлшерін айқындау үшін энергиямен жабдықтаушы	

39	немесе энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымның және тұтынушыға жіберілген қайта есептеу сомасын негіздей отырып, есеп айырысудың бұзылу актісінің болуы.	Елеулі
30	Тиісті персоналдың және жылу тұтыну қондырғыларының сенімді және қауіпсіз жұмысына жауапты адамның не жылу тұтыну жүйелері мен жылу тұтыну қондырғыларын пайдалануға рұқсат берілген персоналы бар мамандандырылған ұйыммен жасасқан қызмет көрсету шартының болуы	Өрескел

31	Тұтынушылардың жылу тұтыну қондырғыларын энергиямен жабдықтаушы ұйыммен жылу энергиясын есептеу үшін қажетті коммерциялық есепке алу аспаптарымен қамтамасыз ету.	Өрескел
32	Тұтынушы коммерциялық есепке алу аспаптарының ақауын анықтаған кезде энергиямен жабдықтаушы ұйымға дереу хабарлау туралы талапты сақтау.	Елеулі
33	Сенімді жылумен жабдықтауды қамтамасыз ету мақсатында тұтынушының мынадай шараларды сақтауы: 1) тұтынылған жылу энергиясы үшін уақтылы ақы төлеу; 2) жылу энергиясын есепке алу торабына дейін орналасқан шүмектерді, арматураларды, бақылау-өлшеу аспаптарын пломбалауды жүргізу үшін энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымдардың өкілдерін кіргізу және орнатылған пломбалардың сақталуын қамтамасыз ету, ал оларды алып тастауды энергиямен жабдықтаушы ұйымға хабарлай отырып жүргізіледі; 3) жергілікті атқарушы органдардың, энергия беруші (немесе энергия өндіруші) және (немесе) энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың жұмыскерлерін жылу желілерінің, жылу тұтынатын қондырғылар мен коммерциялық есепке алу аспаптарының техникалық жай-күйін тексеру үшін кіргізу.	Елеулі
34	Сенімді жылумен жабдықтауды қамтамасыз ету мақсатында тұтынушының мынадай шараларды сақтауы: 1) берілген жылу тұтыну режимдерін сақтау; 2) әрбір жылыту маусымының алдында жылу тұтыну қондырғыларын қабылдау-тапсыру сынақтарын (техникалық дайындық актісінде көзделген, техникалық) және баптауды жүргізу.	Өрескел

35	Тұтынушының уәкілетті тұлғасының (кондоминиум объектісін басқару органы, мүлік иелерінің бірлестігі, қарапайым серіктестік) үйге ортақ (үйшілік) жылыту және ыстық сумен жабдықтау жүйесінің тиісті техникалық жай-күйі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, коммерциялық есепке алу аспаптарының (үйге ортақ) және үйге ортақ меншікті құрайтын басқа да жылу тұтыну қондырғыларының сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды сақтау.	Өрескел
36	Мыналарға: 1) тұтынушы желілеріне қосылған ұйымның және сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын тиісті жергілікті атқарушы органдардың құрылымдық бөлімшесінің келісімінсіз пәтерішілік желілерді, инженерлік жабдықтар мен құрылғыны қайта жабдықтауға; 2) жылыту аспаптарының қосымша секцияларын, бекіту және реттеу арматурасын және айналым сорғыларын орнатуға және/немесе бөлшектеуге; 3) жылумен жабдықтау жүйесінің тұрақты жұмысын қамтамасыз ету мақсатында жылыту жүйелерінде жылу тасымалдағышты тікелей мақсатына сай (жылыту жүйесі мен аспаптарынан суды ағызу) пайдаланбауға жол бермеу туралы талаптарды сақтау.	Өрескел

Жылу энергетикасы
саласындағы тәуекел дәрежесін
бағалау өлшемшарттарына
4-қосымша

Энергетикалық сараптаманы жүзеге асыратын сараптама ұйымдарына қатысты жылу энергетикасы саласындағы талаптардың бұзылу дәрежесі

№	Өлшемшарттар	Бұзушылық дәрежесі
	Энергетикалық сараптаманы жүзеге асыратын 1-санатты сараптамалық ұйымдардың штатында кемінде бес сарапшы (	

1	электр-және жылу энергетиктері), мамандығы бойынша электр энергетигі немесе жылу энергетигінің жоғары инженерлік-техникалық білімі және мамандығы бойынша кемінде үш жыл жұмыс өтілі немесе электр энергетигінің немесе жылу энергетигінің орта техникалық және кәсіптік (орта арнайы, орта кәсіптік) білімі және мамандығы бойынша кемінде бес жыл жұмыс өтілі, сондай-ақ электр қауіпсіздігі бойынша рұқсаттама тобының (IV және одан жоғары топтар) бар болуы.	Елеулі
2	Энергетикалық сараптаманы жүзеге асыратын 1-санатты сараптамалық ұйымдардың энергетикалық сараптама жүргізу саласында кемінде үш жыл жұмыс тәжірибесінің болуы.	Елеулі
3	Энергетикалық сараптаманы жүзеге асыратын 2-санатты сараптамалық ұйымдардың штатында кемінде үш сарапшы (электр- және жылу энергетиктері), мамандығы бойынша электр энергетигі немесе жылу энергетигінің жоғары инженерлік-техникалық білімі және мамандығы бойынша кемінде үш жыл жұмыс өтілі немесе электр энергетигінің немесе жылу энергетигінің орта техникалық және кәсіптік (орта арнайы, орта кәсіптік) білімі және мамандығы бойынша кемінде бес жыл жұмыс өтілі, сондай-ақ электр қауіпсіздігі бойынша рұқсаттама тобының (IV және одан жоғары топтар) бар болуы.	Елеулі
4	Энергетикалық сараптаманы жүзеге асыратын 2-санатты сараптамалық ұйымдардың энергетикалық сараптама жүргізу саласында кемінде екі жыл жұмыс тәжірибесінің болуы.	Елеулі
	Энергетикалық сараптаманы жүзеге асыратын 3-санатты сараптамалық ұйымдардың штатында кемінде екі сарапшысы (электр- және жылу энергетиктері)	

5	, мамандығы бойынша электр энергетигі немесе жылу энергетигінің жоғары инженерлік-техникалық білімі және мамандығы бойынша кемінде үш жыл жұмыс өтілі немесе электр энергетигінің немесе жылу энергетигінің орта техникалық және кәсіптік (орта арнайы, орта кәсіптік) білімі және мамандығы бойынша кемінде бес жыл жұмыс өтілі, сондай-ақ электр қауіпсіздігі бойынша рұқсаттама тобының (IV және одан жоғары топтар) бар болуы.	Елеулі
6	Энергетикалық сараптаманы жүзеге асыратын барлық санаттағы сарапшы ұйымдарда меншік құқығында немесе өзге заңды негізде мынадай өлшем құралдарының болуы 1) ток кармауыштары; 2) мегаомметр; 3) микроомметр; 4) электрэнергиясы сапасының талдағышы; 5) жерге тұйықтауыш құрылғылардың кедергісін өлшеу аспабы; 6) жоғары кернеумен сынау аспабы; 7) "ноль-фазасы" тізбегінің бір фазалы қысқа тұйық талутогын өлшеуаспабы; 8) жылукөргіш; 9) ультрадыбысты сұйықшығынын өлшеуіш; 10) түйіспесіз (инфрақызыл) термометр; 11) түйіспелі термометр; 12) газталдағыш.	Елеулі
7	Сараптамалық ұйымның энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдар мен электр және жылу энергиясын тұтынушылардың 1-санатты энергетикалық сараптамасын жүргізуі.	Елеулі
8	Сараптамалық ұйымның электр қондырғыларының қуаты 500 киловольтамперге дейін және (немесе) жылу қондырғыларының 1 Гигакалорий/сағ дейін қосылған	Елеулі

	электр және жылу энергиясын тұтынушылардың 2-санатты энергетикалық сараптамасын жүргізуі.	
9	Сараптамалық ұйымның электр қондырғыларының қуаты 100 киловольтамперге дейін және (немесе) жылу қондырғыларының 1 Гигакалорий/сағ дейін қосылған электр және жылу энергиясын тұтынушылардың 3-санатты энергетикалық сараптамасын жүргізуі.	Елеулі
10	Жүргізілген энергетикалық сараптама нәтижелері бойынша жасалған, онда сараптама жүргізу мәні бойынша сарапшылардың дәлелді, негізделген және толық қорытындылары көрсетілген, сондай-ақ сараптама ұйымының басшысы бекіткен және мөрімен расталған сараптамалық қорытындының болуы.	Елеулі
11	Кіріспе, айқындаушы және қорытынды бөліктерден тұратын энергетикалық сараптама қорытындысының мәтінінің болуы: 1) энергетикалық сараптама қорытындысының кіріспе бөлігінде құжаттың жасалған орны мен күні, сарапталатын ұйымның толық атауы, оның басшысының лауазымы, тегі және аты-жөні, энергетикалық сараптама жүргізудің атауы мен уақыты, сондай-ақ энергетикалық объектінің тексерілетін жабдықтарының тізбесі туралы мәліметтердің мазмұны; 2) энергетикалық сараптама қорытындысының айқындаушы бөлігінде тексерілетін жабдық пен энергетикалық объектінің нақты жай-күйін, сараптама ұйымы анықтаған және сараптама жұмыстары кезеңінде жойылған бұзушылықтар мен кемшіліктер туралы ақпаратты көрсету; 3) қорытынды бөлігінде нормативтік құқықтық актінің нақты тармағына сілтеме жасай отырып, электр энергетикасы	Елеулі

	саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына анықталған сәйкессіздікті жою жөніндегі іс-шараларды баяндау.	
12	Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік органға берілген энергетикалық сараптама жүргізуге қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламаның болуы.	Елеулі
13	Берілген сараптамалық қорытындының сараптамалық жұмыстар кезеңінде зерттелетін жабдықтың және энергетикалық объектінің нақты жай-күйіне сәйкес келмеуі.	Елеулі

Жылу энергетикасы
саласындағы тәуекел дәрежесін
бағалау өлшемшарттарына
5-қосымша

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138-бабына сәйкес жылу энергетика саласында жылу өндіруші, жылу тасымалдаушы субъектілерге, жеке және заңды тұлғаларға, энергетикалық сараптаманы жүзеге асыратын сараптама ұйымдарға қатысты субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін айқындауға арналған субъективті өлшемшарттар тізбесі

PP/c №	Субъективті өлшемшартта р көрсеткіші	Субъективті өлшемшарт көрсеткіші бойынша ақпарат көзі	Маңыздылығы бойынша үлес салмағы, балл (барлығы 100 баллға дейін болуы тиіс), wi	Шарттар / мәндер, xi		
				1-шарты / мәні	2-шарты / мәні	3-шарты / мәні
1	2	3	4	5		
Бару арқылы профилактикалық бақылау үшін						
11	Ұсынысты орындамау	Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай жүргізілген профилактикалық бақылау нәтижелері (бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай жүргізілген	100	Ұсыныс орындалды	Ұсыныс толығымен орындалмады	Ұсыныс орындалмады

	профилактика лық бақылау қорытындысы бойынша берілген қорытынды күжаттар (а нықтама, қорытынды, ұсынымдар)	0	50 %	100 %
--	---	---	------	-------

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Ұлттық экономика министрі
2025 жылғы 22 қаңтардағы
№ 4 мен
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
міндетін атқарушы
2025 жылғы 22 қаңтардағы
№ 33-н/к бірлескен бұйрыққа
5-қосымша
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2019 жылғы 26 тамыздағы
№ 290 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2019 жылғы 27 тамыздағы
№ 78 бірлескен бұйрығына
3-қосымша

Энергия беруші ұйымдарға қатысты электр энергетикасы саласындағы тексеру парағы

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді/профилактикалық
бақылауды тағайындаған мемлекеттік орган

Бақылау субъектісіне (объектісіне) барып тексеруді/профилактикалық бақылауды
тағайындау туралы акт _____
(№, күні)

Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы _____

(Бақылау субъектісінің (объектісінің) жеке сәйкестендіру нөмірі, бизнес-
сәйкестендіру нөмірі)

Орналасқан жерінің мекенжайы _____

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді

1	2	3	4
1	Энергия беруші ұйым есепті айдан кейінгі айдың жетінші күніне дейін жіберген технологиялық бұзушылықтар туралы жиынтық есептілікте туындаған технологиялық бұзушылықтар туралы ақпараттың болуы.		
2	Технологиялық бұзушылық туындаған сәттен бастап 1 (бір) сағат ішінде Қазақстан Республикасының Бірыңғай электр энергетикалық жүйесінде орын алған технологиялық бұзушылықтар мен жазатайым оқиғалар туралы жедел хабар алмасу жөніндегі мобильді бағдарламалар арқылы қайталай отырып , телефонмен арқылы жедел хабарламаның болуы.		
3	Энергия беруші ұйымда технологиялық бұзушылық туындаған сәттен бастап 12 (он екі) сағаттан кешіктірілмейтін мерзімде облыстар мен Астана, Алматы, Шымкент қалалары бойынша мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі органның тиісті аумақтық департаментіне және жергілікті атқарушы органға және жүйелік операторға жазба хабарламасының болуы.		
	Энергия беруші ұйым берген технологиялық бұзушылық және жазатайым оқиға туралы		

жедел және жазбаша хабарламада мынадай мәліметтердің болуы:

- 1) энергетикалық кәсіпорынның атауы, технологиялық бұзушылықтың, жазатайым оқиғаның туындаған күні мен уақыты;
- 2) технологиялық бұзушылықтың, жазатайым оқиғаның болжамды себептері;
- 3) пайдаланылған қорғаулар, автоматика және бұғаттау тізбесі;
- 4) істен шыққан және жұмыста қалған жабдықтардың тізбесі;
- 5) технологиялық бұзушылықтың салдары: бүлінген жабдықтың көлемі, жіберілмеуі, ажыратылған тұтынушылар саны, технологиялық бұзушылықты жою уақыты;
- 6) акпарат берген адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) және лауазымы.

Авария бойынша технологиялық бұзушылықтар жіктемесін сақтау:
кернеуі 220 киловольт (бұдан әрі – кВ) және одан жоғары болатын электр беру желісінің ұзақтығы 25 тәулік және одан да көп мәжбүрлі тоқтап қалуына әкеп соққан зақымы;
Бірыңғай электр энергетикалық жүйенің (бұдан әрі – БЭЖ) және оның окшауланған бөлігінің (энергия торабының) жиілігі 49 герцтен (бұдан әрі – Гц)

5	төмен 30 минуттан артық немесе жиілігі 51 Гц-тен асатын жұмыс үш минуттан артық жұмыс істеуі; тұтынушыларға электр энергиясының 250 000 киловатт-сағат (кВт.сағ) және одан да көп мөлшерінде жеткіліксіз жіберілуіне әкеп соқтырған электр станциясының және (немесе) электр желісінің жұмысын бұза отырып немесе оны жекелеген бөліктерге бөле отырып, БЭЖ тұтастығының бұзылуы.		
6	I дәрежелі істен шығу бойынша технологиялық бұзушылықтар жіктемесін сақтау: куаты 50 МВт турбинаның, куаты 60 МВт және одан жоғары генератордың, куаты 75 МВА және одан жоғары трансформатордың, кернеуі 220 кВ және одан жоғары реактордың, ажыратқыштың, электр беру желісінің ұзақтығы 10-нан 25 тәулікке дейінгі мәжбүрлі тоқтап қалуына әкеп соққан зақым; тұтынушыларға электр энергиясының 100000-нан 250000 кВт.сағ-қа дейінгі көлемде жеткіліксіз жіберілуіне себеп болған электр станциясының және (немесе) электр желісінің жұмысын жекелеген бөліктерге бөле отырып, БЭЖ тұтастығының бұзылуы; ұзақтығы 30 минутқа дейін 49,0 Гц-тен төмен жиілікпен немесе үш минуттан аз уақытта 51 Гц жиілікпен БЭЖ		

	немесе оның окшауланған бөлігінің (энергия торабы) жұмысы; тұтынушыларға электр энергиясының 100000-нан 250000 кВт.сағ-қа дейін толық жіберілмеуіне себеп болған ғимараттар мен құрылыстардың көтергіш элементтерінің зақымдануы, электр станцияларының және (немесе) қосалқы станциялардың, электр беру желілерінің негізгі жабдығының (куатына қарамастан) жұмыс істеу қабілеттілігін мәжбүрлі түрде өшіру немесе өнімділікті шектеу.		
7	II дәрежелі істен шығу бойынша технологиялық бұзушылықтар жіктмесін сақтау: Қазақстан БЭЖ ұлттық және өңірлік электр желілерінде 220 кВ және одан жоғары желілерде автоматты қайта қосудың (АҚҚ) жұмыс істеу жағдайларын қоспағанда қорғау құрылғыларының жұмысын тудырған энергия тұтыну режимдерінің бұзылуы; диспетчерлік байланыс құралдары мен телемеханика жүйелерінің бір тәуліктен астам мерзімге жұмыс қабілеттілігін бұзу; осы құрылғылардың сигналға жұмыс істеу жағдайларын қоспағанда, қорғаудың және (немесе) автоматиканың дұрыс емес әрекеттері; 220 кВ және одан жоғары желілердегі қуат ағынын шектеу автоматикасының әрекетімен		

	тұтынушыларды ажырату .		
8	Технологиялық бұзушылықтар туындаған сәттен басталатын келесі жұмыс күнінен бастап есептелетін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей басталатын және күнтізбелік 30 күннен аспайтын технологиялық бұзушылықтарға тергеп-тексеру жүргізу мерзімдерін сақтау.		
9	Технологиялық бұзушылықты тергеп-тексеруді 30 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге ұзарту мерзімдерін сақтау.		
10	Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау және бақылау комитетіне келесі күнтізбелік жылға арналған білімін біліктілік тексеруге жататын басшылардың жыл сайынғы тізімін 1 желтоқсанға дейін ұсыну мерзімдерін сақтау.		
11	Ұзақтығы 24 (жиырма төрт) сағаттан астам тұтынушыларды электрмен жабдықтаудан ажырату.		
12	Тұтынушыдан еркін нысанда өтініш алғаннан кейін электр желілерінің теңгерімдік тиесілігін және тұтынушыны қосу схемасымен тараптардың пайдалану жауапкершілігін ажырату актісімен бірге 5 (бес) жұмыс күні ішінде жаңадан енгізілетін немесе реконструкцияланатын		

	электр кондырғыларын қосуға техникалық шарттардың болуы.		
13	Электрмен жабдықтау желісіне қосылу және техникалық шарттарды беру процесіне арналған ө з і н і ң интернет-ресурсында электрмен жабдықтау желілеріне технологиялық қосылуға арналған бөлімді әзірлеу; кезеңділігі кемінде 3 ай болатын қосалқы станциялардың жүктелуі туралы ақпаратты орналастыруды қосатын бөлімнің болуы.		
14	Жүйелік операторға мәлімет беру үшін жіберілген энергия беруші ұйымның мәлімделген қуаты 1-5 МВт электр желісінің электр желісін пайдаланушыларды қосуға техникалық шарттардың болуы.		
15	Энергия беруші ұйымдардың электр энергетикасы саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау органының өкілеттіктерін жүзеге асыру үшін қажетті сұратылған ақпаратты уақтылы, анық және толық ұсынуы.		
16	Тұтынушыға электр энергиясын жеткізу тоқтатылғанға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күнінен бұрын мерзімде шарттың акцептінде көрсетілген тәсілдермен (электрондық пошта, факс , пошта жөнелтілімі, қысқа мәтіндік хабарлама , мультимедиялық хабарлама, қолданыстағы мессенджерлер) хабарлама жіберу арқылы		

	электр энергиясын беруді тоқтату (шектеу) туралы жазбаша ескертудің болуы (электр энергиясын тұрмыстық қажеттіліктер үшін пайдаланатын тұтынушыға кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын).		
17	Электр энергиясын қабылдағыштарды энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымның электр желісіне өз бетінше қосу кезінде тұтынушыны алдын ала хабардар етпей, электр энергиясын беруді тоқтату жөніндегі талаптарды толығымен сақтау.		
18	Электр энергиясын коммерциялық есепке алу аспаптарынан басқа (есепке алмағанда) электр энергиясын қабылдағыштарды қосу кезінде тұтынушыны алдын ала ескертусіз электр энергиясын беруді тоқтату жөніндегі талаптарды толығымен сақтау.		
19	Тұтынушының кінәсінен электр энергиясының сапа көрсеткіштерін энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымның және б а с қ а д а тұтынушылардың электр қондырғыларының жұмыс істеуін бұзатын мәндерге дейін төмендету кезінде тұтынушыны алдын ала хабардар етпей, электр энергиясын беруді тоқтату жөніндегі талапты толығымен сақтау.		
	Энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымның және		

20	энергетикалық қадағалау және бақылау органының өкілдерін электр энергиясын коммерциялық есепке алу аспаптарына және тұтынушының электр қондырғыларына жұмыс уақытында (іссапарға жіберілген адамның құқықтарында) жібермеу кезінде тұтынушыны алдын ала хабардар етпей , электр энергиясын беруді тоқтату жөніндегі талапты толығымен сақтау.		
21	Авариялық жағдай кезінде тұтынушыға алдын ала ескертусіз электр энергиясын беруді тоқтату жөніндегі талапты толығымен сақтау.		
22	Жабдықты жөндеу және жаңа тұтынушыларды қосу жөніндегі жоспарлы жұмыстарды жүргізу үшін электр энергиясын беруді тоқтату туралы тұтынушының энергия беруші ұйымына резервтік қоректендіру болмаған кезде ажыратудан кемінде күнтізбелік үш күн бұрын ескертудің болуы.		
23	Адамдардың өміріне қауіп төндіретін, елеулі экономикалық залал келтіретін, коммуналдық шаруашылықтың аса маңызды элементтері мен электрмен жабдықтау жүйелерінің жұмыс істеуінің бұзылуына әкеп соғатын авариялардың алдын алу немесе жою жөнінде шұғыл шаралар қабылдау үшін энергия беруші ұйымға тұтынушыға электр энергиясын беруді		

	тоқтату туралы хабарламаның болуы.		
24	Тұтынушылардың электр желілеріне қосылатын тұтынушы қосалқы тұтынушыға берген техникалық шарттардың энергия беруші ұйыммен келісуінің болуы.		
25	Тұтынушының электр желілеріне қосылатын қосалқы тұтынушыға энергия беруші ұйымға берілген техникалық шарттарды тұтынушымен келісудің болуы.		
26	Электр энергиясын тұтынушыға бұзушылық туралы еркін нысанда жасалған актінің болуы және энергия беруші ұйымның желілеріне өз бетінше қосылу кезінде қайта есептеуді жүргізу.		
27	Электр энергиясын тұтынушыға бұзушылық туралы еркін нысанда жасалған актінің болуы және электр энергиясын коммерциялық есепке алу аспабынан (бұдан әрі – КЕА) басқа электр энергиясын қабылдағыштарды қосу кезінде қайта есептеуді жүргізу.		
28	Электр энергиясын тұтынушыға бұзушылық туралы еркін нысанда жасалған актінің болуы және КЕА, ток және кернеу трансформаторларын қосу схемасы өзгерген кезде қайта есептеуді жүргізу.		
29	Электр энергиясын тұтынушыға бұзушылық туралы еркін нысанда жасалған актінің болуы		

	және КЕА дискісін жасанды тежеу кезінде қайта есептеуді жүргізу.		
30	Электр энергиясын тұтынушыға бұзушылық туралы еркін нысанда жасалған актінің болуы және КЕА көрсеткіштерін бұрмалайтын айлабұйымды орнату кезінде қайта есептеу жүргізу.		
31	Энергия беруші ұйымның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметтерінің басшылары мен мамандарының үш жылда кемінде бір рет білімін мерзімді (кезекті) біліктілік тексеруінің болуы.		
32	Энергия беруші ұйымның әкімшілік-техникалық персоналын қоспағанда, жылына кемінде бір рет электротехникалық және электротехнологиялық персоналдың, оның ішінде жедел келіссөздер мен ауысулар жүргізуге құқығы бар басшылардың және мамандардың білімін мерзімді (кезекті) біліктілік тексеруінің болуы.		
33	Энергия беруші ұйым басшысының жұмысқа қабылданғаны немесе жұмыстан босатылғаны туралы ақпаратты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетіне басшы қабылданған (жұмыстан босатылған) күннен бастап 15 күнтізбелік күн		

	ішінде жолдау мерзімін сақтау.		
34	Басшының бұйрығымен бекітілген білімін біліктілік тексеру жөніндегі комиссиямен энергия беруші ұйым мамандарының білімін біліктілік тексеруінің болуы.		
35	Энергия беруші ұйым жыл сайын 25 желтоқсанға дейінгі мерзімде жасайтын келесі күнтізбелік жылға білімін біліктілік тексеруге жататын мамандар тізімінің болуы .		
36	Біліміне біліктілік тексеру жүргізу қорытындылары бойынша білімге біліктілік тексеру хаттамасының болуы.		
37	Жедел және жедел-жөндеу персоналымен, энергия қондырғыларын басқаруды жүзеге асыратын жедел басшылармен жұмыс жөніндегі талаптарды мынадай нысандарда сақтау: 1) оқыту; жұмыс орнында тағылымдамадан өту; бастапқы біліктілік білімін тексеру; қайталауды қамтитын жаңа лауазым бойынша даярлау; 2) мерзімді біліктілік білімін тексеру; 3) аварияға қарсы және өртке қарсы бақылау жаттығулары; 4) нұсқамалар; 5) біліктілікті арттыру.		

38	Жөндеу персоналымен келесі нысандарда жұмыс жүргізу: 1) жұмыс өндірісінің қауіпсіз әдістерін үйрету; жұмыс орнында тағылымдамадан өту; бастапқы білімін біліктілік тексеруді қамтитын жаңа лауазым бойынша даярлау; 2) мерзімді білімін біліктілік тексеру; 3) аварияға қарсы және өртке қарсы бақылау жаттығулары; 4) нұсқамалар; 5) біліктілікті арттыру.		
39	Энергия беруші ұйымның басшысы әзірлеген және бекіткен персоналмен жылдық жұмыс жоспарының болуы.		
40	Персоналмен жұмыс жоспарында мынадай бағыттар бойынша іс-шаралардың болуы: персоналды (басшыларды, мамандар мен жұмысшыларды) даярлау, оның ішінде алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша оқудан өту; электр энергетикасы саласындағы білімді біліктілік тексерулер; нұсқау; апатқа қарсы бақылау жаттығулары; біліктілікті арттыру; техникалық кітапханалардың, техникалық кабинеттердің, қауіпсіздік техникасы бойынша кабинеттердің, полигондардың, орталықтардың және тренажерлік даярлау пункттерінің жұмысын ұйымдастыру; жұмыс орындарын тексеру;		

	кәсіби шеберлік бойынша жарыстар өткізу және персоналмен жұмыс істеудің басқа да ұжымдық нысандары; персоналды мерзімді медициналық тексеруден өткізу.		
41	Әрбір лауазым және әрбір жұмыс орны үшін әзірленген және энергия беруші ұйымның бас техникалық басшысы бекіткен үлгілік бағдарламалар бойынша жаңа лауазым бойынша жұмыскерлерді даярлаудың болуы.		
42	Оқу және тағылымдама аяқталғаннан кейін лауазымға тағайындалғаннан кейін бір айдан кешіктірілмейтін мерзімде немесе энергия беруші ұйымның техникалық басшысы бекіткен үлгілік немесе жеке даярлау бағдарламасында көрсетілген мерзімде білімін бастапқы біліктілік тексерудің болуы.		
43	Лауазымдық нұсқаулыққа сәйкес білімін біліктілік тексеруден өтуден бас тартқан, сондай-ақ білімін біліктілік тексеру кезінде электр қауіпсіздігі жөніндегі топ расталмаған жағдайда жұмыскерді еңбек міндеттерін орындаудан шеттету жөніндегі талаптарды сақтау.		
44	Кезектен тыс біліктілік білімін тексеру тағайындалған кезден бастап біліктілікті растау күніне дейінгі кезеңде адамның атқаратын		

	лауазымы бойынша лауазымдық міндеттерін орындауға жол бермеу жөніндегі талаптарды сақтау.		
45	Біліктілікті тексеру жөніндегі орталық комиссия төрағасының мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік органда білімін тексеруден өткен адамның болуы.		
46	Біліктілікті тексеру жөніндегі орталық комиссия құрамында төртіншіден төмен емес электр қауіпсіздігі бойынша рұқсат беру тобы бар кемінде үш адамның болуы.		
47	Жұмыскерді өз бетінше жұмыс істеуге жіберу туралы ұйым немесе құрылымдық бөлімше бойынша өкімдік құжаттың болуы.		
48	Техникалық басшы бекіткен барлық лауазымдар мен мамандықтар үшін қайталама нұскамалар тақырыптарының жылдық тізбесінің болуы.		
49	Жобалық қызметпен айналысуға лицензиясы бар мамандандырылған жобалау ұйымдары әзірлеген "Электр станциясының қуатын беру схемасы" негізінде мәлімделген электр қуаты 5 МВт және одан жоғары желі пайдаланушыларын электр желісіне қосуға техникалық шарттар беру.		
	Энергиямен жабдықтаушы ұйымның электр энергиясын		

50	тоқтатуға (шектеуге) өтінімі болған кезде энергия беруші ұйымның электр энергиясын толық немесе ішінара беруді тоқтатуы жөніндегі талаптарды сақтау.		
51	Электрмен жабдықтау шартының талаптарын бұзғаны үшін ажыратылған тұтынушыны 1 (бір) жұмыс күні ішінде, тұтынушы бұзушылықтың жойылғанын растайтын құжаттарды және қосылу үшін қызметке ақы төлеуді растайтын құжаттарды қоса бере отырып өтініш жасағаннан кейін қосу жөніндегі талаптарды сақтау.		
52	Оған құқығы бар ұйымның алғашқы немесе мерзімдік тексеруі туралы пломбының (таңбасының) немесе пломбалау құрылғысының болуын немесе болмауын, коммерциялық есепке алу аспабының әйнегі мен корпусының тұтастығын, коммерциялық есепке алу аспабының көрсеткіштерін алу кезінде жарты жылда 1 (бір) рет көзбен шолып қарау кезінде энергия беруші ұйым бұрын белгілеген орындарда энергия беруші ұйымның пломбалау құрылғысының болуы немесе болмауын тіркей отырып, еркін нысандағы коммерциялық есепке алуды тексеру туралы актінің болуы.		

53	Тәулігіне 24 сағат пайдалану сағатын ескере отырып, нақты қосылған жүктемеге сүйене отырып, бірақ техникалық шарттарға сәйкес рұқсат етілген қуаттан аспайтын қайта есептеудің болуы, бұл ретте қайта есептеу кезеңі коммерциялық есепке алу аспабын соңғы ауыстырған немесе оны қосу схемасын соңғы аспаптық тексерген күннен бастап барлық уақыт үшін айқындалады, бірақ бір жылдан аспайды.		
54	Меншік құқығын алған сәттен бастап нақты қосылған жүктеме бойынша пайдаланылған энергия көлемін қайта есептеу және актінің болуы, бірақ энергия беруші ұйымдардың электр желілеріне өз бетінше қосылу анықталған кезде бір жылдан аспайды.		
55	Э л е к т р қондырғыларында тұтынушылардың монтаждаудағы кемшіліктер, берілген техникалық шарттардан, жобалық құжаттамадан ж ә н е нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарынан ауытқулар анықталған кезде электр қондырғыларын пайдалануға жол бермеу жөніндегі талаптарды сақтау.		
	Тұтынушы таңдаған энергиямен жабдықтаушы ұйымға электр энергиясын коммерциялық есепке алу жүйесін пломбалау		

актісі берілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде электрмен жабдықтау объектілері кондоминиум құрамында емес тұтынушылармен электрмен жабдықтау шартын жасасу үшін қажетті құжаттарды жолдау бойынша талаптарды сақтау:

1) тұтынушыны электр желілеріне қосу схемасымен электр желілерінің теңгерімдік тиесілігін және тараптардың пайдалану жауапкершілігін ажырату актісінің көшірмелері;

2) энергия беруші (энергия өндіруші) ұйым жасаған электр энергиясын коммерциялық есепке алу жүйесін қабылдау актісінің көшірмесі;

3) мемлекеттік тіркеу туралы анықтаманың көшірмесі (занды тұлғалар үшін), рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімінен үзінді көшірме (жеке кәсіпкерлер үшін) немесе жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (жеке тұлғалар үшін);

4) жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар туралы анықтаманың немесе құқық белгілейтін құжаттың көшірмесі;

5) ұйымның бірінші басшысын қоспағанда, жеке басын куәландыратын құжатты қоса бере отырып, электрмен жабдықтау шартын жасасуға уәкілетті тұлғаға берілген құжаттың (бұйрықтың,

	сенімхаттың, тұлғаның өкілеттігін растайтын құжаттың) көшірмесі (заңды тұлғалар және жеке кәсіпкерлер үшін); 6) техникалық шарттардың көшірмесі; 7) банктік деректемелер (банктің атауы, ағымдағы шоттың №) – заңды тұлғалар ғана ұсынады.		
57	Электр энергиясын коммерциялық есепке алу жүйесін тұтынушы таңдаған энергиямен жабдықтаушы ұйымға пломбалау актісі, электрмен жабдықтау объектілері кондоминиум құрамында болатын тұтынушылармен электрмен жабдықтау шартын жасасу үшін қажетті құжаттар берілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде басқару жөніндегі талаптарды сақтау: 1) кондоминиум құрамындағы тұтынушылар үшін электр желілерінің теңгерімдік тиесілігін және тараптардың пайдалану жауапкершілігін ажырату актісінің көшірмесі; 2) кондоминиум объектісін басқарушы орган немесе энергия беруші ұйым жасаған электр энергиясын коммерциялық есепке алу жүйесін қабылдау актісінің көшірмесі; 3) мемлекеттік тіркеу туралы анықтаманың көшірмесі (заңды тұлғалар үшін), рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімінен үзінді көшірме (жеке кәсіпкерлер үшін); жеке		

	басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (жеке тұлғалар үшін); 4) ұйымның бірінші басшысын қоспағанда, жеке басын куәландыратын құжатты қоса бере отырып, электрмен жабдықтау шартын жасасуға уәкілетті тұлғаға берілген құжаттың (бұйрықтың, сенімхаттың, тұлғаның өкілеттігін растайтын құжаттың) көшірмесі (заңды тұлғалар және жеке кәсіпкерлер үшін); 5) банктік деректемелер (банктің атауы, ағымдағы шоттың №), заңды тұлғалар ғана ұсынады; 6) жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар туралы анықтаманың немесе құқық белгілейтін құжаттың көшірмесі.		
58	Тұтынушының кінәсінен емес коммерциялық есепке алудың бұзылуы анықталған кезде (есепке алу аспабын орнатудың немесе аспаптық тексерудің алдыңғы актісінде көрсетілген пломбалардың тұтастығы мен сәйкестігі жағдайында) электр энергиясын есепке алу құралдары мен схемасы жарамды болған алдыңғы немесе кейінгі есептік кезеңнің орташа тәуліктік шығысы бойынша тұтынуды есептеу туралы талаптарды сақтау (бұл ретте есептеу кезеңі бұзушылық анықталған күннен бастап коммерциялық есепке алу қалпына келтірілген күнге дейін, бірақ күнтізбелік отыз күннен аспауға тиіс).		

59	Сыртқы қосылудың кемшіліктері және орындалған жұмыстардың берілген техникалық шарттарға сәйкес келмеуі анықталған кезде сыртқы қосылуды тексерген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде анықталған кемшіліктер туралы актіні беру жөніндегі талаптарды сақтау.		
60	Құрылыс-монтаж ұйымынан (мердігерден) немесе тұтынушыдан қайта өтініш алған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде сыртқы қосылуды қарап-тексеруді орындау қайта қарап-тексеруден кейін ескертулерді жоймағаны туралы жазбаша нысандағы хабарлама келесі қарап-тексеру 1 (бір) ай өткен соң жүргізілетін болатындығы жөніндегі талаптарды сақтау.		

Лауазымды тұлға (-лар)

лауазымы	қолы	тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)
----------	------	---

лауазымы	қолы	тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)
----------	------	---

Бақылау субъектісінің басшысы

лауазымы	қолы	тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)
----------	------	---

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Ұлттық экономика министрі
2025 жылғы 22 қаңтардағы
№ 4 мен
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
міндетін атқарушы

2025 жылғы 22 қаңтардағы
№ 33-н/қ бірлескен бұйрыққа
6-қосымша

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2019 жылғы 26 тамыздағы
№ 290 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2019 жылғы 27 тамыздағы
№ 78 бірлескен бұйрығына
6-қосымша

Тексеру парағы

Электр энергетикасы саласында
Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138-бабына сәйкес энергетикалық
сараптаманы жүзеге асыратын сараптама ұйымдарына қатысты бақылау
субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобының атауы
Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган

Тексеруді тағайындау туралы акт _____
(№, күні)

Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы _____

(Бақылау субъектісінің (объектісінің) жеке сәйкестендіру нөмірі, бизнес-
сәйкестендіру нөмірі)

Орналасқан жерінің мекенжайы _____

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4
1	Энергетикалық сараптаманы жүзеге асыратын 1-санатты сараптамалық ұйымдардың штатында кемінде бес сарапшы (электр-және жылу энергетиктері), мамандығы бойынша электр энергетигі немесе жылу энергетигінің жоғары инженерлік-техникалық білімі және мамандығы бойынша кемінде үш жыл жұмыс өтілі немесе		

	электр энергетигінің немесе жылу энергетигінің орта техникалық және кәсіптік (орта арнайы, орта кәсіптік) білімі және мамандығы бойынша кемінде бес жыл жұмыс өтілі, сондай-ақ электр қауіпсіздігі бойынша рұқсаттама тобының (IV және одан жоғары топтар) бар болуы.		
2	Энергетикалық сараптаманы жүзеге асыратын 1-санатты сараптамалық ұйымдардың энергетикалық сараптама жүргізу саласында кемінде үш жыл жұмыс тәжірибесінің болуы.		
3	Энергетикалық сараптаманы жүзеге асыратын 2-санатты сараптамалық ұйымдардың штатында кемінде үш сарапшы (электр- және жылу энергетиктері), мамандығы бойынша электр энергетигі немесе жылу энергетигінің жоғары инженерлік-техникалық білімі және мамандығы бойынша кемінде үш жыл жұмыс өтілі немесе электр энергетигінің немесе жылу энергетигінің орта техникалық және кәсіптік (орта арнайы, орта кәсіптік) білімі және мамандығы бойынша кемінде бес жыл жұмыс өтілі, сондай-ақ электр қауіпсіздігі бойынша рұқсаттама тобының (IV және одан жоғары топтар) бар болуы.		
	Энергетикалық сараптаманы жүзеге		

4	асыратын 2-санатты сараптамалық ұйымдардың энергетикалық сараптама жүргізу саласында кемінде екі жыл жұмыс тәжірибесінің болуы.		
5	Энергетикалық сараптаманы жүзеге асыратын 3-санатты сараптамалық ұйымдардың штатында кемінде екі сарапшысы (электр- және жылу энергетиктері), мамандығы бойынша электр энергетигі немесе жылу энергетигінің жоғары инженерлік-техникалық білімі және мамандығы бойынша кемінде үш жыл жұмыс өтілі немесе электр энергетигінің немесе жылу энергетигінің орта техникалық және кәсіптік (орта арнайы, орта кәсіптік) білімі және мамандығы бойынша кемінде бес жыл жұмыс өтілі, сондай-ақ электр қауіпсіздігі бойынша рұқсаттама тобының (IV және одан жоғары топтар) бар болуы.		
6	Энергетикалық сараптаманы жүзеге асыратын барлық санаттағы сарапшы ұйымдарда меншік құқығында немесе өзге заңды негізде мынадай өлшем құралдарының болуы 1) ток қармауыштары; 2) мегаомметр; 3) микроомметр; 4) электрэнергиясы сапасының талдағышы; 5)жерге тұйықтауыш құрылғылардың кедергісін өлшеу аспабы;		

	6) жоғары кернеумен сынау аспабы; 7) "ноль-фазасы" тізбегінің бір фазалы қысқа тұйық талутогын өлшеуаспабы; 8) жылу көргіш; 9) ультрадыбысты сұйықшығынын өлшеуіш ; 10) түйіспесіз (инфрақызыл) термометр; 11) түйіспелі термометр; 12) газталдағыш.		
7	Сараптамалық ұйымның энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдар мен электр және жылу энергиясын тұтынушылардың 1-санатты энергетикалық сараптамасын жүргізуі.		
8	Сараптамалық ұйымның э л е к т р қондырғыларының қуаты 500 киловольтамперге дейін және (немесе) жылу қондырғыларының 1 Гигакалорий/сағ дейін қосылған электр және жылу энергиясын тұтынушылардың 2-санатты энергетикалық сараптамасын жүргізуі.		
9	Сараптамалық ұйымның э л е к т р қондырғыларының қуаты 100 киловольтамперге дейін және (немесе) жылу қондырғыларының 1 Гигакалорий/сағ дейін қосылған электр және жылу энергиясын тұтынушылардың 3-санатты энергетикалық сараптамасын жүргізуі.		
	Жүргізілген энергетикалық сараптама нәтижелері бойынша жасалған, онда сараптама жүргізу мәні бойынша сарапшылардың дәлелді, негізделген және толық		

10	қорытындылары көрсетілген, сондай-ақ сараптама ұйымының басшысы бекіткен және мөрімен расталған сараптамалық қорытындының болуы.		
11	Кіріспе, айқындаушы және қорытынды бөліктерден тұратын энергетикалық сараптама қорытындысының мәтінінің болуы: 1) энергетикалық сараптама қорытындысының кіріспе бөлігінде құжаттың жасалған орны мен күні, сарапталатын ұйымның толық атауы, оның басшысының лауазымы, тегі және аты-жөні, энергетикалық сараптама жүргізудің атауы мен уақыты, сондай-ақ энергетикалық объектінің тексерілетін жабдықтарының тізбесі туралы мәліметтердің мазмұны; 2) энергетикалық сараптама қорытындысының айқындаушы бөлігінде тексерілетін жабдық пен энергетикалық объектінің нақты жай-күйін, сараптама ұйымы анықтаған және сараптама жұмыстары кезеңінде жойылған бұзушылықтар мен кемшіліктер туралы ақпаратты көрсету; 3) қорытынды бөлігінде нормативтік құқықтық актінің нақты тармағына сілтеме жасай отырып, электр энергетикасы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына анықталған		

	сәйкессіздікті жою жөніндегі іс-шараларды баяндау.		
12	Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік органға берілген энергетикалық сараптама жүргізуге қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламаның болуы.		
13	Берілген сараптамалық қорытындының сараптамалық жұмыстар кезеңінде зерттелетін жабдықтың және энергетикалық объектінің нақты жай-күйіне сәйкес келмеуі.		

Лауазымды тұлға (-лар)

лауазымы	қолы	тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)
----------	------	---

лауазымы	қолы	тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)
----------	------	---

Бақылау субъектісінің басшысы

лауазымы	қолы	тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)
----------	------	---

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Ұлттық экономика министрі
2025 жылғы 22 қаңтардағы
№ 4 мен
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
міндетін атқарушы
2025 жылғы 22 қаңтардағы
№ 33-н/қ бірлескен бұйрыққа
7-қосымша
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2019 жылғы 26 тамыздағы
№ 290 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2019 жылғы 27 тамыздағы
№ 78 бірлескен бұйрығына
7-қосымша

Энергия өндіруші ұйымдарға қатысты электр энергетикасы саласындағы тексеру парағы

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді/профилактикалық бақылауды тағайындаған мемлекеттік орган

Бақылау субъектісіне (объектісіне) барып тексеруді/профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акт _____

(№, күні)

Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы _____

(Бақылау субъектісінің (объектісінің) жеке сәйкестендіру нөмірі, бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

Орналасқан жерінің мекенжайы _____

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4
1	Энергетикалық кәсіпорында мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік органға немесе жергілікті атқарушы органға (құзыреті бойынша) жіберілген нысан бойынша технологиялық бұзушылықтар туралы жиынтық есептіліктің ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың жетінші күніне дейін болуы.		
2	Технологиялық бұзушылық туындаған сәттен бастап 1 (бір) сағат ішінде Қазақстан Республикасының Бірыңғай электр энергетикалық жүйесінде орын алған технологиялық бұзушылықтар мен жазатайым оқиғалар туралы жедел хабар алмасу жөніндегі мобильді бағдарламалар арқылы қайталай отырып, телефонмен арқылы		

	жедел хабарламаның болуы.		
3	Облыстар мен Астана, Алматы, Шымкент қалалары бойынша мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі органның тиісті аумақтық департаментіне және жергілікті атқарушы органға және жүйелік операторға жіберілген энергетикалық кәсіпорынның технологиялық бұзушылық туындаған сәттен бастап 12 (он екі) сағаттан кешіктірілмейтін мерзімде жазбаша хабарламасының болуы.		
4	Мынадай мәліметтерді қамтитын жедел және жазбаша хабарламалардың болуы: 1) энергетикалық кәсіпорынның атауы, технологиялық бұзушылықтың, жазатайым оқиғаның туындаған күні мен уақыты; 2) технологиялық бұзушылықтың, жазатайым оқиғаның болжамды себептері; 3) пайдаланылған қорғаулар, автоматика және бұғаттау тізбесі; 4) істен шыққан және жұмыста қалған жабдықтардың тізбесі; 5) технологиялық бұзушылықтың салдары: бүлінген жабдықтың көлемі, жіберілмеуі, ажыратылған тұтынушылар саны, технологиялық бұзушылықты жою уақыты;		

	6) ақпаратты берген адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) және лауазымы.		
5	Технологиялық бұзушылықтарды тергеу кезінде зерттеу және бағалау үшін авариялардың туындауының, дамуының барлық себептерін сипаттаудың болуы: 1) объектілер мен оларды пайдалану ұйымдарының қауіпсіздік, техникалық жай-күй және пайдалану жөніндегі талаптарға сәйкестігі; 2) жөндеу, профилактикалық тексерулер мен сынақтар жүргізу, жабдықтың жай-күйін бақылау сапасы мен мерзімдері; 3) жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде технологиялық тәртіпті сақтау; 4) авариялық ошақтар мен жабдықтың ақауларын жою жөнінде шаралар қабылдаудың уақтылығы.		
6	Істен шығу кезіндегі технологиялық бұзушылықтарды тергеу кезінде зерделеу және бағалау үшін энергия өндіруші ұйымның объектілерінде I және II дәрежелі істен шығулардың туындауының, дамуының барлық себептерін сипаттаудың болуы: 1) объектілер мен оларды пайдалану ұйымдарының қауіпсіздік, техникалық жай-күй және пайдалану жөніндегі талаптарға сәйкестігі;		

	2) жөндеу, профилактикалық тексерулер мен сынақтар жүргізу, жабдықтың жай-күйін бақылау сапасы мен мерзімдері; 3) жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде технологиялық тәртіпті сақтау; 4) авариялық ошақтар мен жабдықтың ақауларын жою жөнінде шаралар қабылдаудың уақтылығы.		
7	Технологиялық бұзушылықтардың техникалық себептерінің жіктеу белгісінің болуы: 1) қондырғы материалының, оның бөлшегінің немесе торабының құрылымын бұзу; 2) балқытып біріктіруді, дәнекерлеуді бұзу; 3) механикалық қосылыстың бұзылуы; 4) механикалық тозу; 5) күлдің тозуы; 6) коррозиялық тозу; 7) эрозиялық тозу; 8) герметикалықтың бұзылуы; 9) дірілдің нормативтік мәнінен асып кету; 10) жарылыс; 11) термиялық зақымдану, қызып кету, күйіп қалу; 12) электр доғасының зақымдануы; 13) электр оқшаулауының бұзылуы; 14) электр байланысының бұзылуы; 15) механикалық бұзылу (зақымдану); 16) жану немесе өрт; 17) электр желісінің тұрақтылығын бұзу; 18) аварияға қарсы автоматиканы бұзу;		

	19) жіктелмеген себептер (ресурстың сарқылуы, қож және басқалар); 20) өндірісті диспетчерлік және технологиялық басқару жүйелерінің жұмысындағы бұзушылықтар.		
8	Технологиялық бұзушылықтардың ұйымдастырушылық себептерінің жіктеу белгілерінің болуы: 1) жедел персоналдың қате әрекеттері; 2) жедел емес персоналдың қате әрекеттері; 3) энергия кәсіпорнының және (немесе) оның құрылымдық бөлімшелерінің басшы персоналының жұмысындағы кемшіліктер; 4) жабдыққа техникалық қызмет көрсету мен жөндеуді қанағаттанарлықсыз ұйымдастыру; 5) пайдаланудың басқа да кемшіліктері; 6) жобаның ақаулары; 7) конструкцияның ақаулары; 8) дайындау ақаулары; 9) монтаждау ақаулары; 10) жөндеу ақаулары; 11) құрылыс ақаулары; 12) табиғи құбылыстардың әсері; 13) бөгде адамдар мен ұйымдардың әсері; 14) жіктелмеген себептер (пайдаланудағы жабдықтың пайдаланудың нормативтік мерзімінен жоғары тозуы, құстардың, кеміргіштердің әсері).		

9	Қызмет ету мерзімін аяқтамаған жабдықтың зауыттық ақауларына байланысты зақымдануы; электр станциясының жүктемені толық түсіруі; 110-1150 киловольт (бұдан әрі – кВ) электр желілерінің, сондай-ақ 110 кВ және одан жоғары қосалқы станциялардың негізгі жабдықтарының зақымдануына байланысты II дәрежелі істен шығулардың болуы.		
10	Технологиялық бұзушылықтар туындаған сәттен бастап келесі жұмыс күнінен бастап есептелетін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей басталатын және күнтізбелік 30 күннен аспайтын технологиялық бұзушылықтарға тергеп-тексеру жүргізу мерзімдерін сақтау.		
11	Технологиялық бұзушылықты тергеп-тексеруді аяқтау мүмкін болмаған жағдайларда 30 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге ұзартылған тергеп-тексеру мерзімдерін сақтау.		
12	Ұйымдар көрсетілетін қызметті берушіге жыл сайын 1 (бірінші) желтоқсанға дейінгі мерзімде жіберген электр қондырғыларының келесі күнтізбелік жылға техникалық жай-күйі мен пайдалану қауіпсіздігін бақылау үшін электр және жылу энергиясын өндіруді, беруді жүзеге асыратын ұйымдардың басшыларында, мамандарында техникалық пайдалану		

	қағидалары мен техника қауіпсіздігі қағидаларын білуін біліктілік тексеруге жататын басшылар тізімінің болуы .		
13	Көрсетілетін қызметті алушылар құрған және жыл сайын 1 (бірінші) тамыздан бастап дайындық актісін дайындау үшін жұмысты бастайтын күзгі-қысқы кезеңде көрсетілетін қызметті алушының жұмысқа дайындығын бағалау жөніндегі комиссияның болуы.		
14	Көрсетілетін қызметті алушының комиссиясы 1 (бірінші) тамыздан бастап 30 (отызыншы) қыркүйекті қоса алғандағы кезеңде айқындаған күзгі-қысқы кезеңде жұмысқа әзірлігінің болуы.		
15	Көрсетілетін қызметті алушылардың дайындық паспортын алу мерзімін сақтауы – жыл сайын 19 (он тоғызыншы) қазанға дейін.		
16	Мыналардың: 1) негізгі және қосалқы жабдықтарды сынамалық іске қосумен аяқталған жабдықтарды жеке сынау және жекелеген жүйелерді функционалдық сынаудың; 2) энергия объектісін (іске қосу кешенін) пайдалануға қабылдау алдында жүргізілген жабдықтарды кешенді сынаудың болуы.		
	Жедел хабар алмасу бойынша мобильді бағдарламалар арқылы қайталай отырып телефон арқылы		

17	технологиялық бұзушылық туындаған сәттен бастап 1 (бір) сағат ішінде берілген э н е р г и я кәсіпорындарының жедел хабарламасының болуы.		
18	Энергетикалық кәсіпорындардың технологиялық бұзушылық туындаған кезден бастап 12 (он екі) с а ғ а т т а н кешіктірілмейтін мерзімде облыстар мен Астана, Алматы, Шымкент қалалары бойынша Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі органның тиісті аумақтық департаментіне және жергілікті атқарушы органға және жүйелік операторға жіберілген жазбаша хабарламасының болуы.		
19	Тұтынушыдан өтінім алғаннан кейін жаңадан енгізілетін немесе қайта жаңартылатын электр қондырғыларын қосуға энергия өндіруші ұйымдар берген техникалық шарттардың мынадай мерзімдерде: 1) қуаты 200 киловатқа дейін (бұдан әрі - кВт) - 5 жұмыс күні ішінде; 2) қуаты 200 - ден 1000 кВт-қа дейін -10 жұмыс күні ішінде; 3) қуаты 1000 кВт жоғары - 15 жұмыс күні ішінде болуы.		
20	Мәлімделген қуаты 10 мегаваттан (бұдан әрі – МВт) жоғары электр желісін пайдаланушыны энергия өндіруші ұйымның электр желісіне қосу кезінде жүйелік оператормен келісілген		

	техникалық шарттардың болуы.		
21	Электр энергетикасы саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау органының өкілеттіктерін жүзеге асыру үшін сұратылатын және қажетті энергия өндіруші ұйым ұсынған уақтылы, анық және толық ақпараттың болуы.		
22	Тұтынушыға (тұтынушыға, тұтынушыға) электр энергиясын жеткізу тоқтатылғанға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын мерзімде шарттың акцептінде көрсетілген тәсілдермен (электрондық пошта, факс, пошта жөнелтілімі, қысқа мәтіндік хабарлама, мультимедиялық хабарлама, қолданыстағы мессенджерлер) хабарлама жіберу арқылы электр энергиясын беруді тоқтату (шектеу) туралы жазбаша ескертудің болуы (электр энергиясын тұрмыстық қажеттіліктер үшін кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын пайдаланатын тұтынушы).		
	Энергия беруші немесе энергия өндіруші ұйымдардың тұтынушыға электр энергиясын толық беруді мынадай жағдайларда алдын ала ескертусіз тоқтату талаптарын сақтау: 1) энергия өндіруші ұйымның электр желісіне электр энергиясының қабылдағыштарын өз еркімен жалғау;		

23	2) электр энергиясының коммерциялық есепке алу құралдарынан басқа (есепсіз) электр энергиясының қабылдағыштарын қосу; 3) тұтынушының кінәсінен электр энергиясы сапасының көрсеткіштерін энергия өндіруші ұйымның және басқа тұтынушылардың электр қондырғыларының қызметін бұзатын мәнге дейін түсіру; 4) энергия өндіруші ұйымның және энергетикалық қадағалау және бақылау органының өкілдерін жұмыс уақытында тұтынушының электр энергиясын коммерциялық есепке алу құралдары мен электр қондырғыларына жібермеу (іссапарға жіберілген жұмыскер құқығында); 5) авариялық жағдайда.		
24	Электр энергиясын тұтынушыға бұзушылық туралы еркін нысанда жасалған актінің болуы және мынадай бұзушылықтар кезінде қайта есептеуді жүргізу: 1) энергия өндіруші ұйымның желілеріне өз еркімен қосылу; 2) электр энергиясын коммерциялық есепке алу аспабынан (бұдан әрі – КЕАА) басқа электр энергиясын қабылдағыштарды қосу; 3) КЕАА, ток трансформаторларын және кернеуді қосу схемасының өзгеруі; 4) КЕАА жасанды дискісін тежеу;		

	5) КЕАА көрсеткіштерін бұрмалайтын құралдарды орнату.		
25	Энергия өндірісін өндірістік-технологиялық, жедел-диспетчерлік және ұйымдастырушылық-экономикалық басқару міндеттерін шешуді қамтамасыз ететін автоматтандырылған басқару жүйелерінің болуы, атап айтқанда: 1) технологиялық процестерді басқарудың автоматтандырылған жүйесіне; 2) диспетчерлік басқарудың автоматтандырылған жүйесіне; 3) өндірісті басқарудың автоматтандырылған жүйесіне жүктеледі.		
26	Энергия өндіруші ұйымның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметтері басшылары мен мамандарының білімін мерзімді (кезекті) біліктілік тексеруден үш жылда кемінде бір рет өту мерзімін сақтау.		
27	Жылына кемінде бір рет энергия өндіруші ұйымының әкімшілік-техникалық персоналын қоспағанда, электр техникалық және электр технологиялық персоналдың, оның ішінде жедел келіссөздер мен қайта қосуды жүргізуге құқығы бар басшылар мен мамандардың білімін мерзімді (кезекті) біліктілік тексеруден өту мерзімін сақтау.		
	Келесі күнтізбелік жылға білімін біліктілік		

28	тексеруге жататын басшылардың тізімін Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетіне жыл сайын 1 желтоқсанға дейін жіберу мерзімін сақтау.		
